Әдебиет - ардың ісі

Ұш қоңыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-k.kz №49-50 (310) 9 желтоқсан 2016 жыл

Жер қойнынан қара алтын өндіретін Атырау аймағы күздің соңына таман театр тылсымына үңілдіріп, рухани азық сыйлатыны былтырдан бері дәстүрге айналды. «Алтын шыққан жерді терең қаз» деп қазақ бекер айтпаған екен. Осы өлкенің төл тумасы, көрнекті жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шығыс Айтматов атындағы сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Атырау қаласының Құрметті азаматы Рахымжан ОТАРБАЕВТЫҢ қаламынан шыққан дара дүниелер сахна арқылы халқына маржан боп шашылды.

РАХЫМЖАННЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ АТЫРАУДЫ ТАҒЫ ШАРПЫДЫ

Облыс әкімдігінің қолдауымен Атырауда, Махамбет атындағы облыстық қазақ драма театрында қарашаның 27-30 аралығында көрнекті жазушы-драматург Рахымжан Отарбаевтың халықаралық театр фестивалі жоғары дәрежеде дүркіреп өтті.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шығыс Айтматов атындағы сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері, Атырау қаласының Құрметті азаматы Рахымжан Отарбаевтың шығармаларын арқау еткен фестиваль төрт күнге созылды. Еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелдерден келген театр ұжымдары Рахаңның әртүрлі тақырыптар мен жанрлардағы шығармаларын сахна өнерінде кеңінен көрсетіп көрермендерге тарих тереңінен сыр шертетін танымдық дүниелер сыйлады. Театр фестивалінің ашылу салтанаты мен қорытынды кешіне де облыс әкімі Нұрлан Ноғаев қатысып, салиқалы сөз сөйледі, мерейтой иесін құттықтады. Ол биыл екінші мәрте өткізіліп отырған театр фестивалінің ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойымен және Тұңғыш Президент күнімен тұспа-тұс келгенін айырықша атап өтті. Елбасының өзі тікелей қолдап, мәдени салада белсенділік танытып, өзі тың бастама көтеріп, бүгінгі таңда Қазақстанның өркендеуіне, зор табыстарға жетуіне бар күш-жігерін жұмсап, «Мәдени мұра» бағдарламасын енгізгенін, сол арқылы тарихты, өнерді қайта зерделеу үрдісі жаңғырып бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатырғандығын, өткізіліп отырған халықаралық театр фестивалі соның анық көрінісі екендігіне тоқталды. Ел егемендігінің баянды болуы жолында қаламды серік етіп, аянбай тер төгіп жүрген бірқатар тұлғалардың қатарында бүгінде осы фестивалдің шашбауын көтеріп залда отырған Асанәлі Әшімов, Ақұштап Бақтыгереева, Есмұхан Обаев, Иран-Ғайып және басқаларының еңбектерін ерекше атауға болады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Рухы биік, ойы азат халық қана тәуелсіз бола алады» — деген сөзі бар, сондықтан да ата-баба аңсаған тәуелсіздікті мәңгілік етуде, елдің ертеңі жарқын болуы үшін аянбай тер төгуіміз керек, — деді Нұрлан Асқарұлы. Сондай-ақ, ол осынау шараға орай ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Бақтықожа Салахатдинұлынан келген құттықтау хатты да оқып, фестиваль иесіне табыстады.

Фестивалде көрсетілген қойылымдардың ішінде бірегейі, салмақтысы – Рахымжан Отарбаевтың «Хан Жәңгір» қойылымы болды. Бұл тарихи қойылым бұрын көрсетілмеген, айтылмаған тың деректерге толы.

Жалғасы 3-бетте

«КӨШБАСШЫ – 2016» СЫЙЛЫҒЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні мен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Талдықорғандағы «Жастар» Спорт сарайында Алматы облысы әкімінің жыл сайынғы «Көшбасшы – 2016» сыйлығы салтанатты түрде тапсырылды. Бұл сыйлық әр түрлі салада белсенді еңбек ететін жастарды ынталандыру мақсатында беріледі.

Салтанатты жиынға қатысушыларды Алматы облысының әкімі Амандық БАТАЛОВ құттықтады. Ол өз сөзінде мемлекет қолдауының арқасында жастарға барлық мүмкіндіктер жасалып отырғанын, сондықтан жастардың ең басты міндеті жақсы оқып, еңбектенуден шаршамай, алға қарай ұмтылу екеніне тоқталып өтті.

- Сіздердің әрқайсыларыңыз да әлемдегі ең ақылды, ең таланатты адамсыздар. Кейде өзгелер әлдеқайда талантты сияқты көрінгенімен, бәрі өз қолдарыңызда екенін ұмытпаңыздар. Жастардың жалынды энергиясы, батыл шешімдері, жарқын идеялары, мақсатқа жетудегі табандылықтары қоғам үшін әрқашан құнды. Бүгін біз өз таланттарын дұрыс бағыттап, түрлі салада биік жетістіктерге жетіп жүрген, өз ісінде көшбасшы бола білген жастарды марапаттағалы отырмыз. Бұл – үлкен жетістік. Сіздерді бүгінгі марапаттарыңызбен шын жүректен құттықтаймын. Бұдан кейін де биік шыңдарды бағындырып,Ұлт Көшбасшысымен бірге жаңа жеңістерге жете беріңіздер! – деді А. БАТАЛОВ.

Облыс әкімі құттықтау сөзінен кейін жастар сыйлығының жеңімпаздарына дипломдар мен ақшалай сыйлықтарды табыс етті.

Мәселен, «Үздік жас журналист» номинациясында «ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігінің және «31» телеарнасының меншікті тілшісі Самал Қабышева, «Үздік жас өнерпаз» аталымында «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ән-би ансамблінің жеке дауыстағы әншісі Мади Мұсафировжүлдегер болса, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған «Асар» фитнес-клубының директоры Елдос Баялышбаев «Үздік жас кәсіпкер», Ұйғыр ауданы Шонжы ауылдық округіндегі мал дәрігерлік пунктінің мал дәрігері Ардақ Айтбаев «Үздік жас ауыл шаруашылығының маманы», І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті заң факультетінің аға оқытушысы Тимур Жұмағұлов «Үздік жас ғалым», Панфилов ауданы Абай атындағы мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ұлдана Бегімбекова «Үздік жас ұстаз», Алакөл ауданындағы № 26 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі Ерсұлтан Сейдахметұлы «Жас батыр» атанды.

2016 жылдың жаңа көшбасшылары атанған әртүрлі саланың 17 жас маманы жиналған көпшілікті алдағы мемлекеттік мерекелермен құттықтап, өздеріне көрсетілген қолдаулар үшін зор ризашылықтарын білдірді.

Шара соңында танымал қазақстандық эстрада әншілерінің концерті ұсынылды.

Жалпы, жастар сыйлығы жыл сайын 17 номинация,атап айтқанда, «Үздік жас мемлекеттік қызметкер», «Үздік жас саясаткер», «Үздік жас өнерпаз», «Үздік жас кәсіпкер», «Үздік жас спортшы», «Үздік жас ауыл шаруашылығының маманы», «Үздік жас әскери қызметкер», «Үздік жас ғалым», «Үздік жас маман», «Үздік жас дәрігер», «Үздік жас ұстаз», «Үздік ерікті», «Үздік студент», «Жас батыр», «Үздік жас журналист», «Үздік «Жасыл ел» сарбазы», «Жас ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының үздік көшбасшысы» аталымдары бойынша өтеді.

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЕЛБАСЫ МҮСІНІ ОРНАТЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВТЫҢ мүсінінің салтанатты ашылуы өтті. Айта кету керек, осыдан біраз уақыт бұрын Президенттің мүсінін орнату туралы бастаманы жетісулық ардагерлер көтеріп, ол облыстық мәслихат депутаттарының қызу қолдауына ие болған еді. Осы игі бастама жүзеге асырылып Елбасы мүсіні Талдықорғанның орталық алаңындағы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің скверіне орнатылды.

Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен басталып, мүсіннің ашылуына орай шашу шашылды. 1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күнімен және айтулы оқиғамен көпшілікті облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ құттықтады.

- Президентіміздің көпқырлы қызметінің ауқымдылығы, биік беделі Қазақстанның әрбір азаматына етене таныс. Біз, Алматы облысының тұрғындары Елбасының мүсінін орната отырып, өзіміздің шынайы ықыласымызды, риясыз алғысымызды, зор құрметімізді білдіреміз. Мемлекет басшысының мүсіні өзінің туған жерінде орнатылуы заңдылық. Тәуелсіздіктің 25 жылында Ұлт Көшбасшысы қазақстандық қоғамның біріктіруші факторы, тұрақтылықтың, гүлдену мен өркендеудің символына айналды, - дей келе көпшілікті осы айтулы оқиғамен құттықтап ақ тілегін айтты.

Мұнан кейін Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, Алматы облысының Құрметті азаматы, ардагер Наурыз Қылышбаев Елбасының ерен еңбегінің, салиқалы саясатының жемісін көріп отырған ел ағасы ретінде ыстық лебіздерін білдірді.

- «Көшбасшысы батыр болса, сарбаздары батыл болады» дегендей, Қазақ елі өркениетті елу елдің қатарынан өзіне лайықты орын алды. Енді дамыған отыз елдің қатарына қосылу – Елбасының ғана емес, барша қазақстандықтардың басты міндеті. Темірқазық нысанадан көріну – абыройлы да айбынды елге тән қасиет. Міне, осы ретте жетісулықтар іріліктің де, ұлылықтың да үлгісін көрсетіп келеді. Енді, міне, қабырғалы Қазақ елінің атын әлемге паш етіп, асыл мұратына жеткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жерлестерімен қауышып тұр.Тәуелсіздікті баянды ету жолында бір атаның балаларындай жұмылып, жанартаудай жарқылдауға шақырып тұр! Ендеше іске сәт! - деді Н. Қылышбаев.

Мұнан соң сөз алған «Хильниченко и К» командиттік серіктестігінің директоры Виктор Хильниченко:

- Мен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен 20 жылдан бері жақсы таныспын. Ол еліміздегі ауыл шаруашылығының дамуын қалт жібермей қадағалап отырады. Қолдау көрсетіп, кеңес береді, оның дамуындағы жаңа жетістіктерді ешқашан назардан тыс қалдырған емес.

Мен осындай көпқырлы, талантты, көреген мемлекет басшысымен тілдесуге, пікірлесуге мүмкіндік жасаған тағдырыма ризамын. Және Алматы облысы тұрғындарымен бірге Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Президент ретіндегі, беделі зор әлемдік саясаткер ретіндегі еңбегі үшін облысымызда, өзінің туған жерінде мүсіні орнатылғанына қуаныштымын, - деді.

Жастардың атынан құттықтау сөз сөйлеген І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенті Айзада Оразалы өз сөзінде Елбасының жастарға жасап отырған қамқорлығы, білім алуға, еңбек етуге жасалған зор мүмкіндіктері жайлы айта келе, жастар Елбасымызды мақтан тұтып қана қоймай, келешек ұрпақ үшін жасалып жатқан жақсылықтарды дұрыс бағытқа пайдалана біліп, еселеп қайтаруы қажеттігін атап өтті. Жер жаннаты Жетісу жерінде бой көтеріп отырған Көшбасшымыздың мүсінінің ашылуы – барша қазақ жұрты үшін үлкен қуаныш екенін жеткізіп, сөзінің соңын «Ұлы Даланың Ұлт көшбасшысы Елбасымыз Мәңгі жасай берсін!» деген жалынды тілекпен аяқтады.

Салтанатты шара концерттік бағдарламамен жалғасты.

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕЛБАСЫ
3-бет

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ АСТЫНДА...
4-бет

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҰҒЫРЛЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ
10-бет

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘҢГІЛІК МАҚТАНЫШЫ
11-бет

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА - 25 БАЛАБАҚША

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «25 жұлдызды күн» аясында Алматы облысында бір күнде 2385 орынды 25 заманауи балабақша ашылды. Жаңа балабақшалар Іле, Қаратал, Жамбыл, Панфилов, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандары мен Талдықорған қаласында іске қосылды.

Қаратал ауданы Үштөбе қаласында ашылған 320 орынды «Балбөбек» балабақшасы «Нұрлы жол» бағдарламасымен салынған. Білім беру мекемесінің ашылу салтанатына облыс әкімі А.Баталов қатысып, құттықтады.

- Бүгін Тұңғыш Президент күнінің қарсаңында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «25 жұлдызды күн» аясында біз облыс бойынша заманауи 25 балабақша ашып отырмыз. Бұл облыс тұрғындары үшін аса маңызды, әрі үлкен шара, - деді А. Баталов.

Мұнан соң облыс басшысы Мемлекет басшысының балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту туралы тапсырмасын орындау бағытында өңірде ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті. Мәселен, биылғы жылдың өзінде ғана облыста 97 балабақша пайдалануға берілген, оның 88-і – жекеменшік. Сондай-ақ облыс әкімі мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы мектепке дейінгі мекемелер ашу ісі жақсы жолға қойылғанын, бүгінгі күні балаларды балабақшамен қамту көрсеткіші 87 % құрап отырғанын айтты.

- Бүгінгі ашылып отырған балабақшалардың барлығы да жаңа талаптарға сай, мұнда балалардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Мұндағы мүмкіндіктер кішкентай балдырғандардың ақылды, алғыр болып өсуіне ықпал ететініне сенемін. Шын жүректен баршаңызды Тұңғыш Президент күнімен және Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен құттықтаймын! Зор денсаулық, толайым табыс, отбасыларыңызға береке тілеймін, - деп сөзін қорытындылады А.Баталов.

Құттықтау сөз сөйлеген ардагер педагог Ұлболсын Досмолданова балаларға үшін мемлекет тарапынан жасалып отырған барлық қолдауларға ризашылығын білдіре келе:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен білім – жаңа білім мен табысқа жетудің алғашқы баспалдақтары. Облыста жаңа, заманауи балабақшалардың ашылып жатқанына қуаныштымын, - деді.

Құттықтау сөзден кейін А.Баталов тұрғындармен бірге балабақша ғимаратын аралап көрді. Топтардың жұмысымен танысып, асхана, музыкалық залда болды. Балалардың әзірлеген концерттік нөмірлерін тамашалап, оларға ойыншықтар мен естелік сыйлықтар табыс етті.

Жалпы, осы күні 25 балабақшаның басым бөлігі Алматы қаласының маңында орналасқан халық тығыз қоныстанған аудандарда ашылғанын атап өту керек. Мәселен, Талғар ауданында (Талғар қаласы, Амангелді, Қызыл Ту, Рысқұлов, Талдыбұлақ, Тұздыбастау, Еркін ауылдары) жалпы саны 800 орынды 9 балабақша, Іле ауданында (Өтеген батыр кенті, Жаңадәуір, Байсерке, Қоянқұс ауылдары) 520 орынды 7 балабақша, Жамбыл ауданында (Үмбетәлі, Ұзынағаш ауылдары) 470 орынды 4 балабақша, сол сияқты Еңбекшіқазақ ауданында (Жаңашар, Түрген ауылдары) 2-еу, Талдықорған қаласында және Панфилов (Пенжім ауылы), Қаратал аудандарында (Үштөбе қаласы) балабақша бір-бірден ашылды.

Аталған балабақшалар ашылғаннан кейін облыста 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамту деңгейі Жамбыл ауданында 94,2 %, Талғар ауданында – 89,0 %, Панфилов – 85,1 %, Іле – 84,1 %, Еңбекшіқазақ – 82 %, Талдықорған қаласында 87 % көрсеткішке жетті.

Қаратал ауданында ашылған 320 орынды балабақшаны есепке алғанда, Қаратал ауданында бұл көрсеткіш 92 % құрап отыр. Бұл балабақшаның құрылысы Ұлттық қордан бөлінген 738 млн. теңгеге «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде жүргізілді. Бұл балабақшадағы 16 топқа 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар қабылданады. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде. Бір топ инклюзивті, яғни тілінде мүкісі бар балалармен жұмыс істесе, екіншісі санаторлық-сауықтыру, яғни денсаулығы әлсіз, жиі ауыратын балаларды тәулік бойы тәрбиелеп, сауықтырмақ. Екі қабатты ғимараттағы муызкалық және гиманстика залдары ең соңғы үлгідегі құралдармен жабдықталған. Мұнда ойын залы, жатын бөлме, медициналық кабинет, психолог, логопед, бөлмелері, физиотерапия кабинеті қарастырылған.

Балабақша ауласында ойын алаңы, футбол, баскетбол алаңдары бар. Ас әзірлеу, кір жуу бөлмелерге қажетті жабдықтар түгел қойылған.

Естеріңізге салсақ, Тәуелсіздік жылдары Алматы облысында мектепке дейінгі мекемелер саны 47-ден 903-ке дейін артты, балаларды балабақшамен қамту деңнгейі 3,1-ден 87 %-ке дейін өсті. Мұндай сапалық көрсеткішке мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін қолдану арқылы қол жеткізілді. Алматы облысында жекеменшік балабақшалар 61,2 %-ды құрайды.

Сөйтіп, бүгінгі күні Алматы облысында 182 мемлекеттік, 288 жекеменшік балабақшалар, 433 мектеп жанындағы шағын орталықтар 64,2 мың баланы тәрбиелеп отыр.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА - ЖАҢА ГЭС

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Алматы облысында жаңа шағын ГЭС ашылды. Сарқан ауданының Лепсі өзенінде қуаттылығы 17 МВт болатын шағын ГЭС-2 іске қосылды. Жаңа нысанның салтанатты ашылуына облыс әкімі Амандық Баталов қатысты.

Нысанның ашылуында А.Баталов Қазақстандағы тау суларының гидроэнергетикалық қорының 65 % Алматы облысында екенін тілге тиек етіп, облыста су және жел энергетикасын дамытудың арнайы бағдарламасы әзірленгенін, соның аясында жаңа ГЭС ашылып отырғанын атап өтті.

- Осы ГЭС-ті іске қосудың нәтижесінде өңірдегі электр энерегиясының дефициті сағатына 68 млн. кВт-қа азайды. Бұл өте маңызды жетістік, дегенмен меже емес. Қазіргі кезде Қора өзенінде қуаттылығы 26-дан 29 МВт-қа дейінгі тағы 3 ГЭС-тің құрылысы жүрып жатыр. Оған қоса тағы бірнеше нысанның құрылысы жоспарланған. Мұның барлығы өзіміз өндіретін электр энергиясының тапшылығын азайтып, облыстың электр қуаты үшін сыртқа тәуелді болмауына және жаңартылған энергия көздерін дамытуға ықпал етпек. Сонымен қатар компаниялар жоспарлап, салған ГЭС-тар «ЭКСПО - 2017» көрмесіндегі «Қазақстан» павильонынан көрнекті орын алатын болады, - деді А. Баталов құттықтау сөзінің соңында.

Нысанның салтанатты ашылуынан кейін қатысушылар жаңа ГЭС ғимаратының ішін аралап көріп, жаңа үлгідегі нысанның жұмыс істеу ерекшеліктерімен танысты.

Атап өтсек, Сарқан ауданы Лепсі өзеніндегі шағын ГЭС-2 жылына орта есеппен 67,78 млн. кВт/сағ. электр энергиясын өндіреді. Құрылыстың сметалық құны 4,2 млрд. теңге. Құрылыс жұмыстары 2014 жылдың тамыз айында басталған. Жаңа нысан іске қосылғаннан кейін 17 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Жобаның авторы және бас мердігері – 500 кВ-қа дейінгі электр желілері мен подстанцияларды жоабалау, салу, жаңғырту мен жөндеу саласында еліміздің нарығында алдыңғы қатарда саналатын «АСПМК-519» ЖШС холдингі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Алматыда «ФОТОӨНЕР» қоғамдық бірлестігі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай іс-шаралар салтанатты мерекелеу шеңберінде. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік тағылымы» атты фотокөрме ұйымдастырды.

Көрменің мақсаты Қазақстанның Тәуелсіз жылдардағы көркем шежіресімен таныстыру әрі фотоөнерді насихаттау. Тамсандырар таңдаулы фотосуреттер қоғам өмірінің алуан келбетін көз алдыңа қаз қалпында келтіріп қана қоймай, әсемдікпен баурайды, сүйсінтеді.

Фотокөрме Тәуелсіздік жылдарындағы отандық фотожурналистер мен тілшілердің баспа беттеріндегі қоғамда болған оқиғалар мен еліміздің рухани өмірін таныстырады.

Еліміздің Тәуелсіз 25 жылының жарқын да айшықты мезеттері күнде көз алдымыздан өтіп жатқанымен, соның бәрін байқай береміз бе, бір сәт тоқтап, ой жіберіп қараймыз ба... Ал зымыран уақыт аялдамай өтіп жатыр. Көрмеде көрермендер Қазақстанның үздік фотошеберлері тәуелсіз жылдарда түсірген тартымды, кестелі де көрнекті суреттер көрмесін тамашалай алады. Жай көз елей бермейтін тылсым сәттерді фотограф зерделі көзбен дөп басып, айтулы заманымыздың көркем шежіресін жасаған хас шеберлігіне таңданасыз, тамсанасыз. Отанымыздың берекелі белестеріне, халқымыздың жасампаз істеріне, туған жеріміздің тіл жеткісіз сұлулығына сүйсініп, мерейіңіз өсері анық.

Көрмеге еліміздің танымал 25 фотосурет шеберінің таңдаулы туындылары қойылды. Олардың ішінде И. Будневич, С.Майлыбаев, Е.Омаров, Е. Сарбасов, А.Устиненко, Ш. Шахай жұмыстары бар.

Фотокөрменің салтанатты ашылуында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі директорының мәдени-білім жұмысы және сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары Бейбітқали Қақабаев, «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің президенті Асылхан Абдраимұлы, Қазақстан Суретшілер одағының жауапты хатшысы Жанарбек Берістен, Қазақстан фотожурналистка ардагері Нұрманбет Қизатұлы, Медеу ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жетекшісі Жумагуль Досанова сөз сөйледі.

Белгілі күйші Талап Қараш өзінің «Көкпар» күйімен құттықтады. «Әділет» колледжінің студенттері өнер көрсетті.

Айнұр ӨМІРБЕКОВА,
Гульмайра БАҚҚҰЛОВА,
ҚР Мемлекеттік музейінің қызметкерлері

«ҚАЗАҚ ЕЛІМ – ҚАЗЫНАМ»

ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған суретші Жұмаділхан Керімбек Сарыбайұлының «ҚАЗАҚ ЕЛІМ – ҚАЗЫНАМ» атты жеке көрмесі ашылды.

Жұмаділхан Керімбек 1959 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданының Бірлік ауылында дүниеге келді. 1986 жылы Алматы қаласындағы Қазақ ауылшаруашылық институтының агрономия факультетін бітірген. Түркияда биология саласы бойынша докторлық диссертация қорғады (1998). Қазіргі уақытта ол Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде аға оқытушы болып қызмет атқарады.

Жұмаділхан Керімбек – жан-жақты дарынды тұлға. Суретші жас кезінен философиямен әуестенген. Ницше, Кант, Юнг, Лао Цзы, Конфуций және тағы да басқа ежелгі қытай мен батыс философтарының еңбектерін оқып зерттеген. Суретші өмір философиясын, әлем философиясы зерделеу оған шығармашылығын жандандыруға көмектеседі деп санайды.

Бүгінде Ж.ұмаділхан Керімбек – ғалым, педагог, публицист, ақын, сонымен қатар, ол көркемсурет өнерінің көптеген жанрларымен әуестеніп, сурет салуды да жалғастырып келеді. Ол өзінің бұл өнерін негізгі мамандықтарымен шебер үйлестіре біледі. Көптеген өздігінен үйренген суретшілер сияқты Жұмаділхан да түрлі материалдарды сынап қолдануға құштар. Ол акрильді бояуларды, гуашь, тушьті қолданады. Сонымен қатар, оның графикалық жұмыстары және мазмұндылығымен, айшықтылығымен және ықшамдылығымен, тиімділігімен және экзотикалық жағынан ерекшеленетін ақ-қара түстердің үйлесімді гаммасымен орындалған түрік циклынан алынған жұмыстары да қызғылықты.

Суретші жұмыстарының негізгі тақырыбы – сағыныш пен романтика, әрі қазақтың дәстүрлері, адамның Жер-жаһандағы орны туралы философиялық толғаныстар. Автор ұмтылысты, жарқындықты, өзіндік ерекшелікті бейнелейтін әрекет пен жарыққа толы күрделік жанрлық композициялар сомдаған.

Ол көркемсурет өнері шығармашылығындағы қызметін өзінің өмірі сынды шынайы құбылыс деп санайды. Көрмеде ұсынылған туындылар суретшінің көркемөнерлік зерттеуінің, көркемөнерлік стилінің, шығармашылық қолтаңбасының тамаша үлгісі болып табылады. Бұл суреттерде туған ауыл, бозбала шақ, қазіргі заман әлемі шынайы көрініс тапқан. Суретшінің бұл ғажайып өзіндік әлемі барша адамдарға етене жақын деуге де болады. Автордың әрбір туындысы суретшінің шығармашылығының қызғылықты бір қырын ашады – бірде суретші өзі көрген жайды толқынысты сезім күйімен жеткізсе, келесі бірінде қайталанбас сұлулықтың жан пернесін дөп басады және оның суреттерінде өзінің шығармашылығы үшін сарқылмас рухани шабыт көзі санайтын табиғаттың әрбір көркем сәтінің поэзиясы көрініс тапқан.

Жұмаділхан Керімбек ғалым бола тұра, үнемі шығармашылық ізденісте жүреді, өлеңдер жазады, көптеген публицистикалық, оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстардың авторы.

Жұмаділхан Керімбектің шығармашылығына кезінде қанат бітірген үлкен бауыры Шатырхан Сарыбайұлы. Автор өнердегі жетістіктерін туыстары мен жақындарының қолдауымен болған нәтиже деп ізгі ниет білдіреді.

Көрменің салтанатты ашылуында ҚР Мемлекеттік орталық музейінің директорының орынбасары Бейбітқали Смағұлұлы Қақабаев көрмені ашып, құттықтау сөз сөйледі. Сонымен қатар Суретшілер Одағының жауапты хатшысы Жанарбек Берістен, Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің профессоры Алексей Жартайұлы, туған ағасы Керімбек Шатырхан Сарыбайұлы құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Көрмеде 60-тан астам кескіндеме картиналары қойылды.

Гүлмайра АХАТОВА,
Сымбат БАҚҚҰЛОВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі қызметкерлері

ЖИТС-ПЕН КҮРЕС КҮНІНЕ АРНАЛҒАН АКЦИЯ

Алматы экономикалық колледжінде 1 желтоқсан – Дүниежүзілік ЖИТС-пне күрес күніне орай кеңкөлемді акция ұйымдастырылды.

Акцияны жүргізген студент-жастар Евгений Кудрявцев пен Сымбат Әнуарханова ЖИТС тарихы жайлы қысқаша айтып өтіп, сөз кезегін қонақтарға ұсынды.

Алматы облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығының дәрігер-эпидемиологтары М.Матембаева мен О.Потуданская АИТВ-ның берілу жолдары мен жұқпаның алдын алу шаралары жайлы қазақ және орыс тілдерінде түсіндіріп өтті. Сонымен қатар еліміздегі және Алматы облысы бойынша соңғы эпидемиологиялық жағдайға тоқталды.

«АИТВ деген не?» атты әлеуметтік бейнеролик жастарға терең ой салғаны байқалды. Аудитория алдында жас әнші Аяжан Өмірәлі «Өмір-ай» әнін гитарада сүйемелдеген Нұрбек Кенжебек пен Манас Шерипбаевтармен бірге сәтті орындап шықты. Қаржы факультетінің студенттері иммундық жүйе мен жұқпаның айқасын бейнелейтін қызықты флеш-моб сыйлады.

Колледж оқушыларының акцияға алдын ала әзірленіп, қабырға газеттерін шығарғанын айтып өткен орынды болар. «ЖИТС пен жастар» тақырыбын қозғаған газеттер сайысы қорытындыланып, үздік авторларға ескерткіш сыйлықтар тапсырылды. Шараны ұйымдастырушылардың бірі – колледждің белсенді студенті Маржан Орымбаеваға қонақтар ерекше алғыс білдірді.

Соңы. Басы 1-бетте

РАХЫМЖАННЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ АТЫРАУДЫ ТАҒЫ ШАРПЫДЫ

Бұл жерде автордың архивке кіріп біраз еңбектенгені, тың деректерге, мәліметтерге сүйенгені анық көрінеді және сол ойды қойылым режиссері Мұқанғали Томанов одан әрмен жүйелеп бұрын аты ғана мәлім танымал тұлғаны сахнаға реквиемдік бағыт ұстанып жаңа парақтар ашуда автордың ойын шашыратпай дөп басып көрсете білген. Қолынан халыққа қажет мектеп, дәріхана, аурухана салу сынды сауапты іс қылу да, сол халықтың біраз бөлігін өзіне қарсы қою да келген Жәңгір хан - болмыс-бітімі



қайшылыққа толы, өз заманының айтулы тұлғасы. Хан Ордасының айналасындағы қулық-сұмдыққа толы қым-қуыт тірлік пен бірнеше оттың ортасында қалған жанның бойында болып жатқан арпалысты көріністер «Жәңгір хан - Махамбет-Исатай батырларға құр антогонист емес, бойындағы қабылет-қасиеттерін аласапыран заманның кесірінен таныта алмай қалған трагедиялық тұлға» деген ойға жетелейді. Бұл қойылымды салмақтай түсетін оның сценографиясы, қоюшы суретшісі жас маман Мұрат Мәмбетовтің жұмысын, еңбегін айта кету керек. Қойылымның сахнасы кескілескен сол дәуірдің кескін, келбетін, түсін, бояуын нақты бере алған және костюмдері бұрынғы көптеген қойылымдардағыдай жәмән-жәутік емес, санадағы қазақ деген ұғымның еңсесін көтерердей бай-қуатты, жағалы, дәулетті.

Салтанатты шара барысында Рахымжан Қасымғалиұлының 60 жас мерейтойына арналған ҚР Парламенті сенатының төрағасы Қасымжомарт Тоқаев, ҚР Премьер-министрінің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов және ҚР Президенті әкімшілігі басшысының орынбасары Бағлан Майлыбаевтан келген құттықтау хаттар да оқылып табысталды. Өңірімізде соңғы екі жылда өткізілген өнер фестивалі арқылы қаламгердің шығармалары тек ел ішіне ғана емес, әлемнің оқырмандарына да жол тартты деуге болады. Өнер тойына орай алыс-жақын шетелден, еліміздің әр өңірінен келген тұлғалар да сахна төріне көтеріліп, өз лебіздерін білдірді. Олардың қатарында ақын-жазушы, Моңғолия Жазушылар одағы Баян Өлгей аймақтық қазақ қаламгерлер кеңесінің төрағасы, «Шұғыла» журналының бас редакторы Сұраған Рахметұлы, «Мәдениет» қорының директоры Ермек Алдан, Татарстанның Қазан қаласынан келген ақын, аудармашы Флера Тарханова, Германиядағы «Қазақ» қауымдастығының төрағасы Сүлеймен Шадкам және Тараз қаласынан келген мерейтой иесінің ағасы Асаубай Майлыбаев бар.

«Юность» журналының бас редакторы Валерий Дударев Р.Отарбаевтің «Шыңғысханның көз жасы» повестісі жарияланған журналдың биылғы №№5,6 нөмірлерін автордың өзіне табыстады. Әлемге әйгілі журналда бұған дейін Борис Пастернак, Белла Ахмадулина, Николай Рубцов, Иосиф Бродский, Андрей Вознесенский, Олжас Сүлейменовтың шығармалары жарияланған. Журнал редакторының айтуынша, автордың өзіне шығармасы басылған журналдың данасын тапсыру сәті тарих болып қалмақ. Сыншы, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының кандидаты Марианна Дударева да «Шыңғысханның көз жасы» кітабына өз бағасын беріп: «Ұлттың тарихын көрсететін шығарма оның жалпыадамзаттық құндылық ретінде бағасы зор екендігіне тоқталды. Қазақтың халық әніндей әсері күшті, оқып отырғанда, сүйіспеншілігіңді, бауырмалдығыңды оятады», – деді ағынан жарылып құшағын аша.

Салтанатты шарада Ресей Жазушылар Одағының хатшысы, «Форум» журналының бас редакторы Владимир Муссалитин Рахымжан Қасымғалиұлына «Жемісті бейбітшілік шығармашылығы үшін» алтын медальды табыстады.

«Бұл сыйлық сенің бүгінгі мерейтойыңмен тұспа-тұс келіп отыр. Үлкен жетістік Қазақстанның

бір ұлының ғана емес, парасат-пайымға бас иетін күллі халықтың қуанышы деп есептейміз. Құрметті Рахымжан, сен үшін қуанып отырмын», – деді жазушы Владимир Муссалитин.

Айта кетейік, осыған дейін бұл медальды әлем бойынша Назым Хикмет, Пабло Неруда, Джавахарлал Неру иеленген еді. Енді осы тізімді Рахымжан Отарбаев толықтырып отыр.

Сондай-ақ, бұл күні мектеп оқушылары мен студент жастар арасында ұйымдастырылған «Рахымжан оқуларының» қорытындысы белгілі болып, байқаудың үздіктері де марапатталды. Байқау жеңімпаздарына Алғыс хаттар мен сый-сияпаттарды мерейтой иесі Рахымжан Отарбаев пен облыстық Ғ.Сланов атындағы ғылыми-әмбебап кітапхананың директоры Гүлжанай Қалиева табыстады. Жеңімпаздар қатарында Дания Есенғалиева, Жұлдыз Ерболатқызы, Хасан Досболатұлы, Наслизат Төлентаева, Анар Шұғыпан, Қайыржан Сейдәлиев, Әсемгүл Мақашева, Аругүл Сатан, Әсемгүл Төлегенова, Сымбат Дәрменғалиеваның есімдері аталды.

Екінші рет ұйымдастырылған фестивальдің ерекшелігі – жазушының мерейлі жасына орай өткізілді. Бұл мерейтойлық фестиваль болғандықтан, қатысушы өнер ұжымдарының бәріне бірдей марапат берілді. Қазақстанның Халық әртісі Асанәлі Әшімов бастаған қазылар құрамы әр театрға диплом мен 500 мың теңгелік сертификат табыстады.

Жазушы Рахымжан Отарбаев шараның соңында фестивальды ұйымдастыруға ұйытқы болған облыс әкімдігіне ризашылығын білдірді.

– Мені құттықтап, алыс-жақын шетелден келген меймандарға ризашылығым шексіз. Оқырмандарыма да ізгі ілтипатымды білдіремін. Біз тәуелсіз қазақ елінің өсіп-өркендегенін, дамудың даңғыл жолына түскенін жақсы білеміз. Алдағы уақытта да, еліміздің дамуы жолында бірлесіп қызмет ете берейік, – деді мерейтой иесі.

Өнер фестивалінде алыс-жақын шетелден келген театр ұжымдары жоғары деңгейде өнер көрсетті деп айтуға негіз бар. Соның дәлеліндей, фестивальдің соңғы күнінде Ж.Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ драма театры қойған «Ғасыр қасіреті» мен Қырғызстаннан келген Шаршен Термечиков атындағы Шүй облыстық театрының «Аяқталмаған хикая» драмасында да залда аншлаг болып, қойылымды тұрып көрген көрермендерде болды.

Көрермендер арасында әсіресе жастардың қарасының көп болуы көңілге қуаныш ұялатты. Оңтүстік Қазақстан облысының өзбек театры сахналаған комедияда көрермендер Кеңес дәуіріндегі солақай саясаттың сергелдеңіне куә болады, ащы әжуа арқылы салмақты ой тастайтын «Аяулым Анфиса» қойылымын көре отырып, халқымыздың күллі этномәдениетінен жұрдай бола жаздаған сол бір алмағайып кезеңге саяхат жасағандай болады.

Қойылым соңынан сөз алған автор: «Пьеса 1989 жылы жазылып, 1991 жылы алғаш рет сахналанған болатын. Сол жылдары мұндай пьесаны жарыққа шығару ессіз адамның ісі немесе үкіметке қарсы шығу болып саналатын еді» — деді. Біреу білер, біреу білмес фестиваль аясындағы спектакльдердің тегін сахналанатынын да айта кету керек.

Облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Жоламанов Әбіл Таупихұлының ұйымдастыруымен құрылған облыстық мәдени мекемелер басшыларының ұйымдастыру алқасының атсалысуымен, Жәменов Берік Қилекешұлы бастаған Атырау облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театры ұжымы жанынан құрылған ұйымдастыру алқасының бір кісідей жұмыла атқарған жемісті жұмыстары ауқымы кең, мағынасы терең халықаралық деңгейдегі мәдени шара ретінде атына заты сай өте жоғары дәрежеде өтті, төрт күн бойы жиналған жұртты өнер нәрімен сусындатты. Өнер көрсетуге келген театр труппалары, ұжымдары, оларға баға берер әділ қазылар құрамы, жаңалықты жария қылатын ақпарат өкілдері, қоғамдық ортаның әр саласынан жиналған көрермендер бәрі-бәрі өнер мерекесінің әрін келтіріп көркіне көрік берді, жандандырды. Төрт күн бойы театр іші «хоризмге» толды, тұнды десе де болады. Өйткені өнерге қатысты аттары алты Алашқа мәшһүр тұлғалардың, сахна саңлақтарының, танымал режиссер, жазушы, актерлердің театр ішінде әрлі-берлі жүргендерінің өзі үлкен харизматикаға толы болғандығы даусыз еді. Хоризматика – ол негізгі ұғымында қандайда бір сөзсіз сыртқы көрініс, бейне арқылы берілетін, көпшілікке таралатын сезім әсері, қуат көзі, рух күші. Сол сезім тек сахнадағы қойылымдардан ғана емес, вокзал мен аэропорттардағы шашу шашып, төс түйістіріп күтіп алулар мен фоедегі күнделікті қауышуларда көтеріңкі көңіл күймен, қуанышпен жалғасын тауып, мерейлі фестивалге орай жайылған ақ дастарханда жүрекжарды ақ тілектерден, әуелеген әндерден, әзілдерден анық байқалды.

Темірбек МҰХТАРОВ

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕЛБАСЫ

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан азаматтарды қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігімен бірлесе 1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай ұйымдастырылған «Елбасы мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыптық онкүндік аясында «Егемен елдің Елбасы» атты мерекелік кеш өткізілді.

Мақсаты – жалпы оқырман қауымға, жас ұрпаққа Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет жолы туралы толыққанды ақпарат беру, Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүюге, ержүректілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Мерекелік кеш ҚР Мемлекеттік Гимнімен басталды. Шарада «Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан азаматтарды қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Г.Сражова «Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың денсаулығын сақтау» деген тақырыпта дәріс оқып, Елбасының Қазақстан Республикасын гүлдендіруге қосқан үлесі өлшеусіз екенін атап, салиқалы әңгімелерімен бөлісті.

Ақын Талғат Тілеулесов мерекемен құттықтап, «Оян, қазақ» атты өз арнауын арнаса, «Стимул+» жастар клубының жетекшісі Нұргүл Нұртазина өнерлі жастарды таныстырып, рухани қолдау білдірді. «Жүректен жүрекке» еріктілер клубының мүшесі Азамат Набиев ұйымдастырушыларға ризашылығын жеткізді.

Сонымен қатар, «Руханият» клубының мүшелері Самрат Мұхаддинұлы «Байқоңыр», Зәуірұлы Манат «Тіпен көк» күйін, Ақтоты Неттулина «Жайнай бер, жастар» әндерін тамаша орындаса, Азамат Оразбаев, Арайлым Өтепбергенова, Шынболат Исағалиев, Айя Спанбетова және т.б. Елбасыға арнаған арнау өлеңдерін, кітапхана қызметкері Айнұр Келмағамбетова ақын Несіпбек Айтұлының «Елбасы» арнауын оқып берді.

Шара барысында кітапхана қызметкері Ақмарал Мұқашева көрермендерге Н.Ә.Назарбаев туралы фото - шежіре слайд, бейнематериал көрсетіп, «Ұлы Дала Перзенті» 7 бөлімнен тұратын электронды-мультимедиялық кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізді. Ол «Отбасы және балалық шағы», «Н.Ә.Назарбаевтың қызмет жолы», «Елбасының өмірі мен мемлекеттік қызметі туралы әдебиеттер», «Астана – ғажайыптар қаласы», «Жолдаулары мен бағдарламалары», «Елбасымыз туралы фильмдер, өлеңдер, әндер», «Елбасы Ақтөбе жерінде» бөлімдерімен таныстырып, оқырман қауымын Н.Ә.Назарбаевтың және ол туралы шыққан кітаптармен, атап айтсақ, «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы», «Нұрсұлтан Назарбаев.Өмірбаян», «Елбасы сыныптастары», М.Касымбековтың «Первый: Очерки о Президенте Республики Казахстан», «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы», сондай-ақ, Тұңғыш Президентіміздің өмірінен, қызмет жолынан сыр шертетін кітаптармен қатар Н.Ә.Назарбаевтың «Бейбітшілік кіндігі», «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл» және т.б. кітаптарын оқуға шақырды.

Бұл игі шараға «Жүректен жүрекке» еріктілер клубының мүшелері, «Болашақ» көпсалалы колледжінің студенттері, кітапхана оқырмандары, БАҚ өкілдері қатысты.

Алау жеңіс сөнбесін
Мәңгі даңқын елім төрлесін
Ұрпақ болашағын өрлесін

Бірлігіміз жарасқан көз тимесін еліме! – дегендей, бірлігіміз мықты болсын демекпіз. Бірліктің арқасында осы күнге жетіп отырғанымыздың өзі Елбасымыз Н.Назарбаевтың еңбегі деп білеміз.

Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы ЕЛІМ, ЖЕРІМ, ҰЛТЫМ деген ауыр жүкті арқалап, өмір мұхитынан жүзіп өтіп, оларды МӘҢГІЛІК ЕЛГЕ жеткізуді армандаған мақсаты орындалды. Лайым солай болғай!

Алда келе жатқан Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы баянды болып, әрқашанда айымыз жарық, күніміз нұрлы болғай!

Рысжан Болашқызы ҚАРАҒҰЛОВА,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері

Аллаһ Тағаланың біздің халқымызға нәсіп еткен ең ғажайып сыйлығы – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанына 25 жыл толған мерейлі мерекесін еліміздің түкпір-түкпірінде салтанатты түрде атап өтуде. Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы да көптеген рухани, мәдени, саяси шаралар ұйымдастырды, отандық және шетелдік зиялы қауымның басын қосқан түрлі жиындар өтті. Осы мәртебелі мәжілістерде өзге де отандастарымызға ой саларлық сан алуан ұсыныстар айтылды, көкейтесті мәселелер қозғалды. Мысалы, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің қолдауымен Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қоры Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясымен бірлесіп өткізген «Қазақстандық жолдың қалыптасуы мен мемлекеттіліктің құрылуы» атты дөңгелек үстелде тәуелсіздігіміздің, ата дініміздің, ана тіліміздің қадір-қасиеті кеңінен сөз болды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ АСТЫНДА...

Атақты күйші, сазгер, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Әбілтаев Шәміл ағамыз Елбасымызға арнаған тамаша күйін орындап, жиынға қатысушыларды бір желпінтіп тастаса, ұлтжандылығымен, жоғары ақыл-парасатымен, шешендігімен зиялыларды тәнті қылатын белгілі актер, әнші, Қазақстан авторлар қоғамының Бас директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Байғали Есенәлиев тереңнен толғана сөйледі. Жиырма бес жылда жеткен табыстарымыз, жіберген олқылықтарымыз да барын, тарихи тұлғаларымызды, жәдігерлерімізді әркімдер иемденіп жатқанын, өркениет бастауы ретінде адамзат санасына сіңген Египет пен Греция, Рим жұртынан да бұрын біздің ата-мекенімізде әлем халқына таңдай қақтырарлықтай мәдениет үлгілері болғанын, оларға байланысты нақты айғақтарды тілге тиек еткен ол сөз соңында 2011 жылы Кашмирде барғанында Саид Мұхаммед Бекир атты ақсақалмен кездесіп, оған XVI ғасырда осы елдің патшасы болып, өркендеп-дамуына көп еңбек сіңірген Мұхаммед Хайдар Дулати бабасы туралы көп сериялы фильм түсіргісі келетінін білдіргенін айтты. Саид Мұхаммед Қазақстан деген ел барынан хабарсыз екенін көрсетіп, «президентіміз Назарбаев» дегенде «Назарбаевты білеміз. Өте мықты адам. Мұсылман елдері оны мақтан тұтамыз,- депті. Сонда өзі қазақ халқының тәуелсіздік алғанына 20 жыл толғанын, бұл елдің де тәуелсіздікке қол жеткізуіне тілектестігін білдіргенде бөлмедегі жергілікті адамдардың жүздерінде жылу пайда болып, көздері нұрланып, ал, көзі жасқа толған әлгі қария маңдайынан иіскеп бата беріп, жүзіне үшкіріп дем салғанын баяндаған Б.Есенәлиев сөзін былай аяқтады: «Мен Тәуелсіздік дегеннің қаншалықты қымбат екендігіне тағы да көз жеткізіп, Аллаға шүкіршілік еттім. Кешегі Желтоқсан көтерілісінің екінші күні таңертең алаңға келе жатып, әйнек қалқанның арғы жағында тұрған жас қазақ жігітіне көзім түсіп кетті. Өзі қазақ болса да бізге қарсы топтан бой көрсеткен замандасымның жүзіне бажайлап қарадым. Сөйтсем жанары жасқа толып, еңкілдеп-ақ тұр. Енді қайтсін? Арқасында арсылдап офицерлері, алдында өзі жазалауға тиіс бауырлары тұр. Менің арқам шымырлап кетті. Қазір арқамызда ешкім жоқ, алдымыз айқын, бір-бірімізге мейірімді болып, ынтымақпен еліміз үшін қызмет етуге не жетпейді?! Біз тарихқа есесі кеткен елміз. Сондықтан әрнәрсені сылтаурата бермей өз еліміз, жеріміз, тарихымыз үшін, осының бәрінің тағдыры тіреліп тұрған Тәуелсіздігіміз үшін жан аямай еңбек етуіміз қажет. Соңғы деміміз қалғанша күресуіміз керек».

Түркиядан келген кәсіпкер қандасымыз Жаңалтай Насыр, «Әдемі-ай» ұлттық кәдесыйлар компаниясының директоры Бахаргүл Төлегенқызы, «Қуатты Қазақстан» қорының президенті Әуелбай Мұхит, Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының проректоры Сәуле Аязбаева тәуелсіздік жылдарындағы табыстарды тілге тиек етсе, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының қызметкері Бигельдиев Азамат бұқара халықтың тұрмыс-тіршілігін жеңілдетуге арналған нақты жағымды жаңалық ретінде осы мекемеге қарасты коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалы – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» департаментінің мән-маңызы жайында әңгімеледі. Әңгімелеп қана қойған жоқ, қазақ, орыс тілдерінде «Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау», «Жұмысқа тұру үшін», «Онлайн төлемдерді ұнататындар үшін», «Көлік жүргізушілер үшін», «Ең кішкентайлар үшін», «Бизнес үшін», «Тұрғын үй алу үшін», «Салық төлеушілер үшін», «Бала тууды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу», «Бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдем ақыларды тағайындау», «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (17 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою», «Әлеуметтік қамтамасыз ету үшін» деген тақырыптарда арнайы парақшалар (буклеттер), «Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК» деп айдар тағылған дәптерше (блокнот) дайындап, таратты. Жоғарыда атап көрсетілген салалар бойынша «Мың есікті бір терезеге ауыстырамыз» мақсатындағы осы электронды үкімет қызметін үйден шықпай-ақ, кезекке тұрмай-ақ пайдалану жүгіңізді қаншалықты жеңілдетеді десеңізші, ол үшін www.egov.kz; twitter.com/egovkz ; facebook.com/egovkz ; vk. com/egov-kz; my.mail.ru/egovkz әлеуметтік желілерден немесе барлық ұялы және стационарлық телефондардан 1414 нөміріне хабарласып, тәулік бойы жұмыс істейтін Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» порталындағы «Көмек бөлімінен» нақты ақпарат алуға болады екен.

Дөңгелек үстелде ата дініміз бен ана тіліміздің тағдырына да алаңдаушылық білдірілді. Халықаралық «Жанашыр» қорының президенті, осы жиынның модераторы Әпетова Жаңыл Амантайқызы,Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Әлима Сқағиқызы, этнограф, ардагер ұстаз Шәмшия Әбдуалиева, т.б. осы мәселелер төңірегінде ой толғады. Ақылман ана Шәмшия апай «Пайғамбарымыз Мұхаммедтің,салләллаһу аләйһи уә сәлләм, еркек сияқты киінген әйелдерге, әйел сияқты киінген еркектерге Аллаһ Тағаланың лағынеті (қарғысы) болатынын айтқанын, әжелеріміз, аналарымыз үстерінен тастамаған иләһи киімдерге мән бермей, жартылай жалаңаш, жалаңбас жүре беретін отандастарымызға, солардың кесірінен жалпы қоғамымызға Аллаһ Тағаланың лағынеті бола ма деп қорқатынын мұң ғып шертті.

Иә, әр халықтың бүкіл құндылықтары, мәдениеті – ата діні мен ана тілінен бастау алады. Бұл екеуінсіз ұлттық болмысты елестету еш мүмкін емес. Егемен мемлекетіміздің негізін қалаушы Н.Ә.Назарбаев ата дінімізге де, ана тілімізге де ерекше мән береді. Тіпті,

ол кісінің тәуелсіздік алғанымызға жаңадан бір жыл толғанда Мысырдың сол кездегі билеушісі Хұсни Мүбәраққа арнайы жолығып, ислам ілімінің ежелгі астанасы іспетті әл-Әзһар университетінің филиалын Алматыда ашуға күш салуы өте таңқаларлық іс.

Меніңше, Елбасымыздың ата дініміз бен ана тіліміз туралы айтқан қанатты сөздерін, даналыққа толы өсиеттерін балалықпен қабылдап, дұрыс қорытынды шығара алмай жатқан сияқтымыз. Мысалы, бүгінгі, басқа да жиындарда мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне лайық биікке көтеріле алмай отырғандығы, орыс тілінің басымдығы жайлы әңгімелер айтылады. Бұл, әрине,ел тағдыры үшін жүрегі ауыратын әр азаматты ойландырып-толғандыратын өте зор, аса өзекті мәселе.

Өз басым бұдан көптеген жылдар бұрын Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақтар, бір-біріңмен қазақша сөйлесіңдер» дейтін сөзінің мағынасын түсінбейтінмін. «Неге тек қазақтар, басқа ұлттар қазақша сөйлемеуі керек пе?» деп таң қалатынмын.

Сөйтсем, Елбасымыз мәселені дөп басып тани, талдай білетін парасаттылығымен бірінші кезекте өз қандастарымыздың ана тілін құрметтеп, терең үйрене білуі керектігін меңзеген екен. Шын мәнінде, бүгінгі таңда қалалықтарды былай қойғанда, ауылдан көшіп келіп, балаларын орыс мектебіне беріп, осы ресми тілді үйренуге бет бұру созылмалы ауру тәрізді күннен-күнге асқынып бара жатқан дертке айналды. Бұлай жалғаса берсе ертеңгі күні қазақша сөйлесетіндермен жылап көрісуіміз әбден мүмкін. Тек мұндай қасыреттен, үлкен бақытсыздықтан Құдай сақтасын дейік.

Тілдің қоғам өмірінде қаншалықты маңызы бар екенін Құран мен Сүннеттен де байқауға болады. Киелі Құранда Аллаһ Тағаламен сөйлескені үшін Кәлимуллаһ атанған Мұса, оған Аллаһтың сәлемі болсын, өзінің Жаратушы Иесінің Елшісі мәртебесіне ие болғанын естігенде туған бауыры Харунның , оған Аллаһтың сәлемі болсын, өте шешен екенін айтып, дінді жоғары деңгейде насихаттау үшін оны да өзімен бірге пайғамбар қылып жіберуін өтінгенде Мейірімді де Рақымды Тәңіріміз оның тілегін қабыл қылады. Сондай-ақ әкелі-балалы Сүлеймен және Дәуід (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) пайғамбарлар қиын істің күрделі түйінін шешен тілмен, даналықпен шешіп үлгі көрсеткені де Құранда айтылады.Ал, пайғамбарымыз Мұхаммед, салләллаһу аләйһи уә сәлләм, өзінің ерекше шешен екеніне таң қалған жандарға өзі араб әрі құрайыш руынан әрі пайғамбар екендігі себепті, шешен болуы да заңды екенін білдіре жауап береді. Сондай-ақ ол кісінің жан-жары Хафса анамызға, радыйАллаһу анһа, араб тілін, әдебиетін, тарихын жете білетін әйелді ұстаздыққа белгілеуі осы құндылықтардың қаншалықты маңызды екенін көрсетпей ме? Ендеше мемлекетін, ұлтын, руын қадірлеген және жоғары мансап иелері өзінің сол мәртебеге лайық екенін алдымен ана тілін, сол елдің мемлекеттік тілін, әдебиетін, тарихын жоғары деңгейде білуі арқылы дәлелдесе керек. Шын мәнінде, мемлекеттік тілді білмейтін, оның маңызын, қадір-қасиетін түсінбейтін, оны үйренуге қабылеті жетпейтін адамдар қалай мемлекеттік қайраткер болмақшы?

Ендеше қандастарымыздың, жалпы отандастарымыздың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жан-жақты, жүйелі, белсенді күрес жүргізуі Құдай сүйетін істердің бірі болмақ. Шын мәнінде, қазақ тілі – ғажап тіл, халқымыз ғасырлар бойы қалыптастырған тәлім-тәрбие, ілім институтында ең басты, ең маңызды рөл атқарған, небір дана да дара, шешен де көсем тұлғаларды қалыптастырған өте бай ана тіліміздің тағдырына немқұрайды қарау барлық тілдердің Жаратушысы Тәңіріміздің қаһарына ұшыратуы да мүмкін ғой. Тек Кең де Құдіреті күшті Құдайымыз бізді кешірсін, тіліміз үшін күресуге жан-жақты көмек, дұрыс бағыт-бағдар көрсетсін деп жалбарынайық.Өзімізде барды ұқсатпай әлі күнге өзге тілге жалтақтайтындай бізге не болды, тіліміз өз мәртебесіне көтеріле алмай жатса басқаларды неге айыптаймыз? Алдымен тиісті деңгейде жұмыс жүргізе алмай отырған өзімізді кінәлайық. Аллаһ Тағала тәуелсіздік берді, ал, Елбасымыздың тіл туралы айтқан әр қанатты сөзін ту қылып көтеріп, соған орай отандастарымыздың мемлекеттік тілге деген құрметін, сүйіспеншілігін оятатын түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға әбден болады емес пе?

Мысалы,«Мәңгілік елде» Ұлт көшбасшысы мемлекеттік тілдің маңызы туралы былай дейді: «Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, шынайы интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн».

Дәл осы қанатты сөзді ұрандатып, «қазақ, орыс» деп бөлмей балабақшалардан бастап жоғары оқу орындарына дейін жоспарлы түрде жұмыс істеу қажет. Кәсіпкерлерді, қайраткерлерді, басқа да осы іске үлес қоса алар жандарды тарта отырып түрлі шараларды қолға алған жөн.

Шын мәнінде, біздің халқымызда басқа ешбір ұлтта жоқ даналыққа толы ертегілер, жұмбақ, жаңылтпаштар,ойын түрлері, т.б.бар. Тәуелсіздік алған кезімізде осынау орасан зор рухани қазынамызбен басқа отандастарымызбен де бөлісейік, ауыз әдебиетін, ойындарымызды, кейінгі жазба әдебиетінің керемет нұсқаларын балалардың жас деңгейіне қарай тәрбие құралы ретінде әрбір аулада, балабақша, мектептерде пайдаланайық; бабаларымыздан қалған тағы бір рухани ұлы мұра – шешендік өнерін, даналық мектебін, батырлар жырынан бастап бүгінге дейін жалғасатын классикалық шығармаларымызды жасөспірімдеріміздің, студенттердің, тіпті, жоғары лауазым иелерінің арасында таратып, насихаттап, кім нені қанша білетініне байланысты сайыстар ұйымдастырайық. Тек қандастарымыз ғана емес, отанымызды сүйетін басқа ұлттар да өздері өмір сүріп отырған жердің байырғы, заңды иелерінің әрі мемлекеттік тілдің бай мұрасын қаншалықты деңгейде игергенін көрсетсін. Қазақ халқын құр мақтай бермей өздерінің ризашылығын, алғысын нақты істерімен дәлелдесін. Киелі Құранда Аллаһ Тағала дін үшін көркем түрде, даналықпен күресуге әмір береді, меніңше, тіл үшін де дәл осылай күресу қажет. «Тіліміздің рөлі төмендеп барады» деп жылай берсек, жылауық, жасық ұлтқа айналамыз, сонда бәрімізге кең байтақ даламызды, тіліміздің, дініміздің мөлдір күйінде тастап кеткен, көз жасын төгуге де шамасы келмей, Құран мен Сүннетті басшылыққа алып, үлкен-кішісі, әйел-еркегі болып атқа қонып, елін-жерін қорғаған, бұл жолда қанын да, терін де төккен, жанын да қиған ата-әжелеріміздің асыл рухы бізге дарымағаны ма? Ана тіліміз өзімізден басқа ешкімге керек емес, ендеше тізгінді өз қолымызға алып, «Жүрегім – қазақтыкі, тілім – орыстыкі, кінәм жоқ, орыс мектебінде оқыдым» деп сайрайтын қандастарымызға да ой саларлықтай, ұяларлықтай, жалпы, Қазақстанның әр азаматы қай елде өмір сүріп жатқанын терең сезінетіндей амалдар жасауымыз керек. «Күніне пәленбай тіл өлі тілдердің қатарына қосылуда» деген астармен жымысқы ой тастайтындардың арам ниеті жүзеге асуына жол бермей ана тіліміз үшін шынайы күресті тез арада, белсенді түрде бастаған жөн. Тарих тағлымына көз салсақ, кезінде орыс тілі де, парсы тілі де жойылып кете жаздаған. Сонда зиялы қауым күресіп өз ана тілін лайықты тұғырына қондырған. Қазір бұл тілдер әлемдік классикалық әдебиет қатарын жауһар туындыларымен толықтырған, дүние жүзі мойындаған ақын-жазушыларды шығарған, БҰҰ-да арнайы мәртебесі бар тілдерге айналғанын көріп отырмыз. Араб тілі сол кездегі халықаралық тілге айналып, ғылымда да, саясатта да басымдық танытқан заманда, халқы негізінен мұсылмандардан тұратындықтан араб тілі бел алып, осы тілде сөйлейтіндер менсінбей, шікірейіп, шекесінен қарап, «сабап-сабап»,ит сілікпесін шығарып, төрдегі басын есікке сүйретіп тастай салғанда, сөйтіп, парсы тілі өлімші халге жеткенде ұлы парсы ақыны Фирдауси «Шаһнаманы – Патшалар кітабын» жазады. Қазір де дүниежүзі халықтарының ең көркем және ұлы эпостық мұрасы ретінде саналатын Шахнама –патшалар туралы бұл аса көлемді дастан тарихи оқиғалар мен мифологияны араластыра отырып жазылғандықтан өзіне деген оқырмандар құштарлығын оятады, ұлтжандылар тарапынан күшті насихаттауға ие болып, тілді насихаттаудың басқа да шаралары ұйымдастырылады. Мәселен, мүшәйра сөзі бұларда басқаша мағынада қолданылып, әр отбасынан бастап саяси орталарға дейін парсы тіліндегі атақты жыр-дастандарды кім қанша деңгейде білетінін айқындайтын сайысқа түседі, бұл пайдалы дәстүр әлі күнге жалғасуда. Өйткені, поэзияның орны қашанда жоғары.

Құдыретті Жаратушы Иеміз Киелі Құранды сөз өнерінің ең шешен, ең көркем жетілген түрі – өлеңмен түсірсе, Пайғамбарымыз Мұхаммед те,салләллаһу аләйһи уә-сәлләм, поэзияны жоғары бағалап, «өлеңде даналық бар» деген, мүмин ақындарға сый-сияпат жасаған, өзінің сақабасы Хасан ибн Сабиттің, оған Аллаһ разы болсын, жәннатта ақындардың көшін бастайтынын айтқан. Демек, жерден көкке дейін жететін, яғни, пейіште де өзіндік ғажайып қызметі болар иләһи өлең-жырлардың қатарына отанын, елін-жерін сүюге баулитын туындылар да кіреді деп ойлаймын. Өйткені, Пайғамбарымыз Мұхаммед, салләллаһу аләйһи уә-сәлләм, «Отанды сүю – иманнан» деген. Сондықтан дінді жақсы білетін және берік ұстанған сол замандардағы ирандықтар өлең-жыр арқылы ана тілін, отансүйгіштік, ұлтжандылық рухты қайта тірілтті десе де болады.

Бір қызығы, біз мысалға келтірген осы екі тілге де түрік-қазақ сөздері молынан енген. Иранның үлкен ғалымдарының бірі Ширин Баяни Парижде, Сорбон университетінде бұдан жарты ғасырдай бұрын докторлық диссертация жазбақ болғанда оған осы оқу орнының профессоры, француз ғалымы Иранды, Ирақты, қазіргі Армения, Әзірбайжан, Түркияның біраз жерлерін билеген жалайыр патшалар тарихынан ғылыми еңбек жазуды ұсынады, кейін осы тақырыпта докторлық қорғаған шәкіртін «Ширин Жалайри» атап кетіпті. Мен осы еңбекті қазақ тіліне аудару нығметіне ие болып, ол 2011 жылы «Иранда билік құрған қазақтар» деген тақырыппен жарық көрді. Аударма барысында өшкенім жаным, өлгенім тірілгендей хал кештім. Себебі, онда әлгі жалайыр патшалардың Шыңғысханның ұрпақтары екені ғана емес, ресми хаттарда өздерін «Тұран-Иран патшалары, патшайымдары»деп атап көрсеткендері және оларда мемлекеттік тіл ретінде сонау Тұран заманынан қалыптасқан түрік (қазақ) тілі де қолданылғаны байқалады, ал, моңғол-түрік тайпаларындағы дау-дамай Қутанғу билік бойынша шешілгені де айтылған. Қарахан әулеті империясының дәуірлеп тұрған шағында жазылған Жүсіп Баласағұнның кітабы «Құдатғу білік» пен «Құтанғу биліктің» нәр алатын бастауы бір емес пе екен?.. Түмен, ақчэ (ақша), алтун, қызыл, қара, тамға, баһадүр, қаған, жауынгер, т.б. – жалпыға ортақ ресми қолданылған қаншама сөз қазақтыкі!

Өз басым халқымыздың «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген мақалындағы «кебенек» сөзін түсінбейтінмін.

Осы кітаптан: «Пір баба Мәрағиге Шейх былай деді: «Баба, оны қасыңнан тастама, кепенегіңе (киізден немесе жүннен тоқылған киім) орап, қорған бол. Біз әлі онымен әңгіме-дүкен қорғамыз. Яғни, біз әлі онымен бірге жұмыс істейміз» деген жолдарды оқыған соң бүгінде архаизмге айналған «кебенек» сөзінің мағынасын ұқтым. Меніңше, осы көне сөзді қайта тірілтіп, жүннен жасалған «пальто», т.б. сырт киімдер атауына қолданып, тілдік қорымызды өз халқымыздың қазынасы есебінен байыта түсуіміз қажет сияқты. Сондай-ақ орыстың «юрта» сөзі қайдан алынғанын да осы кітаптан білеміз, «юрт –(жұрт)»т.б.сөздерді ежелгі көршілеріміз өзімізден алған!

Иә, бабаларымыз сыртта жүріп өздерін «арийлікпіз» деп көкірек керген халықтардың арасында тілімізге мемлекеттік мәртебе беріп аспандатқан кезде біз тәуелсіздік алған өз елімізде, өз жерімізде осындай биікке шығара алмаймыз ба? Жоқ, мыңдаған жылдық тарихы, абырой-беделі бар қазақ тілі қадір-қасиетін, мән-маңызын еш жоғалтпақ емес, Елбасымыз айтқандай, Қиямет Күнге дейінгі мәңгілік тіліміз мәртебесінен айрылмайды, елдігіміздің басты белгісі болып қала береді. Тек бұл жолда жұмыла тер төгейік.

Заң академиясы болғандықтан қонаевтықтар осы саладағы маңызды істерге баса мән береді. Республикамыздың тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік-құқықтық дамуының өзекті мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға ҚР Конституциялық кеңесінің төрағасы Игорь Рогов, мәскеулік ірі ғалымдар Игорь Мацкевич, Олег Зайцев, қырғызстандық Еркимбек Рахымбаев, Сейил Джумалиева, өзбекстандық Гульчехра Маткаримова, т.б. құрметті қонақтар шақырылыпты. Әрқайсысы салмақты тақырыпта сөз қозғаған бұл жиынның да еліміздегі заң ғылымының дамуына қосар үлесі бар, сондықтан кеңінен талдауды қажет етеді. Бұл істі алдағы күннің еншісіне қалдырамыз.

Гүлбаһрам ЖЕБЕСІН,
Алматы қаласы.

ТАҢДАУ

әңгіме

Мен ортаңғы саяжолмен төмен түсіп келем. Әлгінде ғана Гүлнұр мен Нұғман менен бөлініп, сол қанатқа бұрылған. Ол жақта автотұрақ алаңшасына бар. Мен оларды елемегендей түр көрсетем. Ал ішім қыз-қыз қайнайды. Көңілсіз ойларға шомып, аялдамаға жетем. Автобус тосып тұрмын. Кенет жұтынған сұр мәшине мінген Нұғманды көрем. Қасында Гүлнұр отыр. Капюшонын шешіп, шашын екі иығына түсіріп қойыпты. Екеуі тура алдымнан зыр етіп жүйткіп өте шығады. Мен теріс айналам.

Мен бұл қызды жақсы көрем. Жақсы көретінім сондай, оған басқа оқу тобындағы Нұғманның әдейі келіп жолығып жүргенін байқаған сайын жыным ұстайды. Қалай жынданбайсың. Әдепкіде Нұғман менімен жолдас секілденетін. Соңғы кездері маған үйірілгенін қойды. Неге қойғанын енді түсінем. Түсінем де тістенем. Сәлемдессе, қолын немқұрайлы алам да қоям. Сөйлеспеймін. Оның да менімен сөйлесуге құмартып тұрмайтынын білем. Ол менімен алғашқы курста танысқан қалпынан көп өзгерген. Қазір маған еріксіз, Гүлнұр қасымда тұрғандықтан ғана сәлем береді. Гүлнұрға үзіле, ерекше телміре қарайды. Сондайын көргенде, тіпті, құсқын келеді. Былай қарағанда, курстас достардың бірі. Бірақ өзінің оңбағандық қылығымен мен үшін жиреніштi типке айналып үлгерді.

Әлгінде ғана біз студенттік пікірсайыс клубында бас қосқанбыз. Нұғманның сондағы серкелік сөздерін естісеңіз ғой. Соншалықты бір паң кескінмен, тамағын қынай сөйлеп, біздің айналамыздағы қазіргі ахуалды өзінше түсіндірген болды. Оның қасында оқытушымыз жолда қалатындай. Бейне бір әлеуметтану ілімінің жекедара шыққан жалғыз көсемі тура осы сияқты. Жеркеніп кетесің. Ол жастардың әлдебір қалалық ұйымының жұмысына белсене қатысады. Содан да шығар, оның ой түю көкжиегі көп көтеріліп, кеңейіп кеткен. Білгіш. Тіфу!

– Білесіңдер ме, достар, – деді ол сонда, бізге жоғарыдан төмен қарап тұрып, – қазір қоғамымызды үш қабаттан тұрады деуге болады.

Галстугінің түйінін бір дұрыстап алды да, әлгі айтқан қабаттарын нобайлайтын сызықтарды ауада екі қолымен сызуға кірісті. Әңгімесін ұғымға жеңіл ете түсу үшін. Айтқан үш қабатының қалай орналасқанын бейнелегені кәдімгідей-ақ түсінікті шықты.

– Жоғарыда, – оң қолын кеуде тұсында жаюлы сол алақанының үстіне апарып, екеуін де көкке көтерді, – дәулеттілер тобы бар. Олар аз, бірақ бәрінің үстінде тұрады. Елді билеп, басқаратындар – солар. Жеке басының байлығын жасап алғандар. Үкіметке сондай адамдар ғана барады. Мұны үлкен кісінің өзі айтқан. Өйткені біз байлар қоғамын құрудамыз. Ал елді қалай байытуды солар біледі.

– Сен де білесің бе? – дей салам мен жақтырмаған сарынмен.

Ол менің сұрағымды жауапсыз қалдырады. Тамағын кеңеп, биіктегілердің макроэкономиканы қайтіп құрғаны жөніндегі макротолғамын бастап кетеді. Үлкен бизнес элитасы жайында айтады. Бәрі оған таңырқай, сүйсіне қарап отыр. Таңырқайтын, сүйсінетін реттері бар: ол біз біле бермейтін жәйттер хақында өте еркін, тым сенімді сөйлейді. Сүйсініп отырғандардың бірі – Гүлнұр. Міне ол, мәселені анықтай түскісі келгені болар:

– Бұл ең биіктегі топ қой? – деп сұрайды.

– Иә. Ал одан төменіректе қомақты бір қабат бар.

Нұғман төменіректегі қомақты қабатты тағы да қарама-қарсы жайылған қос алақанымен ауаны сызғылап бейнелейді. Сосын оның атауын:

– Орташалар тобы, – деп нақтылайды. – Мұны қоғамымыздың сүйегі десе болады.

Әлдебір ақылдылардың жиындарына барғыштап жүріп, құлағына құйып алғаны болса керек. Көлденең ұстаған оң қолын маңғаздана көтеріңкіреп:

– Осы топтан жоғарғылар ішіне өтетіндер болады, – дейді. – Табысы молайған жағдайда, әрине... – Сосын сол қолының алақанын төңкере түсіріңкіреп: – Керісінше, әлдебір сәтсіздікке ұшыраған жағдайларда, жоғарыдан төмен сырғитындар да кездеседі, – деп қояды. Одан қос қолын жоғарылы-төменді айқыш-ұйқыш қозғалтады: – Қысқасы, бұл екі топ ішінде өзара алмасулар жүріп жатады.

Түсіндік. Біреулер өте байлар қатарына қосылады, ал өте байлардың кейбірі аздап кедейленеді. Шамасы, оларда да жұт тәрізді бірдеңке ұшырасып қалатын шығар. Нұғман осы үдерісті сипаттауын аяқтай бере:

– Бұлардың табанында қара құрым астығы қабат бар, – дейді.

Өзара байланысқан қос топтан өстіп төмен түседі. Сосын астығы қабаттың қара құрымға толы көлемін құшағын жая бейнелейді. Қолдарын үстелдің үстін жаба керіп, аумақтылығын көрсетеді. Гүлнұр әуестік жетегімен:

– Ал бұл көлемі зор төменгі қабаттағылар кімдер? – деген сауал қояды.

Ананың көзі жарқырап кетеді.

– Неудачниктер, – дейді. Гүлнұрға күлімдей қарайды. Ізінше нақтылайды. Өзінше түсіндіреді. – Бұлар – қалың қара тобыр, – деп саусағын шошайтады. – Өмірде жолы болмағандар. – Мұрнын шүйіреді. – Олар, әдетте, өз күндерін өздері көруге тырысып, ілдәлап жүргендер. Тапса – біреудің жұмысын істейді, итшілеп жүріп алған тиын-тебенімен күнін көреді. Талайы ондайды да таппайды. Кәсіпсіз, жұмыссыз...

Қыз-жігіттер оның қоғамымызды осынша түсінікті етіп жіктеп бергеніне тәнті. Бірге оқып жүрсек те, бізден көш ілгері екенін көрсеткісі келген курстасымыздың даналығына бас шұлғуда. Байқаймын, Гүлнұр да разы. Сонда мен қитығып қалам да:

– Бізді қай қабатқа жатқызасың? – деймін. – Біз қай топта тырбаңдап келеміз?

Саспайды бұл саппас. Паң кейпін бұзбастан:

– Біз әлі мамандық алып үлгерген жоқпыз, – дейді, – сондықтан, оқу жолындағыларды бірден төменгі қабатта деуге менің аузым бармас еді. – Көзін айналдырып, төбеге тастайды. – Дәл картина ертең, біз университетті бітірген соң айқындалады. – Жөткірінеді. – Жұмыссыз қалсаң, – маған қарап, жұмбақтау сарынмен сөзін сабақтай береді, – онда өзіңді төмендегі топта, яғни неудачниктер мен әлеуметтік аутсайдерлер қатарындамын деп есептей бер.

– Ал егер сен жұмыссыз қалсаң ше? – Мен қаным қайнап тұрса да, мейлінше сабырлы болуға тырысып, сұрағымды толықтыра түсемін. – Сен де өзіңді жолы болмағандар мен қатарға ілікпей қалғандар санатына түстім деп ойлайсың ба?

– Мен жұмыссыз қалмаймын. – Нұғман танауын көкке көтереді. – Тек ақылсыздар, білімі жоқтар ғана жұмыс таппайды.

– Ну, Нұғман, сен дегенмен асыра сілтеп тұрсың, – деді менің арт жағымда отырған әлдебір қыз. – Талай білімділер жұмыссыз жүр...

Нұғман қасын керіп, қолын жаяды. Отырғандар күледі. Гүлнұр да мәз. Күйіп кетем. Тістеніп, тағы бір сауал қоюға ыңғайланам. Бірақ біреулер кие-жарып, төменгі қабат жайын жарыса әңгімелей жөнеледі. Нұғманның айтқандарын алыс өңірде ереуілдеп жатқан жұмысшылардың жағдайымен салғастырады. Нұғман разы. Оның теориясының өмір тәжірибесімен дәлелденіп тұрғанын тыңдармандары айтуда. Демек ол – данышпан... Шынымен де солай қабылдаса керек, Гүлнұрдың көзі тұманданып барады. Одан назарын айырмайды. Қалай қапаланбассың.

Қыз-жігіттер орын-орындарынан жарыса үн қатып, пікірталасты жалғастыра берді. Біреуі төменгі қабатта жұмыссыздық көп екенін еске салды. Сол орайда олардың түрлі наразылық шараларын жасауы ықтималдығын екіншісі ескертті. Оған үшіншілері келісіп, енді біреулері күдігін, келесісі толықтыруын айтып жатты. Ал Гүлнұр үнсіз құлақ түруде. Оған да шүкір. Бір кезде пікірсайысшылардың тағы бірітура жанымнан:

– Сондықтан қилы толқулар солардан шығады, – деген болжамын естіртті.

– Демек, ондай келеңсіздіктердің алдын алу керек, – деп, оны келесісі дамытты.

Мұның айтуынша, келеңсіздіктердің алдын алу – жұмыссыздардың тілін табуға тырысу дегенді білдіреді. Дұрыс ой тәрізді. Алайда ондай мүмкіндікке шәк келтірушілік те айтылмай қалмады:

– Алайда бұлар көп-ау, олардың тілін табу оңай болмас.

Осы кезде біздің данышпанымыз әңгіме тізгінін өз қолына алды.

– Олардың тілін табудың не керегі бар? – деді асқақ үнмен. – Өмірде жолдары болмағанын өз талайларынан көрсін. Егер жағдайларын дұрыстауға тырысса, маңдай терлерін аянбай төксін. Сонда біртіндеп ортаңғы топқа тақалулары мүмкін. Болмаса – сол қалың тобырдың ішінде жүргендері. – Иығын қиқаң еткізеді де, даусын көтере сөйлейді. – Достар, естеріңде болсын: артта қалатындар әрдайым кездеседі. Өмір – бәсеке, күрес. Онда тек күшті ғана жеңеді. Табиғаттың өзі сұрыптайды. Бұл бүкіл әлемде солай, біздің елде оқыстан пайда болған тосын жаңалық емес.

Көсемсуін. Бүткіл жұртты аузына қаратып, әрдайым шамшырақша жанып тұрғысы келетіні анық байқалады. Көзім шалып қалды: Гүлнұр оның үйлесімді шатпақтарына арбалыпты, аузын ашып алға ұмсына түскен. Тағы да басы айналды десейші. Ызам келеді. Бірақ мейлінше сабырлы болуға тырысам.

– Тыңда, достым, біздер ғой – тәуелсіздік құрдастарымыз, – деймін, – сол себепті тәуелді дәуір шындықтарымен тікелей таныс емеспіз. Алайда сол заманды көрген ересек ұрпақтың айтуынша – бұрын біздің елде мұндай әлеуметтік қабаттар бары естілмепті.

Нұғман тосылмайды.

– Совковая показуха, – деп бір кесіп тастайды да, сөзін немкетті сарынмен сабақтайды. – Кеңестік кезде де мұндай топтар болған, тек айтылмайтын...

Мен онысымен келіспеймін. Нұғманның да бұл өмірге, осы отырғандардың көпшілігі секілді, тәуелсіздікпен бір жылда келуі себепті, кеңес өкіметі тіршілігінің исі мұрнына бармайтыны анық. Сондықтан да оны соншама немқұрайды кескінмен жамандай салуы жынымды келтіреді. Қазіргі жаргонға салып, «советтік дәуірдің жасанды жағымдылығының көрінісі» деуін қарай гөр... Сыпайы ғана:

– Әйтсе де дәл осы күнгідей әділетсіздік ол заманда болмапты, – деймін. – Жұмысшылар, әсіресе кеншілер, жалақыны кеңсе қызметкерлерінен әлдеқайда көп алған деседі...

Сондай сыпайыгершілікпен сөйлегеніме өзім таңғалам. Гүлнұр да таңырқаған сияқты. Селт етіп, үстел арқалығына сүйенеді. Маған көзінің қиығын тастап, күлімдейді. Жүрегім дір ете түседі. Сыр білдірмей, пікірлесу барысын аңдаған болам. Оным дұрыс та екен. Өйткені Гүлнұрдың жүзі тез-ақ қайтадан төрге бұрылды. Анау жоспарлы және бәсеке еңбек хақындағы бірдеңелерді құлақ құрышын қандыра гөйітіп жатқан. Күйесің бе, күймейсің бе – соған Гүлнұр қайтадан елтіді де қалды.

Рас, бұны бір құдды көктегі күн дерсің. Ылғи назарда. Меніңше, шақырайған, бірақ жылуы жоқ қысқы шамшырақ секілді. Соған да алданады екен-ау... Көңілсізденіп кетем. Клуб мүшелері еске алғандай, алыс бір қиырда Нұғман айтатын төменгі топтағы аутсайдерлер пәлен ай бойы ашық аспан астында қол жайып отыр. Одан өзге мәлімет сараң. Бірақ бірден-бір білгіш – осы Нұғман. Сондықтан да құрбыларымның бәрі соған қарайды. Алайда заманамыздың бұл жарық жұлдызына мен сенбеймін. Маған оның айтқандары жасанды тәрізді. Себебі, жолы болмағандарды түсінетін сияқтымын. Жақтасам ба, жоқ па, қайдам, бірақ жүрегімнің түкпірінде олардың ақтығына деген сенім жатқандай. Мынау соларды жамандаған сайын – бұған емес, ішкі түйсігіме сенгім келеді. Неге екенін білмеймін, бірақ солай.

Менің күйетінім – Гүлнұрдың соған бар ынтасымен құлағын тоса қалатыны. Енді қайтсін – бұл қаншама биік, аспани сөздер айтуда. Көктегі күнше жарқырап тұр. Қазіргі замандағы еңбек қатынастарын соншама әрлеп жырлауда. Өз пайымын дәлелдеу үшін, тіпті, Конфуцийді алға тартқанын қайтерсің. Жұмыс беруші мен жалданушының өзара қатынасы әке мен баланың ара-қатынасындай болу керек дейді. Айтарын алып ойшылдың фәлсафасымен тұздықтағанынан ба екен, Гүлнұр ғана емес, күллі клуб мүшелері аузын ашып, көзін жұмады. Құдды бір кемеңгерді тыңдағандай. Ызам келеді, бірақ білдіргеймін. Мен оған бәрібір сенбеймін. Маған оның конфуцийшілдігі жалған тәрізденеді.

Менің көңіліме өз мүддесін қорғаушылар жақын. Әділдік сұрағандары үшін. Бітті. Ал оларды менсінбейтін шешенге, курстасым болса да, жеркеніп қараймын. Солай. Бірақ, амал не, оның жылтыр сөздері қатарымызды, әсіресе Гүлнұрды тәнті етіп тұр. Ыза болам. Қимаймын. Ішкі сезімім оның өз жағымда екеніне, әйтеуір, күдік келтіртпейді. Менің қалаулым жылуы жоқ жарқырауыққа алданбауға тиіс. Менің жүрегімнің түкпірінде сондай үміт бар. Мен соған сенгім келеді...

Аялдамаға менің күткен автобусым келіп қалды...

...Тәуелсіздік монументі түбіне бір қора жұрт шоғырланған. Аязды күнгі ауада аузының демін бұрқ-бұрқ будақтатып, бір байырғы саясаткер сөйлеп тұр. Дауыс зорайтқыш жоқ, сондықтан тамағын жырта айқайлауда. Қолын жігерлене сермеп қояды. Алыста орын алған тәртіпсіздіктер үшін жорымалы біреулерге кінә артуда. Кеше кешкісін бір жайсыз хабар естігенбіз. Мына кісі соны өршелене дамытуда. Ол көпшілікті әлдебір жаққа баруға шақырып, сөзін ұрандата аяқтады. Сосын монумент баспалдақтарымен нық басып төмен түсті. Топты жарып шетке шықты да, алаң жиегімен көшеге беттеді. Соңынан жақтастары топырлап кетіп бара жатты. Мен биікке көтерілген келесі шешенге қарадым. Ол қолымен айналасын нұсқап, алаңның бұдан ширек ғасыр ілгергі кейпі жайында айтып жатты. Көкейдегіні айтып жатқан секілді: халық сөзін әлсін-әлсін қол шапалақтап қолдап қояды. Сосын бір ақын жұлқынып өлең оқыды. Тыңдаушылар ризашылықпен қол соқты. Осы кезде біреу ту сыртымнан ақырын үнмен:

– Нығмет, – дейді.

Мен дір ете түстім. Тұла бойымды қуалап ыстық қан жүгіріп өтті. Үндемеймін. Мелшиіп тұрмын. Ол қатарыма келеді.

– Неге ештеңе айтпай кетіп қалдың?

Мен әрең дегенде оған қарай бұрылам. Жан-дүниемді еріткен нәзік үн иесіне бір жылы сөз арнағым келеді. Бірақ тап сол кезде сонадайда тұрған Нұғманға көзім түсіп кетеді. Ойымнан айнып қалам. Көзіммен монумент түбіндегі жұртты нұсқап, салқын ғана:

– Мен ескерткішке мана мыналармен бірге тағзым еткенмін, – деймін, – сондықтан осылардың соңынан жүре бердім.

Әлгінде онымен «Тәуелсіздік таңы» жанында кездескенмін. Сол кезде Нұғман да сап ете қалған. Бізді ескерткішке гүл қоюшылар сапына тұруға шақырған. Гүлнұр ұсынысты қуана қабыл алды. Ал мен үнсіз, кері шегіндім. Олармен жүргім келмеді. Екеуі кезек күтіп тұрған топ жаққа кеткен. Ал мен ескерткіш етегінен шығып, Тәуелсіздік монументіне бет алғандарға қосылғанмын. Бар болғаны сол.

– Нығмет, қазір бір маңызды кездесу бар екен. Кешегі дүрбелеңді оқиғаға байланысты. Жастар арасына белгілі жазушылар келмек көрінеді. Нұғман апарам дейді, жүр, бірге барып қайтайық.

Тағы Нұғман... Мен тітіркеніп кеттім. Бастарттым, әрине. Олар монументтің артын айналып, төменге беттеді. Төменде Нұғманның мәшинесі тұр. Мен алаңмен оңға қарай жүрдім. Жылдам жүріп кеттім. Олардың мәшинегі қалай мініп жатқанын көрмесем деймін. Алдымнан әлдебір түсініксіз қарбаласты аңғардым. Алаңнан төмен созылған көше бойы қыбыр-жыбыр. Екі-үшеу жақсы киінген ересек кісіні қолтықтап сүйретіп барады. Тағы біреулер адамдарды бір-бірлеп автобусқа мінгізіп жатыр...

...Үйде мен әлемдік өрмектор желілеріндегі бекеттерді кезек-кезек ашумен болдым. Мереке күнгі оғаш көріністермен және солардан туған ой-пікірлермен тағы таныстым. Әлдебір лауазымды оқымысты мейрам күні елдің берекесін алғандарды аямай жазалау керектігі жайында сөйлеп жатты. Келесі бір видеохабарда жергілікті маңғаз әскери бастық ереуілдеген тобыр жағына шыққан әріптесін қақ маңдайдан атып жібергенін хабарлады. Шені одан да үлкен бір лауазым иесі кіжініп, егер бұзақылар тағы бас көтерсе, ондайларды аямай атуға өзі бұйрық беретінін мәлімдеді.

Ызғарлы сөздер. Мен сайттарды ақтаруды доғардым. Клубымыздағы кезекті бас қосуға жиналдық. Қыстың осы бір беймаза күндері баршамыздың өз беттерімізше теледидардан, интернеттен көріп-естіп білгендеріміз шамалас сияқты. Бірақ, баяғы Нұғман... Ол қашанғысынша бізден көп хабардар. Араласатын ортасы биік дәрежелілерден, сол себепті бізге беймағлұм жәйттер оған мәлім. Міне ол сөз алды. Алыс өңірдегі әлемді елеңдеткен келеңсіздікке түсіндірме жасап тұр. Баяғы әлеуметтік қабаттарын тіліне тиек етеді.

– Жоғарғы және ең төменгі топтар арасын ушықтыруға мүдделі біреулер бар, – дейді ол, – бүлікшілдерді алыстан қаржыландырып, шоқ-шоқ деп қарап отыратын зиянкестер. Соларды ұстап алып, сазайын тартқызу керек.

Осының да шығармайтыны жоқ. Мен тыжырынып:

– Қаржыландырғаны қалай? – деп сұраймын.

– Не қалайы бар, қаладағы жұмыссыздардан топ құрған. Әрқайсысына жиырма мың теңгеден ақша берген. Сөйтіп соларға ғимараттарды өртеткен. Мейрам өтіп жатқан жерді ойрандатқызған. Полицияға қарсы айдап салған. Әне, ақша не істетпейді.

Нұғман мұны өз сөзіне өзі соншалықты бір иланған кескінмен айтты. Мен оның әлдекімдерден естіген сөздерді қайталап отырғанына күмәндаймын. Тотықұс ол. Айнытпай қайталайды. Бірақ тағы да соған менің Гүлнұрым ұйып отыр. Қалай күймейсің. Жоқ, тотықұстың өтірігін әшкерелеу керек. Іштей осылай түйем де, клубтан шыққаннан кейін құрбымды нағыз әділ сөз айтатын кісіге ертіп апармақ болам. Қайтерсің, Гүлнұр қабыл алмайды. Күлімсірейді. Қажет емес дейді. Сосын мені одан сайын торықтырып, тағы да Нұғманның шақыруын қабыл алады. Маған елеусіз иек қағады да, Нұғманға ілесіп, автотұраққа қарай жүре береді.

...Мен Ерік ағама өзім баруға бел байладым. Бардым. Бірақ ойлап келгенімді сұрай алмадым. Оның қажеті де жоқ болып шықты. Өйткені, үйіне кіргенімде, күллі естіп-көріп білгеніме төңкеріс жасаған бір жәйтке ұшырастым. Ерік аға кішкене немересімен бірге отыр еді. Әке-шешесі балақайды атасы мен әжесіне төрт-бес күнде бір әкеліп, бірнеше сағатқа қалдырып кететін. Ол келген бетте атасының тізесіне мініп алып, бірден компьютерді иемденетін. Талай көргем. Курсорды ютуб терезешесіне апарады. Одан клавиатураны кішкене саусақтарымен нық басып, жаттап алған әріптерін тереді. Сосын жыпырлап шыға келген сурет-таңбаларға қарайды. Таңдап, өзінің жақсы көретін мультигін ашады. Мен оның Айда туып, Жерге түскен бір ғаламат тіршілік иесінің бастан кешкендерін жалықпай қызықтайтынын білетінмін. Тағы да сол ғаламат достары қоршаған Айбегін көріп отырған шығар деп шамаладым.

Аса дұрыс шамаламаппын. Ерке сәби бұл жолы атасына әмір жүргізбеген сияқты. Бұрынғысынша алдында отырғанмен, монитордағы әлдебір ересектер бейнеленген көрініске атасымен бірге үңілуде. Жандарына келдім. Қайта қойылған роликке көз салдым. Алыста – өртке оранған ғимараттар. Беріде – жыпырлаған, әлдеқайдан жүгіре басып тарап келе жатқан адамдар. Біреу құлап түсті. Төрт-бес кісі оны көтеріп ала жөнелді. Көшеде ақ қалқанмен құрсанған жауынгерлер сап құрып жүріп барады...

Атасының қобалжулы көңіл-күйін анық сезінген Толағай балақай кинодағы көрініске түсінік беруін сұрап отыр. Ана сап құрып келе жатқандар кімдер?.. Неге қалқандары сондай үлкен?.. Мыналар ше?.. Бұлар неге қашып келеді?.. Тарсылдап жатқан не?...

Сүйір қалпақты бір жас жігіт кері қайрылып, артына тас лақтырды. Жанындағылар жүгіріп қаша бастады, ол да кейін жүрді. Асықпай адымдайды. Кадр сыртынан: «Мына бала неге қашпайды екен басқалар сияқты, кетсейші тезірек!» – деп ышқынған дауыс шықты. Көріністі жоғарыдан видикке түсіріп тұрған әйелдердің бірінің даусы. Кенет көшеден үйлер арасына қарай қашып бара жатқан адамдар көрінді. Әлгі бақылаушы әйелдің бірі: «Ойбай, бірдеңе болды анаған!» – деп шошына айқай салды. Біреулер құлап-құлап түсті. Видеодағы қорқынышты көріністерді әйелдердің кадр сыртынан естілген үрейлі үндері үстемелей түсуде: «Әне, бронжилетпен келе жатыр!» «ОМОН емес пе?!» «Иә-иә, ОМОН!» «Қашсайшы, қасқа бала-ау, өлесің ғой!» «Ойбай!»

Жығылғандардың бірі ұшып тұрды да, қайта құлады. Өзге де қимылсыз қалғандар көрінді. Құлаған жерінен жанұшыра көтерілген келесісі жалғыз аяқпен секеңдеп қашты. Енді бірі жандәрмендеп еңбектеп бара жатты. Төрт-бес қалқанды полицей оны қуып жетіп, шоқпармен соққылауға кірісті. «Анаң қара, өлтірді! Ойб-а-ай-ойбай!» «Әне, өлтірді...» Қуып келе жатқан әскерилердің ішінен жәй азаматша киінген біреу оқшауланды. Көше шетінен шыға бере, тапаншасын қос қолдап алға кезеніп тұра қалды. Атқылап тұр. Қалқан ұстағанның бірі жерде жатқан жігітті бастан тепті. «Ойбай, өлтіріп жатыр, әне!» Көше бойы тарс-тұрс атыс. «Әне, ана балаға да оқ тиді!» «Қара, мына қашқан адамдарды арғы жағынан қоршап алмақшы». «Жан-жақтан тықсырып келе жатыр». «Әй, бүйтіп атуға болмайды ғой! Соғыс па еді бұл, жалдаптар?!!!» – дейді күйінген әйел даусы.

Монитордан көз алмаған Толағай балақай жыламсыраған үнмен:

– Неге өйтеді, ата?! – деп қалды. – Жамандық жасауға болмайды ғой! – деді жаутаңдап.

Сағыныш тәтем қасына жетіп барды. Шекесінен иіскеп, сүйіп, жұбатып жатыр. Бұл кино ғой дейді. Өбектеп, бәйек болуда. Біз үндемедік. Видеобейне таусылды. Ерік ағам діріл араласқан дауыспен жәй ғана:

– Мына видеокуәлік алдамшы жамылғыны сыпырып тастады, Нығметжан, – деді.

Денемді суық тер жауып кетті. Мен үйге келіп, компьютерімді қостым. Әлгі роликті тауып алдым. Гүлнұрдың ұялы телефонының нөмірін тердім. Ол аңтаң. Құты қаша тыңдады. Желіде мұндай бейнекөрініс пайда болғанынан әлі бейхабар екен...

...Ертеңіне осы уақытқа дейінгі білгеніміздің астан-кестенін шығарған ролик жайын әңгіме еттік. Курстастармен кездескен бетте. Біз бұл жайында дәрістердің ара-арасында да қызу пікір алыстық.

– Құрастырылған, – деді Нұғман қашанғысынша менмен білгірлікпен. – Өте шебер қолмен жасалған монтаж. Оны істегендер әлі-ақ табылады. Заң алдында жауап береді.

– Жоқ, – дедім мен, – ол ешқандай да монтаж емес. Табиғи суреттер.

Анау өз пікірінен таймады. Балалар екіұдай ойда қалды. Жаңа видеотаспа біразына бейтаныс екен.

– Арандатушының қылмысы көп ұзамай-ақ ашылады, – деп, Нұғман кесімді сөз айтты. – Оны кім түсіргенін із кесуші арнайы орган ендігі анықтаған да болар. Нағыз халық жауы – сол жауапсыз. Ол әлі түрмеде шіриді.

– Ол – жауапсыз емес, ол – нағыз жауапты адам! Оны мадақтау керек, мақтан ету керек, – дедім мен қырсығыңқы үнмен тістене сөйлеп. – Себебі онда құрастырылған дәнеңе де жоқ, ол сенің көз боғыш жалған ақпараттарыңды әшкерелеп тұр. Сол қысқа көріністі түсірген және ебін тауып желіге салған адам – нағыз қаһарман! Халық жауы ол емес! Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам!

– Кімдікі өтірік екенін әлі көрерміз, – деді Нұғман сұстанып.

Гүлнұр үндемеді. Жүзі әлемтапырық. Дәрістер аяқталғанға дейін ешқайсымызбен сөйлескен жоқ. Оқу корпусынан шығып, қар басқан ортаңғы аллеяға түскенімізде, Нұғман тағы да Гүлнұрға қапталдаса тақалды. Әдеттегісінше өзімен ала кетпекке шақырды. Автотұрақта оның жап-жаңа әппақ внедорожнигі тұр. Мен көңілсізденіп кетем. Анау әлдене деп сөйлеп келеді, ал мен оларға назар аудармаймын. Елемеген түр көрсетем. Дұрысында, жорта солай етем. Ернімді қыршып ала жаздаймын. Гүлнұрдың дыбысы шықпады. Көзімнің қиығымен аңғардым: басын шайқады. Олар тағы бірлі-жарым тіл қатысты. Сосын Гүлнұр маған қарай ығысты.

Мен түс бермеймін. Көзімді алдымнан айырмаған беті, онымен қадамымды теңестірем. Екеуіміз қатарласып жүре бердік. Мұндайды күтпесе керек, Нұғман аңтарылып, қалшиды да қалды.

Автобустың аялдамасында тұрмыз. Алдымызға үлкен ақ джип келіп тоқтады. Нұғман. Түсіп, бергі жаққа шықты. Мәшиненің екі есігін де айқара ашты. Бізді ішке шақырды.

– Келіңдер, үйлеріне апарып салайын...

Мен Гүлнұрға көз тастадым. Ол басын шайқады.

– Міне, автобус та келді, – дедім мен.

Гүлнұр басын изеді. Біз аялдай берген автобусқа қарай жүгіре жөнелдік...

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ

ЖЕЛТОҚСАНДА ТӨГІЛГЕН ЫСТЫҚ ҚАНЫ ЖАСТАРДЫҢ...

Ислам-Ғали ҮРКІМБАЙҰЛЫ
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Республикалық «Жігер» жыр фестивалінің лауреаты.

НАМЫС ЖЫРЫ

1986 жылғы желтоқсан көтерілісінің
құрбаны, жерлесім Ербол Сыпатаевтің
аруағына бағыштадым.
Автор.

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір жорға бос келеді...»
«Елім-ай» әні

Бүкіл қазақ даласы жаралғандай намыстан,
Намыстанса төсінен алай-дүлей шаң ұшқан.
Ұланы да даланың қыранындай шүйіліп,
Басын тігіп жауымен намыс үшін алысқан.

Сол боздала, боздала, не қырсықты көрген жоқ,
Қойнындағы асылын кімдер келіп терген жоқ.
Осы байтақ даланы ұрпағына қазақтың,
Алып келіп бір жақтан нағашысы берген жоқ.

Ол өзінің меншігі, ол өзінің жүрегі,
Сол далада жылайды, сол далада күледі.
Құшағында жатады өлген соң да сүйегі,
Халық оны сондықтан аялайды, сүйеді.

Ерке ұлы даланың еркіндікті көздеген,
Азабыңа төзсе де, мазағыңа төзбеген.
Көнбістігін жуастық деп білгендер,
Жанының,
Тереңінде жататын жалын барын білмеген...

Желтоқсанда ызғарлы,
Ұлы сынақ басталды,
Жалыны жоқ пенделер, жанын сақтап, жасқанды.
Бүкіл қазақ тағдыры түскен кезде сарапқа,
Намыс оты алаңға алып шықты жастарды.

Ербол Сыпатаев та сол толқынның бірі еді,
Жас болса да халқым деп соққан балғын жүрегі.
Желтоқсанда алаңға шыққан әрбір боздақтың,
Ел намысын таптатпау, болды жалғыз тілегі.

«Ұлтшылдық» мойнына кигізілген қамыт боп,
Боздаласы өзіне жатқан кезде «табыт» боп.
Аз дегендей осылар, енді міне қалмақшы,
«Өзін-өзі билеуге жарамайтын халық» боп.

Осыны ойлап Ерболдың жанарына жас толды,
«Неге заман біздерге осыншама қас болды?!
Абылай мен Абайдың ұрпағына мінеки,
Қаңғып келген бір тексіз, баса-көктеп Бас болды.

Ей жас толқын, Жас толқын!
Майданға шық, майданға!

Құл-құтандай жалтақтап, босағаңда байланба!
Тіліміз бен дініміз, салтымыздан айрылып,
Кемесіндей Аралдың, шығып қалдық қайраңға.

Төзімнің де шегі бар,
Жеттік міне шегіне!
Анам берген жас өмір арналады еліме...»
Шақырылған алыстан келіп қалды жендеттер,
Темір сойыл қолға алып,
Күрек ілген беліне.

Үйретілген осылай,
Қазақты олар жат көрді,
Билік пенен бұйрықты басындағы бақ көрді.
Өзіміздей бұлар да адам-ау деп ойламай,
Қойды көрген қасқырдай тұс-тұсынан тап берді.

Бір халықтың ұрпағы қарауылға ілінді,
Қайырымсыз қолдармен қара шаштар жұлынды.
Қыпша белін арудың керзі етікпен езгілеп,
Алау жүздер күректің қырыменен тілінді.

Бұл халыққа олардың ата кегі кеткен бе?
Әлде тұқым-түбіне осы қазақ жеткен бе?

Жымияды кектене еңгезердей бір жендет,
Екіншісі жас қызды құрсағынан тепкенде...

Бейбіт шеру осылай, ұшырады жазаға,
Өршеленді жауыздар, жазала деп, жазала!
О, құдірет сол сәтте күңіренді ғажап ән,
Мынау неткен ән еді,
Жоқтау ма, әлде, аза ма?!

Көз жасына тұншығып, жылап өткен елім-ай,
Еркіндігін құдайдан сұрап өткен елім-ай.
Жылап өткен елім-ай,
Сұрап өткен елім-ай.

«Елім-ай» боп алаңға шыққан жұрттың ұраны,
Елім-ай деп ұмтылып,
Елім-ай деп құлады...
Осы сәтте Ерболдың жан дауысы естілді:
- Ей, тоңмойын басшылар,
Тоқтатыңдар мынаны!

Өзі алға ұмтылды шегінуді ар санап,
Бүлдіршіндей бір қызды денесімен қалқалап.
Темір сойыл қапыда шүйдесіне қадалып,
Құлай берді «апа» деп...
Құлай берді шалқалап...

О, қандықол қарақшы,
Қолың неге сынбады!

Сынбақ түгіл әттең-ай, қан төктім деп қыңбады.
Жалын атқан жас ұмыр қанға бөгіп жатқанда,
Шіміркеніп бір сәтке мойынын да бұрмады.

О, қыршын жас!
Қыршын жас!
Биік еді арманың,
Арманыңды халқыңның тағдырына жалғадың.
Ердің ері сыналар күн туғанда жасқанбай,
Ел намысын өзіңнің Өміріңмен қорғадың!

Елім деген ер ұлан қашан тізе бүгіпті,
Қырсығы да заманның, қырқа алмады үмітті.
Желтоқсанда төгілген ыстық қаны жастардың,
Қатып қалған беріш боп, заман тоңын жібітті.

Жасап келген халыққа, жасанды әуре-сарсаңды,
Өзімшілдік жүйеге өзгелер де қол салды.
Қазағымның жастары, дүр сілкінтіп Әлемді,
Тәуелсіздік таңына қанын төгіп жол салды,

Ербол, Қайрат, Ләззәттай,
Жанын қиған ар үшін,
Сарқылмаса ұл-қызың, сарқылмаса арысың.

Қалай сенер, еліктің лағындай,
Жаутаңдаған Ләззәтің жоқ дегенге.

Жетпей кетті-ау шіркін-ай, қанша арманға,
Келемін деп сұм ажал жар салған ба?
Тілемеуші-ед құдайдан басқа қызық,
Тамылжытып Ләззаты ән салғанда.

Гүл еді ғой...
Гүлден де көркем еді,
Аймалады, мамалап еркеледі...
Анасын ол тым ерте қуантып-ед,
Қайғысы да, япыр-ай, ерте келді.

Тағдыр осы қызығын қызғанды ма?
Кім кінәлі шаттығын бұзған мына?!
Үлбіреген аяулы нәзік гүлі,
Желтоқсанның ұрынды ызғарына.

Кім кінәлі?!
Құдай ма, адамдар ма?!
Ей адамзат, билетші санаңды арға!
Кімді қырып тастар-ед, жалаң қолмен,
Бейкүнә жас, жиылған алаңдарға?

Неге ұмтылдың анталап, қамағалы?
Неге ұмтылдың қасқыр боп талағалы?

Жығылмайды туың да, қор балмайсың қазағым,
Тапталмайды ешқашан, тапталмайды намысың!!!

ГҮЛ – ӨМІР

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің
құрбаны, жаркенттік балауса қызымыз
Ләззәт Асанованың анасын жұбату жыры.

Ұйқылы-ояу пенделер не біледі?
Шашын жайып мұңды ана егіледі.
Құмсағаттан құйылған түйіршіктер,
Жегі құрттай өмірді кеміреді.

Құмсағаттан құм сырғып төгіледі,
Тәңірге аян,
Пенделер не біледі?
Сорлы ананың көз жасын сорғалатып,
Ерте үзілген қызғалдақ – өмір еді.

Қасіретті кім қалай қабылдайды,
Тұңғиыққа тартады қалың қайғы.
Тіршіліктің бір гүлін үздім-ау деп,
Жүрісінен уақыт жаңылмайды.

Сағынатын бір сәтке өппегенге,
Бақытты еді бүршігі көктегенге.

Келеді деп ақ ботам, үйлерінде,
Күтіп отыр еді ғой... а н а л а р ы.

Қырылғандар уыздай жастар еді,
Жендеттері – азаттық қастары еді.
Қанжоса ғып алаңнан қумасаң да,
Қай қамалды төңкеріп тастар еді?!

Енді міне, ата-ана, бауырына,
Қасірет боп, қалың ел, қауымына,
Алматыға жайраңдап кеткен ару,
Табытпенен оралды-ау, ауылына.

Тағдырдың бұл жазмыш, азабы ма?
Жоқ, озбырдың көрсеткен мазағы ма?
Намысы үшін Елінің, жанын қиып,
Таң атқанын көрмеді Қазағына...

Құм сағаттан құм сырғып төгіледі,
Құсалы ана қайғыдан егіледі.
Желтоқсанның ызғары қарып өтіп,
Ерте үзілген қызыл гүл – Өмір еді.

Айыптыны уақыт қаралады,
Сол боздақтар Заманды жаңалады.
Желтоқсанның Ләззәттай құрбандары –
Есімдерің жұлдыз боп жанады әлі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ТӘУЕЛСІЗ ЖЫР

Нұрбол ИБРАЕВ

1991 жылдың 17 сәуірінде дүниеге келген. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы бакалаврын тәмамдаған. 2010 жылы «Қанаты жоқ періште» атты жыр жинағы жарық көрді.

Қазіргі таңда Ақтөбе облысы, Мұғалжар аудандық білім бөлімінің әдіскері болып қызмет етеді.

Құлағымда күмбірлемей құсалы үн,
Көктем болып гүл көмкерді құшағым.
Ата-бабам арман еткен Азаттық,
Сені бүгін жанарыммен құшамын.

Арманы асқақ әнге салып ел бөтен,
Көктемедей көңіл де кең, жер де кең.
Боз ала таң нұрын шашқан Бостандық,
Сені бүгін алақанда тербетем.

Далам түзеп домбырамның тиегін,
Елім жайлы күй толғады Киелім.
Еңсесі биік Егемендік, мен сені,
Жыр толқыған жүрегіммен сүйемін!

Босағама бақ қонбаса не етер ем?
Өзегімде өрілгенде от өлең.
Айналайын Тәуелсіздік, мен сені,
Аспаннан да биік етіп көтерем.

...Өшпесе деп ұлылықтың ұлы әні,
Ұлтым жайлы жазылады жыр әлі.
Елді көрсем күлімдеген қайғысыз,
Қуаныштан жылағым кеп тұрады.

Тілеп тұрып Күн шапағат, Ай медет,
Елім жайлы дұға етемін ой демеп.
Азаттықта азат өлең жазам да,
Сыбырлаймын Тәңіріме "тәубе" деп...

ӘЖЕ

Жазайын десем жалынды өлең,
Ұрлап кетті ме бағымды әлем?
Уақытпен бірге ілесіп кеткен,
Бақытты күнді сағындым, әжем.

Дала қаңырап, бала жамырап,
Ажалға болмас араша бірақ.
Қара кемпірдің ақтық демімен,
Қара жамылды қарашаңырақ.

(Қоштасу деген екен бе оңай?)
Алдырма бойды секемге Құдай.
Ажалың сені шығарып салды,
Ақ шалың жатқан мекенге қарай.

Ақ жаулығыңды тастадың жерге,
Ақ кебініңді жастадың көрде.
Жұбаныш қылған әкешім сені,
Еркелейді енді басқа кімдерге?

Тілекші едің жаман ұлдарға,
Жеткізсін саған хабарымды Алла.
Бейнеңді сенің көріп тұрамын,
Әкемнің мұңлы жанарынан да...

Тұмшаланды көп сор қабағымда,
Қайғымды жеңер жоқ амалымда.
Қайрылмай кемең келмеске кеттің,
Иісің қалды тек орамалыңда...

Шөбере сүйіп бақ кешем дедің,
Жеткізбеді оған тап кешегі өлім.
Пейіште жаның шалқып жүрсінші,
Әкемді баққан «ақ шешем» менің!

***

«Сен менің жүрегімде мәңгіге жұмбақ сезімсің...»
(Сенің естелігіңнен)

Мағынасыз тірліктегі мұңды ұрлап,
Жылап жатқан сорлы сезім, солғын бақ...
Жүрегіңмен назыңды айтып ең соңғы,
Жанарыңмен бара жаттың қол бұлғап.

Қоштасудан сезім өлер жатқа әйгі,
Білем жаным, бүгін бізден бақ тайды.
Мен ұмытып кетемін ғой шара не,
Жүрегім де қайғы жұтып жатпайды.

Бақытына апармады басқан із,
Тағдыр алдап, кездестік-ау босқа біз.
Осы бақта өкініштен өртенгем,
Бірақ онда... жылап тұрды басқа қыз.

Кешір, тағы бола алмаған жан жарым,
Абыройыңа дақ түспеді, Арға мін.
Сезім – қаңбақ, келеді де кетеді,
Өмір өзі дұрыстайды қалғанын.

Сағыныштың сарсаңына төзер кім?
Келеді әлі сезімімді сезер күн.
Күнде ойлап жатпасаң да, өз еркің,
Мәңгі есте сақтасаң да, өз еркің!

Махаббатта бар ма өзі сірә мән?
Бақытты бол, бағыңды тап, жүр аман!
...Қимастықпен өшірілді тағы да,
Телефонның тізімінен бір адам.

***

Бағаладым басқа қонған бақ қой деп,
Өлең болып өрілгенде тәтті ой кеп.
Ақ бақытым аппақ таңмен оянды,
Сен күлімдеп киген кезде ақ көйлек.

Тағдыр сені қай бағыма сыйлады?
Арылмайтын ойым болдың мидағы.
Қыз күндегі қырсықтықты қойдың да,
Ата-анама келін болдың ибалы.

Шаттықпенен әрленсін де әр түнім,
Махаббаттың мезі етпесін шарты мың.
Босағасы берекелі үй болу,
Тек еркекке қатысты емес, жарқыным.

Серілікпен шертілсе де сырлы әнім,
Сен туралы жазылады жыр да мың.
Мықты ақынға өмір бойы жар болу,
Ерлікпен тең екендігін біл, жаным.

Көмейімнен тербетіліп өлмей ән,
Менің мәнді махаббатым кімге аян?
Тағдыр берген куәлікке ойланбай,
«Сені өлгенше сүйемін...» деп қол қоям.

***

Ақ ниетін ақтаруда көп халық,
Мойнымызға жүк артар күн жетті анық.
Жібересің көңіліме кірбің сап,
«Мені қатты сүймейсің сен» деп қалып.

...Сені сүйдім жан-тәніммен өбектеп,
Сенсіз күнім қараңдығын біл ептеп.
Еңлігім деп елітпеймін жаныңды,
Сен де мені ойлай көрме Кебек деп.

Жүрегімді қозғады екен қай мұңың?
Еркелеткім келді сені жай бүгін.
Маған мұңы қажет емес Мәжнүннің,
Саған көркі қажет емес Ләйлінің.

Сезіміме байлана ма енді бақ,
Сенделсем де өлеңімді кем құрап?
Мамыр болып мамыражай күн кешсең,
Қалқаман боп жарытпаймын мен бірақ.

Мейлі өкін, мейлі түсір еңсені,
Сезімнің де бола ма екен өлшемі?
Баяным боп баянды өмір сүрсең де,
Қозың болып іздемеймін мен сені.

Не қылсақ та апармайды өткенге із,
Бұл некеге, куә болсын көктем, күз –
Сенің тәтті сезіміңнен нәр алып,
Менің қатты сеніміммен жеткенбіз!

Сондықтан да... сол қалпы күн өтеді,
Сол қалпында гүлге оранар етегі.
...Жаным, сені шын бақытты қылуға,
Нұрбол болып сүйгенім де жетеді.

ЖАЗМЫШ

«Я не люблю когда мне врут, но от правды я тоже устал.»
(Виктор Цой)

Сол... Жылауық жүрекпенен аш көңіл,
Өзгергем жоқ, өзгерді тек қасқа өмір.



Таңдайыма сөзі түспей Тәңірдің,
Маңдайыма жазылды ма басқа жыр?

Сұлбасында шексіздіктің жоқ хабар,
Бір басымда бақытсыздық, бақ та бар.
Есігінен теуіп кетіп Өмірдің,
Бақи ғана қалды маған аттанар.

Пешенеме бұйырғанын сезді ме Ес?
Тірілерге жақпай жүр ғой бұл мінез.
«Өтірікті жек көремін! Бірақ та,
Шындықтан да шаршап жүрмін соңғы кез.»

Ессіз Өмір есі кетіп жалмаңдап,
Сірә, маған бұйырады жалған бақ.
Соңғы өлеңді оқып берем Ажалға,
Соңғы демім қалғанда-ақ...

Күтіп тұрған жұмағым жоқ, кірер ем...
Менде бары – аңқау жүрек, кір өлең.
Білгеніңді істей берме, ей, Өмір,
Жөргегіңді жерге тығып жіберем!

Қансыраған сенімімді құртқанмын,
Кімдер келіп жыр-көземнен ұрттар мұң?
Тәңір мені Ақын етті, сезем мен,
Әңгімесі қажет емес қырттардың!

Арманымды өлтірме не, өлтір не,
Өмір деген өзгермейтін кең түрме.
...Сайтан алғыр, өлемін де қаламын,
Сайқал Өмір, ашуымды келтірме!

***

Жылама жаным, жылама жаным...
Сейілмес қайғы жылаумен.
Ауыр болды ма сынағы Алланың,
(Тіл табыспадың ба Құдаймен?)

Кем емес едің өр емендерден,
Тағдыр ма сені жүдеткен?

Құла жапанда Төлегені өлген,
Аумай қалдың ба Жібектен?

Келмеске кетті сүйіктің сенің,
Ажалға қарсы кім тұрар?
Сен жылап жүрсең күйік кешемін,
Ақында мұңның кілті бар.

Сағаты жетсе Тажал да өледі,
Қоштасу мейлі қиын де...
Шын сүйгендерді ажал бөледі,
Қосылмадым деп күйінбе!

Мәңгі сағыныш жан жүдетпей ме,
Тірлікте мынау тасып қал!
Махаббаттың да мәні кетпей ме,
Қосылса барлық ғашықтар...

...Төлегені өлген Қособадағы,
Жұбата алдым ба Жібегім?
Сенің жаныңмен қоса жылады,
Қоса жылады жүрегім.

ИНДИРА ІЗБАСҚАНҒА

Индира, Индиражан, Индира қыз!
Бұл күнде кімдер абыз, кімдер аңыз?
Сүрлеуімен жүрген соң ар-намыстың,
Мен сені ұқсатамын гүлге нағыз.

Болса да жолым ашық, қадамым гүл,
Мен мұңын шерте алдым ба даланың бұл?
Қанатын қақтырды ма ақ арманның,
Кешегі бала Индира, бала Нұрбол?

Дүние саған да өлең, маған да өлең,
Ақиқатын айтады әманда әлем.
Азғындықтан ашпады көзін қоғам,
Құдайын ұмытты ма адам деген?

Мұңымды сезесің бе менің бейбақ,
Мен күнде ойға батам елімді ойлап...
Ешкім де ар сотынан қаша алмайды,
Құдайдың сөзі бар ғой... сенімді айғақ.

Индира, Индира қыз, Индирам-ай!
Бұл тірлік кімге қиын, кімдерге оңай?
Қасқыр мінез қазаққа, тілейтінім,
Қаһарын төкпесе екен мүлде Құдай.

Шындықтың көтере ме жүгін өлең,
Ел үшін қобыз болып күңіренем.

Қазақтың тағдыры үшін, ертеңі үшін,
Жолында Батыраштың сүрінер ем.

...Индиражан, сен маған сенесің бе?
Жырым қалар уақыттың белесінде.
Бір төбе боп қалады барлық адам,
Қыр басында немесе ел есінде...

НЕГЕ?

Неге сенің қабағыңнан мұң көрем,
Айлы түнің көп пе кірпік ілмеген?

Неге сенің көңіліңде бар қайғы,
Неге сені бәрі, бәрі алдайды?

Неге сенің солғын тартқан гүл-өңің,
Мұң жинайтын құмыра ма жүрегің?

Неге сенің сәттерің көп "әттеген",
Оңайлықпен беріле ме бақ деген?

Неге арсыз ой мен сөзге сенесің,
Ұмыттың ба шындық тәтті емесін?

Неге мүлде ілеспедің дүрмекке,
Қойыларын білмедің бе бір нүкте?

Неге сенің маңдайыңда сор қалың?
Сен бақытсыз болады деп қорқамын...

...Өмір тосқан әр дауылға алаңдар,
Өз сенімін жоғалтатын адамдар!

***

Қимасым менің, қымбаттым!
Жолығып албырт шақпенен,
Жүрекпен саған тіл қаттым -
Жүрегімдегі тәтті өлең...

Көзіміздегі сырды ұғып,
(Тағдырға айттық не деп біз?)
Мен сені сүйдім жыр қылып,
Тым шексіз және себепсіз...

Егілдің талай, жыладың,
Көзіңе мұңлы шер төнген.
Қойыңа барып құладым,
Ұшақтай болып өртенген.

Бермесе тағдыр сыйды аса,
Өкінішімнің әні - бұл.
Сағыныш меңдеп қинаса,
Мендегі өртке жанып өл!

Безіндім мылқау қаладан,
Бағыңды тілеп күнбе-күн.
Ақын боп тудым анадан,
Ғашық боп өлу - міндетім.

...Мөлт етіп бір мұң көзіңде,
Жүрегің жылап соғады, ә?
Сендегі ұлы сезімге,
Ақындығым да садаға!

АЛҒАШҚЫ СҮЙІСУ

Қобалжып тұрмыз біз. Түн келіп...
Сенде Ұят басымдау, менде Үміт.
Еріндер ерінге жабысты,
Біз бірақ сүйісу білмедік.

Құшақтан еркелік сығалап,
Күлуде мына түн, мына бақ.
Сүйісе алмай тұрмын мен. О тоба!
Басыма бәлені сұрап-ап...

Көзімді тарс жұмып алғанмын,
Тәтті екен еріндер балдан мың.
Ғажабын сезіндім сезімнің,
Азабын сезбегей жалғанның.

Періште көңілім көк тіреп,
Жүзімді жып-жылы өпті леп.
Бұл түнді өзіңмен өткізсем,
Менде өзге жоқ арман, жоқ тілек.

Ес кетіп ерін мен анардан,
Нұр тамып жұмулы жанардан.
Алғашқы сүйістің құмары,
тарқамай жатталды санамда ән.

Балалық сезімге күліп түн,
Өзіңнен басқаны ұмыттым.
Сен едің сол кезде бақыты –
Он екі жастағы жігіттің.

Бір сәтке ұмытып Ұятты,
Жүректен тамылжып күй ақты.
Алғашқы сүйісу – тым ыстық,
Алғашқы өлеңім сияқты...

ЖАҢАТҰРМЫС - МҰҢ

(Мәлік Жетпісбайға арнаймын)

Мәлік ағам!
Өлеңді мен жазамын –
Жанымды кернегенде беймаза мұң.
Сенің де мазаң кетті-ау, бұл ауылдың
Сезініп кейде мұңын, кейде азабын.

Таға ма тұмар етіп қайғыны ақын,
Қоғам қайда көңілді бай қылатын?
Туғызған ұлыларды бұл мекеннің,
Жүрсің бе қайтарам деп айбын атын?

Жетісіп тұр дейді екен сәні қай бір!?
Бұл елді білмей ме жұрт, танымай ма ұл?
Кешегі Құдайберген сағынышы,
Ахметтің әуелеген әні ғой бұл!

Жаңатұрмыс!
Боздаған даламысың,
Құмға батқан ауыл боп қаламысың?
Топырағыңнан түлеген бабам үшін,
Жырлаймын сындырғанша қалам ұшын.

Өз отына күйеді маздаған ұл,
Дертің осы жүректе қозғауға ауыр.
Жұбановтар - алыбы алты Алаштың,
Жаңатұрмыс - көшкен жұрт, тозған ауыл...

Құдайым бақ бере ме қуынғанға?
Сіңірдім бұл заманның уын жанға.
Сен айыпты емессің, топырағыңда
Патша емес, Ұлылар туылғанға!

...Сыйлаған алыптарды ұлтына құт,
Көрсе екен Жаңатұрмыс жұрты бақыт.
Қуанның құдығына барсам ба екен,
Шаңдарын шойын жолдың бұрқыратып...

БҮРКІТБАЙ ДЕГЕН БАЙ БОЛҒАН...

«...Қазақтың «аташылдығы» да осы мәселені ақсатып отыр: кейде, кезінде ұлт үшін шынымен қызмет еткен, тіпті, құрбан болған адамдар «ұмыт қалады» да, әлдебір «крутойдың» малсақ, дүние-қоңыздау атасы «Алаш азаматы» боп шыға келеді. Немесе, әлдебір пысықтың, «бастықтың досының» түрмеде отырып келген әкесінің есіміне көше беріледі де, қазақтың қамын ойлап жүріп құрбан болған кісіні ел білмейді...»

Мейірхан АҚДӘУЛЕТҰЛЫ.

Осыдан 43 жыл бұрын қасымда бір жолдас жігітім бар Мәскеуге қыдырып барып қайтқанбыз. Мәскеуден қайтарға билет алайық десек жақын күндердің ешқайсысына билет болмай шықты. Қалайда қайту керек. Кассаны жағалап, кассирлерді апалап жүріп СВ дегенге билет алып міндік. Екі адамдық вагонды бірінші рет көруіміз. Екеуімізде мәз болыстық. Жолшыбай көрші купеде екі сары орыс шалдарының екеуден екеу карта ойнап отырғанын ары-бері өткенде көргенмін. Ішімнен менде ойнасам қайтер екен деп қоямын. Себебі ойнап отырғандары преферанс екенін сызып, жазып отырғандарынан байқағанмын.

Осындай кезекті бір өткенімде әлгілердің ойындарына ұзағырақ қарап қалсам керек, әлгі сары орыстың біреуі таза қазақша:

- Әй, не ойнау білесің бе, білсең кел,біздер үшінші қол таба алмай отырмыз дегені. Мен алғашында сасып қалып,маған кім қазақша айтып жатыр деп аң-таңмын. Менің таң қалғанымды байқаған әлгі орысым:

- Кел, кел деп ішке кіргізді. Қасындағысымен таныстырып жатыр, өзін де таныстырды. Екуінің де аты жөні есімде қалмапты,тек әлгі қазақша сайрап отырған орысты «ағай» деп атағаным есімде. Шымкент жақта туып-өскенін, қазақтардың арасында болып қазақ мектебін бітіргенін, соғыс жылдары Ақтөбе өңірінде жарты жылдай жұмыс істеп кеткенін айтқаны есімде қалыпты. Алматыға бір үлкен жиналысқа бара жатырмыз дегеніне қарағанда, біздің өңірдегі атақты адамдар мен жер-су аттарын дәлме дәл айтып отырғанына қарап тарихшы шығар деп топшылаймын.

Мен келген соң ойнап отырған ойындарын тастап қайтадан үшеуміз бастадық. Мен алдымда үшке арнап сыздым. Менің сызғышсыз-ақ түп-түзу етіп сызғаныма таңқалып жатыр. Сол ойын Мәскеуден Шалқарға дейін жалғасты ғой. Қысқасы жол шығынымызды әлгілерден айырып келгеніміз есімде. Әсіресе әлгі «ағайдың» қазақша майын тамыза айтқан әңгімелері мықтап есімде қалыпты.

- Түйесінің мұрнын құрттаған байдың баласы болдың ғой деп бір қойды. Әлде «аспанда құдай, жерге адай» – иеміз деп жүрген адайсың ба деп бір қайырды. Мен, адай емес «Әлімнен» екенімді, Шалқар деген жерден екенімді айтқаннан кейін:

- Есет-Дәрібай әулиенің аулынан екенсің ғой деді. Біраз мен естіген, естімеген адамдардың аттарын атап сұрап жатты. Мен де білгенімше жауап қайырған болдым.

- Сен, Бүркітбай деген байды білесің бе? – дегені. Деді де Бүркітбай жайында мен бұрын естімеген, естісем де оның астарына аса үңіліп мән бермеген дәмді-дәмді әңгімелерімен мені таңқалдырды.

- ... Бүркітбай сияқты байлар қай елде де сиректеу болса да болған. Қазір бай десе тап бір сенің малыңды сол тартып алғандай жиіркенішпен қарайтын болдық. Негізінде байлардың көп болғаны жақсы. Әрине бар жиғанын бауырына басып жататын «сасық» байлар емес, Бүркітбай сияқты көзі ашық, көкірегі ояу, елге шапағаты тиетіндер ...

***

Бүркітбай жөнінде білемін дегенім, менің үлкен ағайым Ысқақ Абдуллин (кейінірек Даңқ Орденінің толық игері атанды) қой бақты да, біз үш ай жазғы демалысты сол қойды бағысатынбыз. Сол кезде Есалы-Талдеспе деген жер біздердің жазда жайлайтын жеріміз болатын. Ауылдың Шаған сайы жақ беткейінде қалың тоғайлы жер болатын. Оған қойды қозысынан айырып баққан кезде ғана жаюға ұлықсат беретін, себебі қозымен жайсаң қозылар тоғайдың арасында жатып қалады (тойғасын) деп қорқатынды. Осы қалың тоғайлықтың ортасында, нағыз биік төбенің басында аппақ күмбез көрініп тұратынды. Біздер, балаларға сол күмбезге бару бір арман болғандықтан сол жақ бетке қойды шығаратын күні қой бағуға құлықты болатынбыз. Ертеңгісін таң қылаң бергеннен тұратыныңа да қайлысың. Мен де сол жерге талай қой жайып барғанмын. Шынында сол кезде ол өңірден тап сондай ұқыпты салынған бейіттерді (мола) кездестірмегендіктен бе, мен әр барған сайын оның сыртқы бейнесін қарындашпен салып алатынмын.

Кейінірек білгеніміздей кірпішті Маңғыстаудың ұлу тасынан алдырып салған екен. Оның өмірбойы аппақ болып тұратыны да сондықтан болса керек. Бұл - сол өңірде өмір кешкен Бүркітбай деген бір өзіне 12000 (он екі мың) жылқы біткен байдың бейіті дегенді ғана естіп өстік. Бұл жайлауда 1967 жылға дейін болдым да, 1968 жылы әскерге кетіп, қойға барудан бұра-жола құтылғанмын. Бірақ, есейе келе осы Бүркітбайбай туралы көбірек білуге тырысып, жүрген жерімнен сол кісі туралы әңгімелерге құлақ түріп жүретінмін. Бар білгенім Руы Қабақ, оның ішінде Құттыбайы, кейбіреулер Таласбайы, Наурызбай деді. Ал мына «орыс ағайдың» әңгімесі мен бұрын-соңды естімеген тың жаңалық болды. Әрі қарай, айтқаны...

***

... Ырғыз уезінде Алмат-Самұрат деген әкелі балалы байлар болған. Ол кезде Ырғызға Торғай, Ақтөбенің көптеген бөлігі, оның ішінде Шалқар да қараған. Бір жылдары Романовтардың 300 жылдық әйгілі мерекесіне Ырғыз уезінен делегация баратын болып, соның құрамын бекітіпті. Ақылдаса келе Ырғыздан Алматтың баласы Самұрат баратын болыпты. Ол - мен он екі қанат ақ отау апарып тігемін. Желбауларын таза жібектен есіп, үзік-туырлықтарын таза ақ жібекпен қаптатып, ағаш үйдің сүйегіне алтын жалатамын дейді. Кеңесшілер бұны құп көреді. Бірақ бұл аздық етеді, оның үстіне біз мал баққан елміз ғой, бір малдың түрін көрсетпесек ұят болатын шығар деген тұжырымға келеді. Сол жерде біреу. Ал жамағат мына Аяққұм (Шалқар) өңірінде Бүркітбай деген бір өзіне 12 мың жылқы біткен бір бай бар дегенді естіп жүрміз. Оның ерекшелігі сол,жылқысындағы айғырдың үйірлері бір-бірін қайталамайтын әр түрлі болып келеді екен. Бірақ ол кісі қазір бұл дүниеде жоқ, осыдан оншақты жыл бұрын қайтыс болып кеткен дегенді естігенбіз. Балалары әкесінің малын ұстап қалған шығар, соларға қолқа салып көрейік.

Ел ағалары Бүркітбайдың балаларына адам жіберіп қолқа салады. Малға, ел арасында беделді, көзі ашық, көкірегі ояу Қалдықожа деген баласы иелік етеді екен. Әңгіменің жөніне қаныққаннан соң Қалдықожа:

- О, ағайын бізге мынандай тілекпен келгендеріңіз біздер үшін үлкен құрмет, үлкен мақтаныш. Бұл тек қана біздің ғана абыройымыз емес бүкіл Кіші жүздің абыройы ғой. Бірақ ... деп біраз бөгелгеннен кейін сөзін қайта жалғайды:

- Әкеміздің бұл дүниеден өткеніне де біраз болды. Өзінің адал еңбегінің арқасында, біреудің ала жібін аттамастан осы жылқы малын он екі мыңнан асырды. Мал өсірудің қыр-сырын бізге үйретудей-ақ үйретіп кетті. Бірақ, әкеміздің атағы тірісінде осы өңірден ұзап шықпады. Менің сіздерге айтар бір өтінішім бар. Менің атымды емес, әкем Бүркітбайдың аты аталатын болсын.

Сөйтіп, 40 (қырық) айғырдың үйірін айдайтын болып келіседі...

Міне содан бері кейбір Қалдықожаға тиесілі әңгімелердің Бүркітбайға телініп жүргені де содан болар.

***

Межелі күні жетіп, Самұрат өзінің әкелген он екі қанат алтындатқан үйін павильонның нағыз ортасына тігеді. Ағаш үй содан қайтпай қалады. Әуелі патшалық Ресейдің құзырында болып, кейін СССР-дің меншігіне айналады.

Бұл алтындалған он екі қанатты үйдің тағдыры бұлай аяқталған сыңайлы. Соғыс басталардан бір жыл бұрын СССР-дің Франциядағы күндері өтетін болады да, әлгі ағаш үйді мақтаныш үшін сонда апарып тігеді. Арада екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетіп үй сол Франциядан қайтпай қалады.

Тоқсаныншы жылдардың басжағында Республикалық мерзімді басылымдардың бірінде танымдылығы зор бір мақала шықты. Мақалада автор қазақ халқына тиесілі әр-түрлі жәдігерлеріміз неге осы күнге дейін өзімізге қайтарылмай сыртта жүргеніне өз ренішін білдіреді. Сол мақаланың ішінде ағаш үй жайында мынандай жолдарды кездестіргенмін. Бір өкініштісі басылымның атында, сол мақаланы жазған авторында керек болады-ау деп бір жеріме түртіп алмаппын.

Онда Романовтардың 300 жылдық мерекесіне орай сыйлық есебінде Кіші жүзден апарылған он екі қанат үйдің жекелеген бөлшектері Франциядағы атақты Лувр мұражайында сақталған деген дерек әр жерде қылаң беріп жүр, неге соны өзімізге алдырмасқа – деген ой тастайды. Автор бұл жерде ағаш үйдің иесі кім екенін, оның Францияға қалай тап болғаны жөнінде ештеңе ашып жазбаған, тек Кіші жүзден деген. Осы жолдарды оқығаннан кейін мен, «бұл сол Самұрат апарған алтындалған ағаш үй» - деген қорытындыға келдім. Келдім де, сол Франция́да білім алып, Парижде жұмыс жасап жатқан қызым Самалға сол мұражайға барып, сол бөлшектерді суретке түсіріп, мұражай қызыметкерлеріне сол «дүниелердің» біздердікі, яғни қазақтардікі екенін, соның осы мұражайда сақталғаны жөнінде бір анықтама алып бер деп өтініш жасағанмын. Алайда мұражай қызметкерлері жеке тұлғаға суретке түсіруге де, анықтама беруге де болмайтынын айтқан. Оны тек СССР-ғана ала алады екен?!!

Ал Бүркітбайдың (Қалдықожаның) апарған жылқыларын ипподромнан үйір-үйірімен айдап өткенде көрген көрермендердің таңқалысында шек болмайды. Әсіресе патшайым орнынан тұрып «Браво, браво» - деп бірнеше рет қол шапалақтаған. Оны таң қалдырған әлгі жылқылар өткен кезде олардың түс үйлесімдігі сондай, құтты бір «кемпірқосақ» өткендей болған.

- Настоящая радуга, радуга –деп отырған орнынан тұрып -Мынаның селекционері кім? - деп сұрапты. Қасындағы осы іс-шараны ұйымдастырушы: - «Бұларда селекционер деген болмайды, бұлар оны өмірлік тәжірибеден жинаған» деп – түсіндірген екен деген «орыс ағайдың» әңгімесі әлі күнге дейін құлағымнан кетпей жүрген.

Бүркітбай (Қалдықожа) сол жиыннан үлкен абыроймен, сый-сыйапатпен оралса керек...

***

2013 жылы 1 тамызда Ақтөбе газетіне шыққан Мейірхан Ақдәулетұлының Төртқара Былшық би Сейітұлы және ... біз – деген танымдылығы мол, осыған дейін ел арасында тек аңыз-әңгіме есебінде ғана айтылып жүрген, осыдан кейін тарихи тұлғаға айналған Былшық би-әулие жөніндегі мақаласын бірнеше қайтара оқи отырып, мына бір жолдарының астын ерекше бөліп сызып қойыппын.

***

...Сол тұста Самұрат әкесі Алматпен дос түйелі бай Сейітке келеді де, өтініш айтады. Жүз түйелі керуен жасақтап жатқан Самұрат түйелерінің бірыңғай ақ болғанын қалағанымен, қырық ақ нар жетіспейтін көрінеді... (осы жерде қырық деген санмен ақ (кемпірқосақ) деген түске назар аударып көрелікші).

Осы мақаланы оқып отырып тап осы тұсқа келгенде әлгі «орыс ағайдың» айтқан әңгімесі есіме сап ете қалды. Не деген ұқсастық. Ол кісі маған Самұрат жайында да хабардар етті ғой. Егер ол кісі маған Самұрат жайында айтпаған болса мен бұл жөнінде әңгіме қозғамас та едім...

***

Міне осы жолдарды оқығаннан кейін Бүркітбай жөнінде өзім естіп-білген, өзім көріп куә болғандарымды еске түсіріп, қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім. Бүркітбайды біледі-ау деген көне көз қариядан там-тұмдап дерек жинап, бірімен бірін салыстырып, шындыққа жанасатынын іріктеуіме тура келді және ол екі жылдай уақытымды алды. Бүркітбай жөнінде жазба деректердің сақталмағандығы, сақталса да ол біздің қолымызға түспеді. Амал жоқ көне көз қариялардан, осы ұрпақ жөнінде жазылған шежірелерді жинақтап бір жүйеге келтіруге тырыстым. Рас, естеліктерінде де, шежірелерде де алшақтықтар болды.

Бүркітбай жөнінде деректерді Бүркітбайдың шөпшегі Алмажан арқылы жинастыр-дым. Негізі Бүркітбайға ағайын, тума-туыс, рулас, жерлес болып келетін көне көз қария-лардан алынған. Пікірлер әртүрлі. Тіпті арасында қисынға келмейтін деректер де кездесті.

Осындайда тарихшылар «тізбек» тәсілін пайдаланады. Яғни, сол адамның өмір сүрген кезеңдері, онымен қарым-қатынаста болған адамдар, оның ұрпақтарының аралық жас айырмашылықтары, қыс қыстауы, жаз жайлауы т.б. көптеген компоненттерді жинастырып, сол тізбек арқылы бір қорытындыға келеді.

***

Бүркітбайдың туған жылы 1797, 1805, 1819 жылдар деген, ал ас берілген жылдары 1897, 1899, 1901 жылдар деген деректер аталып жүр. Міне осының қайсысы шындыққа жанасады. Енді, осыларды бірнеше дәлелдермен нақтылап көрелік.

1897 жылы қыркүйек айының бас жағында бұрынғы Айшуақ совхозының фермасы Қосқақтың қасында Ақтікенді деген жерде, Қалдықожа әкесі Бүркітбайға ас береді. Асты қайтқан адамға бір жыл өткеннен кейін беретін дәстүр ол кезде мызғымас заң болған. Ал асты дәл 1897 жылы берілгеніне 106 жыл жасап бұл дүниеден өткен, арапша терең білімі бар, сол өңірге танымал молда болған Смағұл ақсақалдың мына бір сөзі дәлел бола алады.

- Бала оқытатын мешіті бар Асан ишаның үйінде көмекші бола жүріп осы оқуды меңгеріп алдым. Бүркітбайдың асы берілетін жер Ақтікендіге, Жаңғылыштың атынан үй тігетін болып, біздерді (балаларды) сол жерге көмектесуге апарды. Сан жетпес жерошақтар қазуға көмектестік. Сол жерошақтың орны ойдым-ойдым болып кешеге дейін жатқанды. Кейінірек колхоз-совхоз сол жерден шөп шапты да ол жер тегістеліп кетті. Сол жылы мен он жаста едім.

Смағұл ақсақал 1887 жылы туып, 1993 жылы маусымда 106 жасында дүниеден өткен сол жердің тұрғылықты адамы. (1993 жылы Ақтөбе педагогика институтының ректоры Мұхтар Арыновтың тікелей тапсырмасымен сол институттың доценті, филология ғылымының кандидаты Сабыржан Мұқтаров арнайы келген. Мен ере жүріп Смағұл ақсақалдан естігендерімізді таспаға жазып алып, суретке түсірген болатынбыз).

Олай болса Бүркітбайға ас берілген жылы 1897 жыл деп, ал қайтқан жылын 1896 жыл деп нақты айта аламыз.

***

Асқа бүкіл Кіші жүзге, мына шеті Қарақалпақстанға сауын айтып хабар жіберген. Қалдықожа асқа дайындық кезінде Нөкістен 25 түймен азық-түлік алдырған. Үстірттің біткен жерінде үлкен құлау-құз бар. Соның жиегінде «керуен қонған» деген жер атауы әлі күнге айтылып жүр. Сол Қалдықожаның жіберген керуені екен дейді.

Асты өткізуді Қабақтан тараған әр аталыққа бөліп берген. Жарас аулын безендіруіне, Қарабас сойыс малына, Қалыбектерге ас дайындау ісіне міндеттелген. 100 үй тігілген. Бұдан басқа көрші басқа рулар әр қайсысы он-он үйден тігіп бөлек ауыл болып отырған.

Үйлердің орналасу аумағы көлемді болғандықтан, табақ таратуға арнап ылғый жорға аттарын әдейі үйреткен. Сондай табақ тартып, қарбалас кезінде, сол асқа кешігіңкіреп келген Құдастың екі биінің бірінің атын табақ таратып жүргендер жаңылысып мініп кетсе керек. Бұған ашуланған би орнынан тұрып келе жатқанда, Ағыс би етегінен тартып, «Кешігіп келген айыбыңды біл, бұдан кетсек таяқ жейміз» - деп тоқтатыпты.

Ас сәні ат жарысы, аламан бәйге. Қарабас Медеубай рулас ағасы Тікеннің атымен шабақшы екен. Қарақалпақтан келген атбегілер бөлек ауылға қонып, аттарын қыр астына көрсетпей күтеді. Медеубай бірнеше рет барғысы келгенмен маңайларына жуытпай қояды. Нәті зерек, пысық Медеубай өзін киізге ораттырып әлгілердің үй іргесіне тастатады.

Іштегілер бәйгіге түсетін аттарды талдап жатыр екен. Бірі, Медеубайдың атынан күдіктенетінін айтады. Оған екінші біреуі - Ол ат бәйгіден бірінші келе алмайды. Ер салатын жерінде алақандай жерінің «тері» алынбапты - дейді. Оны қалай алуға болады дегенге – таза шемішкінің майымен бірнеше рет сыласа кетер еді депті. Осы сөзді естіген Медеубай Шалқарға барып сәудегер татар кемпірінен 3 литр шемішкі май әкеліп, атының сол айтқан жерін сылайды.

Содан, Медеубайдың аты бірінші келген. Айтушылар ұзақтығы 130 шақырымды меңзейді. Қазіргі кезеңмен қарағанда Адайұшқан деген жерден жіберсе Ақтікендіге дейінгі ара қашықтық осы шамалас болатынын, осы жердің бедерімен таныс адамдардың бәрі де қоштайды.

1-ші орынға – 100 жылқы, 2-ші - 50 жылқы, 3-орынға - 30 жылқы берілген. Бұл ел аузында қалған ең ірі ас берудің бірі болса керек, асты Қангелдінің жігіттері басқарған.

Бір қызығы осы аста бұрын соңды болып көрмеген екінші рет бәйге берілген. Шамасы дау болса керек. Бұнда да Медеубайдың аты бірінші келіпті. Медеубай 27 жасына дейін атқа өзі шапқан екен.

Сол, Медеубай Бүркітбайдың асында атқа шапқанымда 11 (он бір) жаста едім деп айтып отырады екен. Наурызбай аталығынан тарайтын Шонғара (шын аты Дәулетқали) деген, есте сақтау қабілеті өте күшті, әңгімені мәнерлеп, майын тамызып айтатын ақсақал – 1954 жылы Медеубаймен кездескенімде өз аузынан естідім, сол жылы Медеубай 68-де еді деп айтқанын осы жолдардың авторы өз құлағыммен естіген болатынмын.

Олай болса Медеубай 1886 жылы туған болады. Ал Бүркітбайға ас 1897 берілген. Сонда Бүркітбайдың қайтыс болған жылы 1896 жыл екенін нақтылай түсеміз.

***

Ел аузында, Бүркітбайға ас берілгеннен кейін, оның жылқылары күрт азая бастап, арты жұтқа ұласыпты деген де әңгімелер айтылып жүр. Оған басты себеп Бүркітбайдың байлығын көре алмаған ағайындар сойыс малына жылқының ішіндегі ылғи белді-белді айғырларды сойдырта бергізген екен. Содан кейін, содан кейінгі жағдай мал баққан әр қазаққа белгілі ғой.

«Жылқыны айғыр бағады, жылқышы көздемелейді» деген сөз бекер айтылмаса керек...

***

Бүркітбайдың есімі аталған жерде, атақты күйші Қазанғаптың да есімі қосарлана аталып жүр. Қазанғап Ұлы жүздің Шапырашты аталығынан, Бүркітбай болса Кіші жүздікі, бұлардың арасында қандай байланыс болуы мүмкін деген заңды сұрақ туары анық. Оны ел арасына кеңінен тараған мынандай уәжбен кіріктіріп жүр.

Қазанғаптың елінде ағайын арасында бір жанжал шығып, оның арты үлкен дауға ұласады. Рудың үлкен ақсақалдары бұл даудың арты жақсылыққа апармасын сезіп, ақылдаса келе Кіші жүздің ортасына баруды жөн көрсе керек. Сол кездегі шұрайлы жерлердің біріне саналатын Арал теңізін жағалай көше жүріп, Ақбасты, Ақбауыр, Құланды елді мекендеріне аялдай отырып, малға да, жанға да жайлы Аяққум өңіріне келіп тоқтайды. Күйші бір орнында байыз тауып отыра алмайтыны анық. Себебі ол елдің адамы, шығармашылық иесі. Бір орнында көп отырып қалса, жаңа туындылар тумайды. Міне, Қазанғап та ел аралап жүріп сол кезде ел арасында, байлығымен, мырзалығымен, жалпы ағайын-тумаға қамқорлығымен аты шыққан Бүркітбайдың аулына да келеді. Бүркітбай мен Қазанғап тез тіл табысып, ағалы-інідей араласып кетеді. Бүркітбай Қазанғапты інісі есебінде алдына мал салып, Таласбай аталығының бір қызын алып беріп, бөлек отау қылып шығарса керек. Таласбай ағайындарының кешеге дейін, тіпте бүгіндері де Қазанғапты өздеріне телитіні заңдылық сияқты.

Міне, сол Қазанғапты зерттеушілер, яғни, Қазанғап танушылар Қазанғаптың туған жылы 1854 жыл деп бір тұжырымға келіп, нақтылады. Ал, Қазанғап Бүркітбайдан 34-35 жасқа кіші еді дегенін және Бүркітбайдың шөбере келіні Гүлшаттың «атамыз 77 жыл» өмір кешіпті деген деректі ескерсек, Бүркітбайдың туған жылы 1819 жыл десек шындықтан алшақ кетпеспіз деген тұжырымға келдім.

***

Бүркітбай мен Қазанғапты жақындастырған күйдің құдыреті сияқты. Бүркітбай домбыраға қаншалықты жақын болды, ол жағы бізге беймәлім. Көзі ашық, көкірегі ояу Бүркітбай күйді шын ынта-жігерімен сүйсіне отырып тыңдай да, күйшіні құрметтей де білген адам.

Бірде, Бүркітбай ел, жер көру мақсатында Орск, Омск, Орынбор т.б. қалаларды аралап, ауқатты адамдармен кездесіп, әңгімелескенінде, өзінің Шектіден шыққан Бүркітбай деген бай екенін көлденең тартып айтқанымен, оны онша көп біле бермейтінін аңғарады. Елге оралғаннан кейін Қазанғапты шақыртып алып:

- Мен ел аралап келдім, бірақ қанша бай болсам да менен көрі сені жақсы біледі екен. Атағың Ресейге жетіпті. Сен маған арнап бір күй шығаршы - деп өтініш жасайды.

Арада біраз уақыт өтсе де күй шыға қоймапты. Бір күні Қазанғап сәске-түсте сыртқа шығып, жан-жағын шолып тұрса, байдың жылқылары үйір-үйірімен суға құлап келе жатады. Суға құлап келе жатқан жылқылардың алдында, оқ бойы озып бір торы ат қалың жылқыдан оқшауланып «бөгелектеп» келе жатқаны күйшінің назарына ілігеді. Міне, сол көрініс Қазанғапқа «Торы аттың бөгелек қағуы» деген атақты күйін шығаруға себебші болған. Ал «торы жорға» Бүркітбайдың атағын елге жайылған аты екен. Атақты күйші ағамыз Бақыт Басығараевтың күйін тыңдап, әңгімесіне де қанық болғанбыз. Ағамыздың бір ерекшелігі қазіргі күйшілердей ішекті барынша шіреп тартпай, сәл-пәл бостау келтіріп қоңыр дауыста тартқанда құдды өзіңді тап сол жорғаның үстінде отырғандай сезінетінбіз.

Жұмабай АСАРБАЕВ,
тарихшы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.
Ақтөбе қаласы.

(Жалғасы бар)

ҚР ҰЛТТЫҚ ИНЖЕНЕРЛІК АКАДЕМИЯНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНА АТЫРАУ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Жуырда Атырау мұнай және газ университетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының 25 жылдығына арналған «Тұрақты ғылыми-технологиялық даму: трендтер мен технологиялар» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция жұмысына ҚР ҰИА Бірінші вице-президенті Н.К.Надиров, ҚР ҰИА Атырау облысындағы академиктері мен корреспондент-мүшелері, өндіріс орындарының өкілдері, университет профессор-оқытушылары, студенттер қатысты. Конференцияны ғылыми жұмыстар және инновация жөніндегі проректор, т.ғ.д., профессор Ә.Қ.Мұқтар ашып, алғашқы құттықтау сөзді ректор, э.ғ.д., профессор А.А.АБИШЕВКЕ берді. Али Ажимұлы университет қонақтары ҚР ҰИА Бірінші вице-президенті Надиров Надир Каримұлына, Қазақстан Республикасының радиациялық генетика және экология саласындағы белгілі ғалымдарының бірі, генетика, экология және экологиялық генетика саласында мол тәжірибелі маман, биология ғылымдарының докторы, профессор Биғалиев Айтхажа Биғалиұлына және басқа да қатысушыларға қош келдіңіз айтып, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Али Ажимұлы Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының 25 жыл ішінде еліміздің ғылымына қосқан өлшеусіз қызметіне тоқталып, Надир Каримұлына университет ұжымы атынан құттықтау адресатын оқыды. Келесі болып сөз алған ҚР ҰИА Бірінші вице-президенті Н.К.Надиров Атырау мұнай және газ университетінің ректоры А.А.АБИШЕВКЕ, ғалымдарына, профессор-оқытушылар құрамына еліміздің білімі мен ғылымы саласындағы нәтижелі еңбектеріне сәттілік тілеп, алғыс білдірді. Бүгінгі ғылымның дамуындағы ҚР ҰИА маңызды орны туралы баяндады. Конференцияның пленарлық мәжілісінде ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰИА корр-мүшесі Н.Г.Жұмамұхамбетовтің, г.-м.ғ.к., профессор Қ.М.Тасқынбаевтың, г.-м.ғ.к. Л.В.Шестаперованың, т.ғ.к., профессор В.А.Яшковтың, т.ғ.д., профессор Е.Ғ. Ғилажовтың, б.ғ.д., профессор А.Б. Биғалиевтің ғылыми баяндамалары тыңдалды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының (ҚР ҰИА) Атырау филиалы 2003 жылы құрылды және оның қызметі ғылыми-техникалық үдерісті жетілдіруге, ғылыми және инновациялық қызметті, ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми және инженерлік кадрларды даярлауға бағытталған.

ҚР ҰИА АФ мүшелерімен соңғы жылдары Атырау облысындағы мұнайгаз және басқа да өндірістік ұйымдарда ҚР БҒМ тапсырысы бойынша ғылыми қызметтер көрсету мен қолданбалы сипаттағы бірнеше ғылыми-зерттеу жобалар орындалды. 2014 жылы 36 млн. теңгеге ҚР БҒМ қаржыландыру гранты бойынша «Изучение влияния нефтепоисковых работ на экологию Казахстанского сектора Каспийского моря и математическое моделирование рассеивания нефтяного пятна» тақырыбында ғылыми зерттеу жүргізілді; ҚР ҰИА АФ мүшелерімен және АтМГИ отын-энергетика мәселелері ғылыми-зерттеу орталығының құрамына кіретін басқа да ғылыми зертханалармен және «Мұнайхимия» бағытындағы инженерлік зертхана қызметкерлерімен бірлесіп, келесі жұмыстар жүргізілді:

- 3 млн. теңгеге «Анализ физико–химических свойств нефти, газа и воды в поверхностных условиях на 4-х НГДУ АО Эмбамунайгаз» тақырыбы бойынша шаруашылық шарты орындалды;

- 8 776 000 теңгеге «Исследование состава и свойств бензиновых фракций легких нефтей» Атырау МӨЗ-на қызмет көрсетуге шарт жасалды;

- «ҚазТрансОйл» Батыс және Шығыс филиалдары нысандарының көбіктендіргіш сапасын анықтау бойынша (30.03.2012 ж. WKZ285/2012) шаруашылық шарты жұмыстары жүргізілді;

-336 000 теңгеге «Вест Дала» ЖШС-мен «Мұнай құрамды қалдықтардың физика-химиялық құрамын анықтау» шаруашылық шартында орындалды;

-«Комбинированные автономные возобновляемые энергосистемы» (жетекші Баймиров М.Е.) тақырыбы бойынша тәжірибелік-конструкторлық және ғылыми-зерттеу жұмыстары орындалуда;

ҚР ҰИА АФ алдыңғы қатарлы ғалымдарының жетекшілігімен мұнайхимиясы және экологияның өзекті мәселелері бойынша жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелерінің негізінде «Использование замазученных почв для строительства грунтовых дорог» жобасы енгізілуге әзірленді.

ҚР ҰИА академигі, э.ғ.,д. М.Т.Шырдабаевтың басшылығымен SCADA КТО жүйесіне деректерді жіберу бойынша «Установка системы измерения уровня для коммерческого учета нефти на товарных резервуарах ПСН «Камыскуль Южный» жобасы әзірленді;

ҚР ӘМ зияткерлік меншік құқығы бойынша Комитетте № 22841 Инновациялық патент бойынша «Способ добычи нефти с большим содержанием песка и устройство его осуществления» (ҚР ҰИА академигі, э.ғ.д. М.Т.Шырдабаевпен алынған) өнертабысы өндіріске (тікелей мұнай кәсібіне) енгізілуде. Өнертабыс ҚР өнеркәсібінің инновациялық дамуына қосқан үлесі үшін «Шапағат» республикалық сайысының дипломымен марапатталды.

ҚР ҰИА академигі, т.,ғ.,д., проф. Б.Б.Оразбаевтың жетекшілігімен математикалық модель жиынтығының тәжірибелік-өндірістік сынағы және Атырау МӨЗ күкірт өндірісіне блок режимін орнатудың алгоритмді оңтайландыру жұмыстары іске асырылып, оларды өндіріске енгізу жүргізілуде.

ҚР ҰИА корреспондент мүшесі, т.ғ.д., проф. И.И.Жанұзақовтың жетекшілігімен «Мәтен» ЖШС-не кенжар демпферін енгізуді «Қазмұнайгазбұрғылау» ЖШС-і жүргізіп, пішіндерді сақтау жадымен бұрғы құбырының муфтасын енгізді.

ҚР ҰИА Атырау филиалының ғалымдарымен соңғы үш жылда жеке және жас ғалымдармен бірлескен авторлықта жүргізген ғылыми зерттеулер барысында бірнеше мақала жариялады.

Инженер кадрларды даярлауға ҚР ҰИА Атырау филиалының барлық мүшелері қатысады. Филиал ұйымының (АтМГИ) базалық қабырғасында олардың педагогикалық қызметінің негізгі жұмыстары жасалады.

ҚР ҰИА корреспондент мүшесі, т.ғ.д., профессор М.Е.Баймировтің жетекшілігімен студенттер бакалавр дәрежесіне дипломдық жобаларын қорғады және профессордың 1 шәкірті теоретикалық механикадан өткен Республикалық конкурста I орынға ие болды.

ҚР ҰИА Атырау филиалының мүшелері Атырау мұнай және газ институтының бітіртуші кафедраларының профессорлары және АтМГИ басқа да бөлімшелерінің,

ғылыми зертханалардың, сонымен қатар ізденушілер өздерінің диссертациялық жұмыстарын орындайтын, студенттердің практикалық және лабораториялық сабақтары өтетін, дипломдық жұмыстарын (жобалар) орындайтын өндірістік кәсіпорынның жетекшілері болып табылады.

Мұнайгаз саласындағы инжиниринг және жоғары білім, ғылым саласында ИИДМБ-2 жүзеге асыру аясында АтМГИ инвестициялық жобалардың қажеттілігіне сәйкес құрылыс кезеңіне де және пайдалану кезеңіне де Атырау облысындағы мұнайгаз кәсіпорындарын білікті кадрлармен қамтамасыз етудің кешенді міндеттерін шешеді.

ҚР БҒМ бұйрығымен Атырау мұнай және газ университетіне «Мұнай өңдеу» және «Мұнайгазхимия» секторлары үшін «Мұнайхимия» бағытымен ИИДМБ -2 бойынша бакалаврлар даярлау сеніп тапсырылды.

Республикада алғашқылардың бірі болып АтМГУ-де дуалды оқыту жүйесі енгізілді.

Атырау мұнай және газ университетінде (АтМГУ) 2015-2016 оқу жылынан бастап «Полигон» тәжірибелік оқу-білім бағдарламасы жүзеге аса бастады. Осы бағдарламаны жүзеге асыру аясында «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ, Атырау мұнай және газ институты, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның тікелей қатысуымен «Мұнайгаз ісі» - 5В070800 мамандығы, «Мұнай және газ-кен орындарын игеру мен пайдалану» мамандандыру бойынша дәріс алатын АтМГИ студенттерін 2015-2016 оқу жылы дуалды оқыту жүйесіне тәжірибе ретінде енгізуге қол жетті.

Бағдарламаға 5В070800 - «Мұнай-газ ісі» мамандығының 3 және 4 курс студенттері қатысады. «Ембімұнайгаз» АҚ өндірісінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, «Ембімұнайгаз» АҚ кен орнында жоспарға сәйкес студенттер вахталық әдіспен жұмыс істейді. Осылайша 14 күн – полигонда жұмыс істеп, 14 күн оқу орнында оқуларын жалғастырады. Әр студентпен үш жақты еңбек келісімшарты (студент, ЖОО, «Ембімұнайгаз» АҚ) жасалып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтемақы төленеді. Мұндай мүмкіндіктер студентке өндірістегі еңбек өтілін қамтамасыз етеді. Осы оқу жылынды студенттерді «Ұңғыманы зерттеуші оператор» жұмысшы мамандығы бойынша оқыту жоспарлануда. Студенттерді оқыту «Қайнармұнайгаз» бен «Жылоймұнайгаз» МГӨБ-да және «Шығыс Молдабек», «Б.Жоламанова» мен «Прорва» кен орындарында жүзеге асады. Екі апталық вахта семестр ішінде АтМГИ аудиторияларында екі апталық оқу үдерісімен ауысады. Осындай пилоттық жобаға 34 студент қатысады.

Алдағы уақытта Атырау мұнай және газ институты мына мамандықтар бойынша дуалды оқыту жоспарлануда: 5В072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», 5В070200 – «Автоматтандыру және басқару», 5В071800 – «Электроэнергетика».

Атырау мұнай және газ институтының Ғылыми кеңесінің шешімімен 2015 жылдың шілде айында АтМГИ құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Каспий зерттеу институты (КЗИ) құрылды.

КЗИ қызметі ҚР БҒМ гранттары, халықаралық гранттар бойынша, аймақтың орындаушы органдарының мемлекеттік тапсырмасымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыруға және жетілдіруге, соның ішінде индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы (ИИДМБ) аясында, сонымен қатар шаруашылық шартымен шаруашылық жүргізуші субъектілер мен мекемелер, кәсіпорындар арқылы институт базасындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттерді және оқытушыларды, магистранттарды, доктаранттарды тартуға бағытталған.

2016 жылдың мамыр айында АтМГИ-ның Ғылыми-техникалық кеңесінің бірінші мәжілісі өтті, оның құрамына облыстың алдыңғы қатарлы компаниялары мен өндірістік мекемелері кірді: «Ембімұнайгаз» АҚ, «Жігермұнайсервис» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «Атырау жылу желісі» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ Атырау облыстық телекоммуникациялар дирекциясы, Атырау облыстық экология департаменті, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ББК» ЖШС, «Норт Каспиан Оперейтинг Компании Н.В.», «Атырау Инновэйшнс» ЖШС, «West Dala» ЖШС, «ҚазТрансОйл» АҚ БФ және АтМГИ-ның ғалым- профессорлары. Мәжілісте ҒТК-тің Ережесі, Кеңестің мақсаты мен міндеті қаралды. АтМГИ ғалымдары өздерінің зерттеулері туралы айтып, ҒТК шеңберінде жаңа жобалардың дүниеге келуі мен бар зерттеулерді коммерциялау мүмкіндігіне ие болды.

ҚР ҰИА Атырау филиалы АтМГИ бірлесіп алыс, жақын шет елдердегі ЖОО-мен, ғылыми-өндірістік ұйымдармен тығыз ғылыми байланыс орнатты, атап айтқанда: М.И.Губкин ат. Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика и информатика университеті, Астрахань мемлекеттік техникалық университеті, Урал мемлекеттік техникалық университеті (Екатеринбург), Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университеті және оның Салауат филиалы, Башқұртстан Республикасы Ғылым академиясының мұнайхимия өңдеу институты, Әзербайжан мемлекеттік мұнай академиясы, Белорус мемлекеттік технология университеті (Минск, Белорус Республикасы), Экология және тіршілік қауіпсіздігі ғылымының халықаралық академиясы (Санкт-Петербург), С.А.Азимов ат. «Физика-Солнце» ҒӨМ (Өзбекстан Республикасы), «Солнце» ҒӨМ (Қырғызстан Республикасы), Аджип ККО, «Тенгизшевройл» ЖШС, А.А.Дородницын ат. есептеу орталығы (Ресей ғылым академиясы), Қалмақ мемлекеттік универсиеті (Білім және ғылым саласында ынтымақтастық туралы келісімшарт. Элиста, РФ), Қытай мұнай университеті (Ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімшарт. Дуньин, ҚХР) және т.б. АҚШ, ҚХР, Еуропа ғылыми-білім ұйымдарымен келісімшарттар мен меморандумдарға қол қойылды:

ҚР ҰИА Атырау филиалының мүшелері ҚР ҰИА академигі, э.,ғ.,д., М.Т.Шырдабаев пен ҚР ҰИА академигі, т.ғ.д., профессор И.И.Жанұзақов «Экология және тіршілік қауіпсіздігі» Халықаралық академиясының толық мүшелері болып табылады.

Университеттің алыс, жақын шетелдегі әріптес жоғары оқу орындарымен байланыс орнатылған.

1.М.В.Ломоносов ат. МҰУ-де «Макроэкономическое исследование и прогнозирование производства нефтегазовой отрасли Казахстана и России» тақырыбында М.В.Ломоносов ат. МҰУ профессоры К.А.Хубиевтың, АтМГУ ректоры, э.ғ.д.,профессор А.А.Абишевтің, э.ғ.к., профессор, факультет деканы А.А.Жалғасбаеваның, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі М.Қ.Баймұхашеваның жетекшілігімен бірлескен ғылыми жұмыс жүргізілуде (ғылыми-тәжірибелік шараларға қатысу, монографиялар шығару, бірлескен ғылыми еңбектерді жариялау).

АтМГУ-ға 2015 жылдың желтоқсан айында М.Ломоносов ат. Мәскеу мемлекеттік университетінің э.,ғ.,д.,профессор Кайсын Азретович Хубиев шеберлік кластарын өткізіп, лекциялар оқыды.

АтМГУ-дың 8 қызметкері 2015 жылдың 21-24 желтоқсаны аралығында Скандинавия мобильді академиялық институтында (Синаёки қ., Финляндия) тағылымдамадан өтті. Скандинавия мобильді академиялық институтының директоры Елина Ванкхемпинг«Инновационные технологии преподавания в вузе условиях Болонского процесса» тақырыбында семинар-тренинг өткізді.

2015 жылдың 27-29 мамыр аралығында П.Лумумбо ат. Ресей халықтар достығы университетінің «Тау-кен және мұнайгаз ісі мен мұнай кәсіпшілігінің геологиясы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор А.Е.Воробьев «Основы промышленного применения нанотехнологий в недропользовании» жаттықтыру семинарын өткізді. Студенттерге «Освоение шельфовых месторождений» пәні бойынша дәріс оқыды.

Профессор А.Е.Воробьевтің қатысуымен «Переспективные направления добычи нефти в поздней стадии разработки нефтяных месторождений" тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

П.Лумумбо ат. Ресей халықтар достығы университетімен бірлесіп, «Добыча и подготовка скважинной продукции» жаңа білім беру бағдарламасының сараптамасы бойынша жұмыстар жүргізіліп, «Виртуальное месторождение» лабораториясына және білім беру бағдарламасына қорытынды сараптама алынды. П.Лумумбо ат. РХДУ жыл сайын магистранттарды дайындауға 5 грант бөліп отыр.

АтМГУ-дың ғалымдары мен Астрахань қаласындағы РФ Әлемдік экономика және финанс институтының профессоры, э.ғ.д. Г.А.Тактаровтың жауапкершіліктерімен «Экономическая эффективность развития нефтяного кластера в рамках ЕАЭС» тақырыбында бірлескен ғылыми жұмыстар жүргізілуде (ғылыми-тәжірибелік шараларға қатысу, монографиялар шығару, бірлескен ғылыми еңбектерді жариялау).

ҚР ҰИА Атырау филиалының ұйымдастыруымен және И.В.Губкин ат. Ресей мемлекеттік мұнай және газ институты, Ресей ғылым академиясының А.В.Топчиев ат. мұнайхимиялық синтез институты, Уфа мемлекеттік техникалық мұнай университеті, Астрахань мемлекеттік техникалық университеті, Башқұртстан мұнай өңдеу институты, Волгоград техникалық университеті, Әзербайжан ғылым академиясының ұлттық радиация институты және т.б. алдыңғы қатарлы зерттеу ұйымдарымен «Мұнайхимия» КИЛ-мен ынтымақтастық бойынша жұмыстар жүргізілді.

ҚР ҰИА Атырау филиалы АтМГИ-мен бірлесіп, «ҚОҚ» және «ТҚ» мамандықтары бойынша бакалавр дайындауда «Tempus ProjectIEMAST: Establishing Modern Master-leve Studies inIndustrial Ecology халықаралық жобаға қатысты. Жоба 1.06.2015 жылы аяқталды. Аймақта инженер кадрларын дайындау және инженерлік істерді дамытуда Каспий маңы мемлекеттерінің ғылыми ұйымдары мен оқу орындарының Ассоциациясы үлкен орын алады. Ассоциация 1994 жылдан бері 13 жыл ішінде Каспийдің ғылыми-техникалық мәселелерін шешуде Каспий маңы мемлекеттерінің алдыңғы қатарлы ғалымдары мен студенттерін біріктіреді және осы мемлекеттер арасындағы достықты нығайтады. Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 мемлекетінің қатарына кіру туралы мақсатын орындай отырып, аталған Ассоциацияның ұйымдастырушысы және белсенді мүшесі ретінде Атырау мұнай және газ университеті ҚР ҰИА Атырау филиалымен бірлесіп, Каспий маңы аймағы мемлекеттерінің мүддесіне жауап беретін ғылыми-тәжірибелік ізденістердің даму базасындағы дүниежүзілік қауымдастықтың құрамына бірте-бірте енуде. Елбасы – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында баяндалған және басымдықпен аталған біріктіру идеясы, Каспий – достық теңізін айнала орналасқан Әзірбайжан, Ресей, Иран және Түркменстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарының басшылары, ғалымдары мен студенттерінің қатысуымен жыл сайын күзде өтетін Бас Ассамблеяның негізіне айналды. Ассамблеяны бүкіл әлемдік қолдау Каспий маңы мемлекеттерінің ҒЗИ мен оқу орындарының көрнекті ғалымдары мен басшыларының жұмыстарынан көрінеді. Олардың ішінде Қазақстанның өкілдері: Атырау мұнай және газ институты, ҚР ҰИА Атырау филиалы, Бас ұйым – ҚР Ұлттық инженерлік акдемиясы, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Х.Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университеті, «Мониторинг» ЖШС ҚазГидромет Каспий маңы ғылыми-өндірістік орталығы (Атырау қ.). Каспий маңы мемлекеттері оқу орындарының Ассоциациясы бағдарламасының аясында экология, машина жасау технологиясы, биохимия және балық шаруашылығы және т.б. ғылыми қолдау саласында бірлескен жұмыстардың басқа да түрлері жүргізілуде.

ҚР ҰИА Атырау филиалы құрылған күннен бастап өзінің қызметі барысында нақты жетістіктерге қол жеткізді. Филиал қызметінің жеткен жетістіктері бірінші кезекте еліміздің индустриалды-инновациялық даму мақсаттары мен қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірін жақсартуға бағытталды.

ҚР ҰИА Атырау филиалы атынан Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академияны 25 жылдық мерейтойларымен құттықтаймыз! Тәуелсіз еліміздің ғылымын дамытуға бағытталған еңбектеріне толағай табыс тілейміз!

Әбілсейт МҰҚТАР
АтМГУ ғылым және инновация жөніндегі проректор, т.ғ.д., профессор

Насихан ЖҰМАМҰХАМБЕТОВ
АтМГУ кафедра меңгерушісі, ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰИА корр-мүшесі

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҰҒЫРЛЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ

М.Қ.Әмірова
Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың редактор-кітапханашысы

Адам баласы, адамзат қоғамы қашанда алдағы болатын оқиғаны әрі аңсай, әрі абыржи тосқан. Әсіресе, ғасыр, мыңжылдық сынды, тарихта өшпес ізі қалатын межелі кезеңдер таянғанда қатты қобалжығаны рас. Үшінші мыңжылдыққа аяқ басу үшін де бір ғасыр бойы дұрыстап әзірленіп, әр қилы милитаристік қозғалыстарды бастапты.

Сонау ғасырлар қойнауының белесінен көз жүгіртіп байқасақ, ежелден-ақ ата-бабаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмаған, ұлын құл, қызын күң еткізбеуге батырлық ержүректігін, жауына қатал, досына адал, шыбын жанын шүберекке түйіп, садақ ұстап қол күшіне сеніп, найзаның ұшына үкі таққан ұлдары мен қыздарының жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жетті. Сол ата-бабаларымызды еске алсақ біз олармен мақтанып, ерліктеріне сүйсінеміз.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады.

Біздің елімізге Алла Тағала осыншама кең байтақ жерді нәсіп еткенін ойласақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтерді. Азаттық қазақ елінің ежелден бергі арманы болды.

Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кепседі. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаншама ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды…

Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әруақтарын ұран қылғанда ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі.

Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық, бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың қара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан - Қазақстан жері сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

«Айдын шалқар, күміс сулы бұлағым,
Жасыл-желек ат көрінбес құрағым.
Мыңғырған мал даласында жайылған,
Бабалардың болған сондай тұрағы.
Бұхар, Қоқан бұл байлыққа қызықты,
Орыс патша арам ойлы бұзықты.
Қорған салып, жерін алып, қуса өзін,
Сонда көрген сорлы Қазақ шыжықты.
Қазақта жер қалмады патша алмаған,
Елін, жерін, малын тегіс жалмаған.
«Қойға тиген қасқырдай» боп қазақтың,
Отаршылдық қыр соңынан қалмаған…» - деп,

халықтың басына осындай қиын-қыстау заман зары туған шақта, Қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды.

Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірін қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдеді. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ол кезде Отанымызда кеңестік кезең орнаған еді. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Бұл эксперименттердің басты бағыттары мынадай болды: ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және соның негізінде байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою; аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (бұл шара негізінен колхоздарға зорлап кіргізілген шаруаларды аяусыз қанау есебінен жүргізілді); мәдени-рухани салада, демографиялық саясатта, ұлт мәселесінде жергілікті (ұлт аймақтарындағы) халықтарды орыстандыру; қоғамдық саяси өмірдің негізгі салаларында тек қана коммунистік идеологиялық үстемдігін орнату. Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады; қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды…

Қайсар ар-намысты аға ұрпақ кеңес үкіметі жылдарында, атап айтқанда, 1929-1931 жылдары, Қазақстанды күштеп ұжымдастыруға қарсы 370-тен астам көтерілістер мен әртүрлі деңгей мен көлемдегі қарулы қарсылықтар ұйымдастырды, ал, 1917 жылғы Қазан революциясына дейін халқымыз отарлық езгіге қарсы 400-ден астам көтерілістерге шығып, наразылықтар көрсетті.

1932-33-тің ашаршылығы қолдан жасалды. 1936-37-нің қырғыны әдейі істелді. 1937-1938 жылдары яғни, бір жылдың ішінде 125 мың Қазақ зиялыларын қырды. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстайтын азаматтарының бар кінәсі – көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімін жақтағандары ғана. Бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтап, осы асыл азаматтардың үзілген жас, қыршын өмірлері, орындалмаған үміттері, армандары бізге аманат.

Осындай азаттық күрестің басында халқымыздың ортасынан қайнап шыққан ірі-ірі тұлғалар болды.

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз» - деп, жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз? - деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртіп еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арманы еді. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты.

Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына біріккендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қиындағы Шәкәрімнен бастап қаладағы Қазақ оқығандарын түгел қырды. Мұстафа Шоқай шетел асты… Алашорда партиясына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов қана аман қалды…

«Алаш» деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көрінішті сөзге айналдыруға тырысушылардың «еңбегі» зая кеткен жоқ. Әлі күнге дейін кейбіреулер «Алаш» дегенде селк ете қалады… Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң қара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ.

«Мен үшін Отаныма адал солдат болудан артық бақыт жоқ», – деп Ислам Жеменей айтқандай, Отан қорғау жолында 1941-45-ші жылдары ең көп қырылған Қазақ солдаттары еді. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды.

М.Әуезов: «Отан – анам. Отаным, сенен аяр жаным жоқ, сенен іскер күшім жоқ», дейді. Осындай ұлағатты, қасиетті сөздер көзі ашық, көкірегі ояу азаматқа рух берері сөзсіз.

Осынша қасіреттің ішіндегі ең сұмдығы – 1949 жылы қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. Қазақ қоян құрлы болған жоқ. XX ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел Қазақ көрген азапты көрген жоқ. Аяулы Отанымыз – Қазақстан ядролық қарудың қасіретін әлем бойынша ең көп тартқан ел. Оның талай ғасырға жететін тарихын қозғасақ, бабалардың басынан кешкенін көзге елестетсек, көздің жасын тыя алмаспыз.

Осындай атом сынағынан аман өтіп, бұл заманға да жеткізген Қазақстан ядролық инфрақұрылымнан құтылуды әлемге айғақ еткен, әлемге Қазақстанды бейбітшілікті сүйетін ел ретінде танытқан, елімізге тәуелсіздіктің туын желбіреткен елбасы Нұрсұлтан ағамызға да алғысымыз шексіз.

Қазақстан жерін бабаларымыз ерлікпен қорғап, бізге тұтас уланбай, жоғалмай, өртенбей, сынбай-жанбай, ауыр азап пен қиын-қыстау кезеңдерді бастарынан өткізіп «Асыл мұрам, ал балам!» – деп, кейінгі ұрпағына қалдырды. Халқымыз сол заманнан бері-ақ, елінің елдігін, жерінің байлығын сақтап қалу жолында талай ержүрек, ақылды, шешен де білгір азаматтарының бастауымен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген қағидаларды сақтап, «Абылайдың ақ жолы», «Нұрсұлтан ағамыздың нұрлы шапағатына» ұласып отырғаны бізге мәлім.

Әрбір адам баласы тіршілік етіп, өзін-өзі асырап, ұрпағына қалдырып, дамып жатқаны осы Отанның арқасында. Отан сүйгіштік кісінің бойындағы күш-қуатын, білімі мен өмір тәжірибесін халық мүддесінің игілігіне, кір жуып кіндік кескен жеріне деген ыстық махаббаты оның кісілігін танытатын ерекше асқақ сезім.

Солар көрсеткен үлгі сепкен ұрық бір ұрпақтан екінші ұрпаққа табиғи түрде ауыса келіп, 1986 жылғы желтоқсанда жаңғыруына әкелді. Желтоқсан көтерілісі ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді. 1986 жылғы желтоқсанда елде жария етілген қайта құрудың 20-шы айы өтіп жатқанда құқықтық мемлекет құрамыз дегенге сеніп, Горбачевтік «сәуір тезистерінің» тың идеяларымен жігерленген Қазақ жастары орталықтың бұрынғыша өктемдігіне келіспеушілігін білдіруге митингілер, шерулер өткізіп алаңға шықты. Қылышынан қаны тамып, жарты әлемді билеп тұрған қызыл империя кеңестік коммунистік партия кезеңінде Қазақ жастарының ұлттық намысын ту етіп, отаршылдыққа қарсы алғаш жойқын бұлқыныс танытуы Мәскеудегі өктемшіл шовинистердің төбесіне жай түсіргендей әсер етті. Өйткені, уысындағы қол бала іспеттес көптеген ел бұдан «үлгі-өнеге» алып, ол өрт қаулай түссе, халдерінің мүшкілденетінінен қауіптенді. Оны олар алдын-ала сезді де, басқыншылық әрекеттерге, фашистік қатыгездік қадамдарға да көз жұма барды.

Әділдіктің салтанат құруын сұраған жалаң қолды бейбіт жандардың тілектеріне құлақ асқысы келмеген озбыр орталық жүйесі жүректері тітіркенбестен мұздай қаруланған әскермен шеруге шыққандарды аяусыз жаншыды, итке талатты, бас-көз жоқ ұрып соқты. Кремльден кесепатты бұйрықтың пәрмені солай құбылтты. Қазақ жастары Алматыда, Талдықорғанда, Ақмолада, Орталық Қазақстанның бірнеше елді мекендерінде тоталитарлық билік жүйесіне қарсы көтеріліп, өкіметке саяси талаптар қойды. Желтоқсан көтерілісі сол кездегі кеңес одағының керегесін шайқалтып, КСРО-дағы ашық демократиялық үрдісінің негізін қалаушы оқиғалардың бірі болды.

Белгілі ән-өлеңінде айтылғандай, «желтоқсан гүлді солдырып, нұрды оңдырып, көңілде мұңды із қалдырып» қана қойған жоқ, сонымен бірге және ең маңыздысы – халқымыздың ең алдымен жас буынның ұлттық санасын оятумен, ұлттық намысын көтеруінде болды. Ол еліміздің тәуелсіздік алуының алғышарттарын дайындауға қызмет етті.

Қатыгездігі мың батпан солақай саясат орын алған соң, жүздеген еркіндік аңсаған ақ ниетті жас азаматтар алаштың арманын асқақтатып, кеудемсоқтықты көксегендерге ойсырата соққы жасады. Мұндай тегеурінді қарсылықтың болуы тиіс емес деп есептейтін кеудесіне нан піскен КОКП төбе шашы тік тұрып, «бұл нағыз Қазақ ұлтшылдығы» деп апыл-ғұпыл баға беріп тастады. Олар үшін, әрине, бұл оп-оңай шаруа. Ал, сонда халық намысын қайда қоймақпыз?

Орталық партия комитетіндегілер Қазақ жастарының Республика алаңына шығуын нашақорлардың, маскүнемдердің әрекеті деп жалпақ жұртқа жария етті. Уақыт өте өздері ұшықтырып, күш қолданғандықтарын бүркемелегісі де келді. Бұл үлкен оқиғаны тентектік әрекетке балауы көрсоқырлық еді. Көп ұзамай шындықтың бет пердесі ашылды. Оған көзі жеткен кеңес одағының тізгінін ұстаған серкелер «қазақ ұлтшылдығы» деген КОКП шығарған қаулының, яғни, Қазақ халқына жабылған жаланың күшін жоюға мәжбүр болғаны белгілі.

Жазықсыз, қиянатпен жоғары оқу орындарынан шығарылған, сотталған сан мыңдаған қыз-жігіттер кейін ресми ақталды. Бірақ, олардың жүректерінде қалған қаяу, сызат-дақ кете қойды ма екен?! Талайы зардабын шегіп, қасіретін тартты. Қаншама өрімдей жасөспірімдер қанаты қайырылса да намысын жерге таптатпай, еңселерін биік ұстады. Бірақ, сырын сыртқа шығармай, шерін тарқата алмай іштен тынды. Заман райы солай болды.

1991-жылы Қазақ елі егемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанды. Шын бағасын иеленбеген желтоқсан көтерілісін жай оқиға деу қиянат екенін дауыстап айтуға мұршамыз келді.

«Шынжырларды балқытып, тәжбен тақты күйрететін күшті нұр – ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті» - деп, Мұстафа Ататүрік айтқандай тәуелсіз егемен ел болдық.

Өсер елдің қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,
Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жаққан алауы.
Өздеріндей өр намысты жас өркені бар елдің

Ешқашанда еңкеюге тиісті емес жалауы! – деп ақын Мұхтар ағамыз жырлағандай, желтоқсанның мұзға жаққан алауы, 1991 жылы 16-желтоқсанда тәуелсіздіктің таңы туды. Бұл күнді тарихи бір сәт десек те болады. Әрине, қарапайым ұғымда. Ал, мұны дүниенің жаратылысымен тарих дөңгелегінің заманалар белесіндегі қасиетімен даралап айтсақ, Қазақстан тарихында бұл күн ешқашанда ұмытылмайтын, бақытты бағасымен халқымыздың есінде мәңгілік сақталып қалары анық.

Тәуелсіздік – халықтың үні, ұлттың тілі мен ділі. Тәуелсіздік – халықтың тойы, елдің тойы. Қалың Қазақ, алты алаш туған күн, мерейтой.

Туған Отанымыз жер жүзілік қауымдастықтың терезесі тең мүшесі ретінде демократиялық өрениетті даму жолына түсті. Үш ғасырға созылған ата-бабамыздың арманының жүзеге асқаны – біз үшін шексіз қуаныш.

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан қилы дүрбелеңдер көп болғаны анық. Әдетте, осындай дүрбелеңдерден, яғни үлкен аумақтарды қамтыған қанқұйлы соғыстардан соң ғана, әлем картасы аталатын ала қағаз бетіне түзетулер түсетін.

Ал жиырмасыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңдерсіз-ақ өзгеріп шыға келді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын жұрттардың бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет өсіп шықты.

Солардың бірі Орталық Еуразия алыбындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар – Қазақстан Республикасы еді. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кең жазира жерінде кіндігі кесілді. Қазақстан – Қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы.

Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды одан әрі көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар – біз, жұмыла еңбек етіп ұрпақтан ұрпаққа жеткізу міндетіміз.

Біздің елдегі халықтар басын біріктіріп, олардың ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін құжатымыз – ол еліміздің Ата Заңы, Конституциямыз. Қаншама рет туы тігіліп, қайта қисайып, қаншама мемлекеттің құрамында болып, мемлекетсіз қалған әрі көне, әрі жас Қазақ халқы қайтадан әлемдік дүбірге қосылып, әлем елдерімен иық тіресіп келеміз. Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды.

Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», – деп атап көрсетуінде үлкен мағына жатыр.

Осы жылдар ішінде елімізде қыруар істер атқарылды. Атап айтсақ, тарихи жеріміздің шекарасы халықаралық шарттарға сай бекітілді. Мемлекеттік рәміздеріміз, Ата заңымыз, ұлттық валютамыз және Сарыарқаның кең жазық даласында барша елдің өзінің тез көркейіп өсуімен таң қалдырып, жаңа Астанамыз дүниеге келді. Әлемдік қауымдастық алдында «Қазақстан Республикасы» деген асқақ рухты ел екенін мойындаттық. Ел экономикасы да жылдан-жылға нығайып, мәдени, рухани даму деңгейі белеске көтеріліп келеді. Өзіне тән барлық институттары бар, әлемдік қауымдастықтың ықпалды мүшесі болып табылатын тәуелсіз мемлекет құрылды. Жыл сайынғы ел Президенттің халыққа арналған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталған.

Тәуелсіздік жо¬лындағы халқымыздың тарт¬қан тауқыметі мен көрген қиын¬дықтары аз болған жоқ. Ата-бабаларымыз сан ғасыр бойы армандаған тәуелсіздігіміздің туы желбірегеніне биыл 25 жыл толуына орай, республикамыздың әр аймақтарының түкпір-түкпірінде қызу дайындық жұмыстары жүргізіліп, ширек ғасырлық мерейтойына дайындалып, түрлі шаралар мен жиындар, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізіліп жатқаны белгілі.

Биылғы жылы біздің де зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханамызда тәуелсіздікке арналған түрлі шаралар өткізіліп келеді. Сондай кештердің бірі, Брайль қарпінде басылып және DAISY стандартында шығарылып, оқырмандарға жол тартқан Н.Ә.Назарбаевтың «Казахстанский путь» кітабының тұсаукесеріне арналған дөңгелек үстел өткізілді.

Кітапханамызға Қазақ соқырлар қоғамының Алматыдағы филиалы (ҚСҚ), «Шырақ» мүгедектігі бар әйелдер қауымдастығы, «Намыс» жоғары білімі бар қоғамдық бірлестігі, фонд «Көмектес» және «Жігер» мүмкіндігі шектеулі жастар ұйымы шақырылды.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай шығарылып отырған тоғыз тараудан тұратын бұл кітап Қазақстанның болашағына арналған. Онда мемлекетіміздің қиын-қыстау замандағы сәттерден бастап Қазақстан елінің жаңаша тарихы жазылған. Әрбір тоғыз тараудан тұратын бөлімде жас тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасу жолындағы белгілі қадамдарды айқындайды. Қазақстан дамуындағы 2030 жылға арналған Стратегия, еліміздің үдерістегі мақұлданған Конститутциясы, мұнай-газ ресурстарын игеру бастамасы, банктік жүйені құрып және ұлттық валютамызды жүрзігу арқылы жарыққа шығару. Жер реформасын жүргізу және жекешелендіру үрдісі жайында бөлек тарауда айқындалып, еліміздің бас қаласы Астанаға көшірілгені туралы айтылып, алғашқы Қазақстандықтың ғарышқа ұшырылуы туралы сөз етіледі.

Кітапта президентіміздің жас тәуелсіз еліне деген қарым-қатынасын жазады. Автордың кейінгі қазақстандықтардың көшбасшы ұрпақтарына үміттене отырып, бұл кітап үстел үстілік кітапқа айналуы тиіс деген ниетпен көрсетеді.

Олай болса, мүмкіндігі шектеулі азаматтар арасында да талқыланып, сарапқа салып отырған бұл кітап, әрбір қазақстандықтарды іргелі істерімен алға тартып, тәуелсіз еліміздің болашағына үлкен үміт арттыратыны хақ.

Н.Назарбаев айтқандай, «…Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін» - деген сөздеріне қосыла отырып, жаңа мыңжылдық табалдырығынан аттап отырған біздер де етек жиып, ес түгендеп алуымызға мұрша бергізді. Алтын уақытымыз тәуелсіз елдік бейбіт күндеріне ғана жұмсалсын деп тілейік. Ең бастысы, жаңа ғасыр мен жаңа мыңжылдыққа егемен ел, тәуелсіз ұлт болып аттадық.

XXI ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ Тағала баянды еткей!

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘҢГІЛІК МАҚТАНЫШЫ

Сүйген елім, көкірегімде мұңым бар,
Бақытқа оны айырбастау мүмкін бе?
Жоқ!
Назар салсам, өткен-кеткен өмірге
Сенен басқа жақыным жоқ бұл күнде.
Б.Момышұлы

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Қаламгер» әдеби қонақжайында «Шуақты күндер», «Бабалар аманаты» кітабының авторы Зейнеп Ахметовамен кездесу кеші өтті.

Мақсаты – қалың оқырман қауымына Алты Алаштың ардақтысы атанған Б.Момышұлының өмірі мен шығармашылық жолын таныстырып, қаламгердің шығармалары арқылы жас ұрпақты сөз асылын түсіне білуге, туған жерін, елін сүюге тәрбиелей отырып, ұлттық асыл құндылықтарымызды бойына сіңіру.

Алғы сөз алған Зейнеп Ахметова Ақтөбе жеріне келіп, оқырман қауымымен қауышқанына шексіз ризашылығын білдіріп, «Шуақты күндер» кітабының мазмұнын баяндады. Сонымен қатар, З.Ахметова оқырмандардың сұрақтарына жауап беріп, ұлттық құндылықтарымыз туралы, атап айтқанда қазақ қызының тәрбиесі, қазақтың салт-дәстүрлеріне байланысты көкейтесті мәселелер жөнінде жастарымызға ой саларлықтай сөз қозғады.

З.Ахметова ұлттық құндықтарымыз туралы: «Қазақ қыздарының ұлттық бас киімдері қандай әдемі болған. Қазақ әйелдері шашына шашбау, шашқап, шолпы, шаштеңге таққан. Мұндай әшекей бұйымдардың әйелдер үшін тәрбиелік мәні зор. Осындай құндылықтарымызды қара орамалдың ішіне тұмшалауымыз дұрыс па?! Қазақ ырымдары шариғатымызға қарсы келмейді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерімізді ұмытпай, жеті шелпек пісіріп, садақа жасап, ата-бабаларымыздың рухына тағзым ету біздің басты парызымыз», - деп жиналған қауымға қазақтың дәстүрлі тәрбиелік үлгі-өнегелері хақында астарлы ойларымен бөлісті.

Кеш жүргізушісі Алпамыс Жалмұхамбетов Б.Момышұлының өсиет сөздерін, әдеби туындыларын оқып, рухани бай болуға шақырды.

Шара барысында абонемент бөлімінің қызметкері А.С.Мұқашева «Қазақтың хас батыры» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізіп, даңқты қолбасшының өмірін, қызмет жолын, соғыста көрсеткен ерліктерін айта келе, жауынгердің 1956 жылы басылған «Бір түннің тарихы» («История одной ночи» және кейіннен жарық көрген кітаптарымен, ондай-ақ, батырдың ұлы Бақытжан Момышұлының және Зейнеп Ахметованың шығармаларымен таныстырды.

Жазушының баспасөз бетінде 1944 жылдың 25 ақпанында жарық көрген мақаласында: «Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа - әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз - сондықтан «өнер алды қызыл тіл» дегендейін, адам баласының байлығында тілден артық не бар», - деп қазақ тілінің құдіреттілігі жөнінде «Ана тілі» газетіне жазған болатын.

«Бауыржанның бақыты – өзін туған халқын кімнен болса да артық сүйетіндігінде. Оның бұл махаббаты айтыла беретін әйтеуір махаббат емес, нәзік, ыстық, талабы мол, танымы нақты махаббат. Ол қазақ халқы ғасырлар бойы жасап, сақтап келген рухани байлықтардың бүгінгі көп ұлтты мемлекетіміздің мәдени қорына үлкен олжа боп қосылғанын әрдайым мақтаныш тұтады.

Жексұрындықтың қандайын болсын Бауыржан тап басып, дәл таниды. Ол екіжүзділік, надандық, арсыздық дегендердің бет пердесін жұлып алып, оларды жұрт алдында масқаралап отыруға әрдайым дайын»,- деп қаламгер Дмитрий Снегин Б.Момышұлының батыл да, қайсар мінезін айқын көрсетті.

Кешке қатысқан зиялы қауым өкілдері осындай өр тұлғалы батырдың келіні деген атақты зор абыроймен көтере білген ардақты ана Зейнеп Ахметоваға шексіз ризашылықтарын, ыстық ықыластарын білдірді.

Шараға Ахметова Зейнеп Әскербекқызы деген жазушымен аттас оқырман қыз арнайы келіп, Зейнеп апасынан бата алды. Сонымен қатар, 91 жастағы қария 1973 жылы Б.Момышұлын «Сарыағаш» шипажайында жолықтырғаны туралы қызықты оқиғаларын айтып, З.Ахметоваға батырдың бейнесі салынған портретін сыйға тартты.

Қорытынды сөз алған кітапхана директоры Н.С.Жұмағұл Б.Момышұлының «Өз қадірін білмеген – ер қадірін білмейді, Ер қадірін білмеген – ел қадірін білмейді», - деген нақыл сөзін әрқашан жадымызда сақтап, батыр тұлғаларымыздың ерліктерінен үлгі алуға шақырып, кештің өтуіне ұйтқы болған құрметті қонаққа алғысын айтты.

«Өмір берсең жайлы ғып бергін. Дәулет берсең сайлы ғып бергін. Еңбегіміз өністі болсын, қамбамыз астыққа толсын. Жомарт болсаң осы айтқандарымның барлығын үйіп-төгіп бір-ақ бер», - деп бата берген Бауыржандай батыр атамыздың ізгі тілегі орындалып, әрдайым айымыз жарық күніміз нұрлы, Тәуелсіздігіміз баянды болғай! Осындай рухты өлеңдерімен, көркем шығармаларымен барша халықты отаншылдыққа, намыстылыққа шақыратын Бауыржан Момышұлының асыл мұрасы халық жадында мәңгілікке сақталып, туған елімен мәңгі жасай бермек.

Ақмарал МҰҚАШЕВА,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері

ӘЛІ КІШКЕНТАЙ, БІРАҚ ҮЛКЕН МУЗЫКАНТТАР...

Алматыдағы А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық Қазақ мамандандырылған музыка мектеп-интернатының сахнасында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың құрметіне арналған салтантты концерт болып өтті.

Бүгінгі жастар үшін маңызды патриоттық мәдени шара алдында тарих пәнінің ұстазы Гүлдәурен Берікқазықызы Елбасының өмір жолы мен қызметі туралы қызғылықты да көрнекі баяндама жасады.

Ал, мерекелік күнге жас өнерпаздар зор дайындықпен келіпті. Негізінен жас дарындарды ел ішінен арнайы сынақ арқылы қабылдап, өнерге баулитын осынау музыка мектебі 1964 жылы шаңырақ көтерген екен. Бүгінгі күндерге дейінгі аралықта музыка мектебінің қабырғасынан ұшып шығып, асқақ өнерлерімен еліне танылған белгілі мәдениет және өнер қайраткерлерінің есімдерін атар болсақ, олар: Бекболат Байсағатов, Бейбіт Дәлденбай, Қайролла Жұмакенов, Ақтоқты Райымқұлова, Мақпал Жүнісова, Дана Нұржігіт, Мұхтар Өтеуов, Ернар Мыңтаев, Бейімбет Демеуов және тағы басқалар.

Ал енді бұл жолғы концертте нәзік саусақтарымен музыкалық аспаптарды сауатты меңгеріп, сазды шығармаларды шеберлікпен орындаған жас музыканттардың өнеріне тыңдарман қауым дән риза болды.

«ҚР үздік оқытушысы» Зәуре Нығметқызы Смақованың шәкірті – сырнайшы Диас Елемес таяуда Чехияның Прага қаласында өткен «Art-Duo» атты конкурста бірінші орынды қанжығалап қайтқан еді. Жас дарынды сөзге тартқанымызда ол: «Болашақта әлем таныған белгілі музыкант болғым келеді», – деп ағынан жарылды. Сондай-ақ, өнер көрсетушілердің ішінде, кеше ғана мәңіліктің сапарына аттанған атақты күйші композитор Қаршыға Ахмедьяровтың «Атырау» атты күйін жарыса орындаған балғын домбырашылар Ерасыл Есбердинов пен Арсен Тұрсынның бүгінгі аяқ алыстары – «ұстаздан шәкірт озар» демекші, белгілі күйші Нүркен Әшіровтың ұстаздық қызметінің жемісі.

Концерт барысында Қазақстандағы қобыз орындаушылық өнерінің негізін қалап кеткен атақты музыкант Фатима Жұмағұлқызы Балғаеваның шәкірті, бұл күндері өзі де тәжірибелі ұстаз Төрехан Кәрібаевтың оқушысы Әсемай Нұраділова шетел композиторларының шығармаларын құйқылжытты. Өз кезектерінде өнер көрсеткен кішкентай пианистер: Марғұлан Асылбек, Аружан Жақсылық және жас әнші Еркежан Мәдениетова көпшіліктің риясыз жылы қошеметіне бөленді. Сонымен А.Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық Қазақ мамандандырылған музыка мектебіндегі ҚР тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты мәдени шара үлкен скрипкашылар ансамблінің орындауындағы белгілі композитор Серік Еркімбековтың «Отаным» атты кең тынысты шығармасымен түйінделді.

Талап ҚАРАШ

КІТАПХАНАДАҒЫ ҒАЖАЙЫП КЕШ

Музейдегі түнді көрген шығарсыз? Ондай ғажайып кітап әлемінде де бер.

Кітапхана төбесіне 25 кітап ілінді. Бұлар – 1991 жылы жарық көрген кітаптар еді, яғни тәуелсіздіктің «құрдастары».

Кітапханаға келгендер алдымен спортзалға кірді. Онда спорт құралдарымен айналысса, балалар бөлмесіне кіргенде қызыл телпек пен қасқырдың ойынына тап болды. Ал, орыс және әлем әдебиеті залына кіргендер әдебиет майталмандарымен танысса, емхана залында арнайы дәрігер мамандар қан қысымын өлшеп, алғашқы көмек көрсетіп отырды.

Бұл - Сағи Жиенбаев атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Кешкі кітапхана әлемі» болатын.

Ұзын залда жарық өшіріліп, әлсіз ғана майшамдар жанып тұрды. Әр есікте бөлме атаулары ілінген.

Ежелгі дәуір бөлмесіне кіргенімізде үңгірде тас қашап, от жағып отырған ежелгі адамдарды көрдік. Онан әрмен түрлі мүсіндерді көріп, олармен суретке түсіп, күлкіге қарық болсақ, ас бөлмесінде аспаз ыстық тамақ пісіріп, қонақтарды қарсы алды. Түрлі ас мәзірі туралы қызықты кітаптар да қойылған. Ал, балгер бөлмесінде көріпкел құмалақ, карта арқылы бал ашып, болжам жасап отырса, салт - дәстүр, жас отау бөлмелері қазақтың ою - өрнектерімен әрленіп, көрік беріп тұрды. Аспаптар бөлмесіне кірген оқырмандар домбыра тартып, сырнаймен ән сала бастағаны сол еді, айқайлап қашқан адамдардың дауыстары естілді. Не болғанын білмекке біз де солай ұмтылдық. Сөйтсек қорқынышты бөлмеден үрейлі дыбыстар шығып, түрлі кейіптегі қорқынышты адамдар шыға бастады. Бұл – кітапхананың бірінші қабатындағы ғажайып сәттер. Ал, екінші қабатқа көтерілген кезімізде қазақ әдебиеті залында әдебиеттің көрнекті өкілдерімен таныстық. Қазақ ақын-жазушыларының кітаптары мен олар тұтынған заттар, киген киімдер, портфель, чемодандар біздің көз алдымызға 1970-80 жылдарды елестетті. Әсемдік салонына кіргендер тырнағын боятып, қас жұлдырып сәнденіп шықса, техникалық залда әр дәуірдің техникалары қойылған. Ең алғашқы өте ауыр фотоаппараттан бастап, кейінгі полороид, лента салатын фотоаппарат, сандық фотоаппараттарды көріп, үлкен роботтың қозғалысын тамашаладық. Астана залына бәйтеректің моделі мен Президенттің алақаны қойылған тұғыр да орналасыпты. Ақтөбе залынан өлкеміздің мақтаныштарын көрсек, шеберхана, дизайнерлік залдан қолөнер өнімдерін таптық. Ал, «СағиBank» бөлмесінде банктік қызметтер көрсетілді. Кешкі кітапханалық саяхаттың соңы «Аспан әлемі» бөлмесімен тәмамдалып, күн мен түн бейнесі, аспан әлемі туралы кітаптарды кезіктірдік.

«Кешкі кітапхана әлемінің» ғажайыбы сол - кітапханашылар түрлі образда ойнап жүр, әр бөлме өз атауына сай безендіріліп, сол тақырыпта әр бөлмеде кітап көрмелері ұйымдастырылған.

Кеш соңында кітапхана директоры Гүлжайнар Қалдинаны сөзге тартқан болатынбыз:

- Әрине, идеяны ойлау бір бөлек, оны жүзеге асыру күрделі мәселе. Мен осы «Кітапхана түнін ұйымдастырайық» деген ойды әріптестеріме айттым. Олар қарсылық білдірген жоқ. Онан кейін қай бөлмені қалай безендіретініміз жөнінде ойластық. Біздің кітапханада қай тақырыпта, қандай салаға қажетті кітаптар болса, соған сай бөлмелерге де атау қойдық. Әр бөлмені өз қиялдарымен сәндеп, оларға сай образдарға енген кітапхана ұжымы үлкен еңбек атқарғанын айтқым келеді. Мұндай шараларға қомақты қаржы бөлінбейді ғой, сондықтан, қажетті заттарды өз үйлерінен әкелгендері де болды. Театрлардан арнайы костюмдер сұрап алдық. Міне, осы ұжымның ауызбіршілігінің арқасында біз ғажайып кеш өткіздік. Мен ойымды қолдаған және бір адамдай жұмылған әріптестеріме ризамын. Енді білім мекемелеріне арнайы хат жолдамақпыз, оқушылар мен студенттерді кітапхананың ғажайып залдарына саяхат жасауға шақырамыз,- дейді кітапхана директоры Гүлжайнар Қалдина.

Мұндай игі шаралар жалғасын таба беруіне біз де тілек білдірдік.

Айдана ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ,
студент

Әдебиет – ардың ісі
Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Мерей
№49-50 (310) 9 желтоқсан 2016 жыл

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ ЖОҚ, АҚИҚАТ БАР...

Жас журналист Динар Камилованың алғашқы кітабы осылай аталады. Көп ағаларымыз: «Өткен күнде белгі бар» деп өзін де, өзгені де жұбатып жүргенде, Динар қыз ақиқатын бір-ақ айтыпты.

Шынында, кітап аты затына сай-ақ. Мұнда өткен он жыл ішінде қазақ мәдениеті мен өнеріне үлес қосып жүрген талай майталманның (санап шықтық, 1 екен) газетке басылған сұхбаттары жинақталып, барлық қызығы пен шыжығы қамтылғандай дерсің. Ашық әңгіме. Еркін сұхбат. Саясатты да жанамалай өтеді, өмірдің біз күнде байқай бермейтін тұстарын ақтарып салады.

Журналистика факультетін бітіріп, қолына дипломын ала сала редакцияның табалдырығын аттағаны кеше ғана еді, бүгінде отбасын құрып, үш баланың анасына айналған Динар қым-қуыт тіршіліктің ара-арасында, өзі айтқандай, баласын ұйықтатқан түн жарымында компьютерін тықылдатып, кітабының да негізін қалай беруді ұмытпапты.

«Иә, бүгінде қолына қалам ұстаған тілші қауымы да баспасөз бетінде жарық көрген салмақты мақалалары мен сүбелі сұхбаттарын кітап етіп шығаруды дәстүрге айналдырып үлгерді. Ең бірінші, талай жылғы еңбектің тасқа басылуы автордың өзіне тиімді, екіншіден оқырман қауым тілшінің жазған-сызғанын жинақ арқылы тани алады», – деп әріптесі Динара Мыңжасарқызы дөп айтқандай, Динардың алғашқы кітабының тұсаукесері де есте қаларлықтай өтті. Себебі, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» демекші, бұл қуанышқа алтын уақыттарын қиып белгілі Халық әртісі, әнші Нұрғали Нүсіпжанов, ұстазы – филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Хамзин, танымал әншілер Гүлнәр Сиқымбаева, Сәкен Қалымов, театр актері Бекжан Тұрыс, баспагер Жарылқасын Дәулет, иллюзианист Ләззат Байтоқанова мен журналистер қауымы қатысты.

Кітаптың тұсауын кесіп тұрған белгілі журналист Бақытгүл Мәкімбай мен мәдениет тақырыбына жүйрік қаламгер Сәкен Сыбанбай тамаша тілектерін айтты.

«Біреуге шындық пен ақиқатты айтқызу оңай шаруа емес. Оның сыртында адамды сұқбатқа көндірудің өзі қиямет-қайым. Динар толарсақтан саз кешіп, етігімен су кешіп дегендей, талай күн сұхбат алсам деген жандардың жолын тосып, тіпті үш күн далада тоңып, талай қиындықты көрді. Құлшынысы ерекше болды. Соның арқасында мақсатына жетті», – деп жас журналистің үлгілі тұстарына тоқталса, Сәкен жауынгер қарындасының кәсіби қырларын паш етті. «Екі тойың қабат болсын» дегендей, бұл салтанатты сәтте Динар мен жұбайы – кітаптың демеушісі Рауан Шарипов екеуі екі қыздан кейін көрген қамшыбасар ұлдары Қуаныштың да тұсауын кестіруді жөн көріпті. Ал ұлттық дәстүр рәсімін Халық әртісі Нұрғали ағамыз атқарып, жас отбасына ақ батасын жаудырды.

Тележурналистиканың семсер қызы Гүлнәр Әбіқайдың, республикалық «Түркістан» газетінің белді тілшісі Динара Мыңжасарқызының, ұлттық спорттың насихатшысы Бағдат Қапбасовтың, және Кенжетай мен Самал Айтбакиевтердің толғамды ойлары көптің көңілінен шықты. Қазақ қоғамының қаймақтары ағынан жарылған бір тамаша басқосу болды десек артық айтқанымыз емес.

Кітаптың алғысөзін жазған журналист Ермұрат Бапи: «Динар Камилова – қызығы мен шыжығы итжығыс түсіп жататын бұл саладағы қызметін редакция газетінен бастаған қайсар қыз. Бұл кітапқа енген сұхбаттар тегістей менің қолымнан өткен. Біразы менің тапсырмаммен, дені Динардың өз бастамасымен жасалған сұхбаттар. Осы жинақтың қолжазбасын ақтарып отырып, Динардың кейіпкерін сөйлету шеберлігіне разы болдым. Негізі сұхбат жанрында журналистің шеберлігі оның сұрақ қоя білу, әңгімелесін сөзге үйіре білу мәнерінен көрінеді. Яғни, сұхбаттың сәтті шығуы – жорналшының сұңғыла сұрағына, тақырыпты меңгерген біліктілігіне байланысты. Динарда осының бәрі бар», – деген екен. Ендеше, қара сөзді қамшы-қаламымен еркінше ойната білетін Ермұрат Бапидың мектебінен өткен жас журналистке толайым табыс қана.



«ШЫҒЫС БАЗАРЫ» – ДУМАНДЫ МЕРЕКЕ

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі мен «Бақыт» сәндік-қолданбалы өнер орталығы дәстүрлі «Шығыс базары» атты Орталық-Азиялық қолөнер көрме-жәрмеңкесін өткізді.

Орталық Азия елдері қолөнершілерінің көрме-жәрмеңкесі жыл сайын Мемлекеттік мереке «Тәуелсіздік күні» мен Жаңа жыл қарсаңында өткізіліп келеді. Халық өнерін жоғары бағалаушылар арасында үлкен сұранысқа ие сәндік-қолданбалы қолөнер көрме-жәрмеңкесін музейде өткізу игі дәстүрге айналған.

Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан және Ресей елдерінен келген майталман қолөнер шеберлері алматылықтар мен қонақтарға өздерінің өз қолдарынан жасаған туындыларды ұсынды. Олар жібек матадан тігілген киімдер, қолдан тоқылған бөкебайлар, ағаштан, металдан ойып жасалған кәдесыйлар мен тұрмыстық заттар, жібек жіптермен тоқылған кестелер, Риштан қыштары, зергерлік әшекей бұйымдар, кілемдер, ұлттық киімдер және тағы да басқа көптеген қолөнер бұйымдары.

Бұл күндері жәрмеңкеге келушілер көңілдеріне ұнаған заттарын сатып алып қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық белгілі суретші Гүлнәр Өмірбекованың жібекке өрнек салу әдіс-тәсілінен өткізетін шеберлік-сабаққа қатысып, сәндік-қолданбалы өнердің аталған түрін меңгерді.

Орталық-Азия қолөнершілерінің көрме-жәрмеңкесі қызықты бағдарламаларға толы: шеберлік-сабақтар, викториналар, танымал шеберлердің сатылымдық тауарларының ұтыс лотореясы ойнатылды.

Көрме-жәрмеңке барлық отбасы мүшелері үшін сәндік-қолданбалы өнер әлеміне ұмытылмас саяхат жасауға мүмкіндік берді. Халық шеберлерінің қолданбалы өнер көрмесі – Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтары үшін қашанда думанды мереке, есте қалар жарқын оқиға!

Сұлушаш АГЕЛЕУОВА

«ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» КӨРМЕСІ

ҚР Мемлекеттік орталық музейінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Ермахан Бегеновтың «ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» атты жеке көрмесі ашылды.

Көрменің салтанатты ашылуында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музей директорының мәдени-білім жұмысы және сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасары Қақабаев Бейбітқали Смағұлұлы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Рашид Нұрекеев, өнертанушы Мария Жұмағұлова, Қазақ Мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясының профессоры, архитектура ғылымдарының докторы Әлім Сәбитов суретші шығармашылығы туралы өз ой-тілек, тебіреністерін ортаға салды.

Қиялы ұшқыр, қарымы кең, монументалыды бейнелеу өнерінің өкілі, суретші Ермахан Бегенов 1946 жылы Түркістан қаласында дүниеге келді. Ол кескіндеме өнеріне есейген шағында қалам тартты. Айқын қолтаңба иесі, талантты суретші өз шығармаларының «этюдті өлшемінен» бастап көлемді, анағұрлым монументалды және ірі шешімдерді шығармаларын дүниеге келтірді. Дарынды қыл қалам иесі Ермахан Бегенов шығармашылығының өзіндік ерекшелігі - өзін халқының поэтикалық мәдениетінің мұрагері ретінде сезініп, мифологиялық бейнелерді көрнекі етіп, ұлттық тұрғыда сипаттап бейнелеуінде. Бегенов өз туындыларында қазақтың кең байтақ жерін, аңызға айналған қастерлі өлкелері мен қасиетті мекендерін аса шабытпен, асқақ рухпен бейнелеген. Соңғы жиырма жыл ішінде суретші Бурабай, Қаратау, Үстірт сынды сегіз көрікті орындарда болып, нәтижесінде туған жердің тарихы мен көркем келбетін суреттейтін бірегей туындылар топтамасын дүниеге әкелді.

Суретшінің 2005 жылғы Арал мен Үстіртке барған сапарында пластикалық және рендік контрастыларға негізделген теңіздің суық-сұр айдыны, жел мен жауын тілімдеген күрең түсті сазды жағалаулары, Маңғыстаудың шошақ шыңдары бейнеленген пейзаждары туды.

Тәуелсіздік жылдарында Е.Бегеновтың 15-тен астам жеке көрмелері болды. Олардың ішінде «Ұлар» галереясы (Алматы қ., 1997ж.), Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі (Алматы қ., 2002; 2008 жж.), Қазақстанның Тұңғыш Президентінің музейі (Астана қ., 2012 ж., ақпан), Тарихи-этнографиялық орталық (Түркістан қ., 2012ж. тамыз) және басқа да мәдениет шаңырақтарында өткен көрмелерін атап өтуге болады.

Шебердің жұмыстары Қазақстан мен шет елдердегі (Германия, Швейцария) қоғамдық және жеке коллекцияларда да сақтаулы.

«Ұлы дала елі» көрмесінде суретшінің 80-нен астам картинасы келушілер назарына ұсынылды. Экспозиция мазмұны автордың еліміздің тарихи жолынан сыр шертетін көрікті, киелі мекендерін терең зерттегендігін көрсетеді. Көрмеге қойылған жұмыстарда автор сонымен бірге, кескіндік-пластикалық пішіндерде еліміздің қасиетті жерлерінің рухани әлемін де нәзік сезімді бояулармен ұтымды көрсеткен.

Көрмеге келушілер автордың «Сарыарқа – шалғын дала», «Қорғалжын көлдері», «Баянауылдың қасиетті әулие тастары», Түркістан сериясынан «Қаратау күнгейі», «Хан тағы», «Мыңжылқы» және «Ақсу-Жабағылы» құздары сынды т.б. жаңа жұмыстарымен танысты. Суретшінің «Абылай хан алаңы», «Балуан Шолақ үңгірі», «Ақ бота», «Оқжетпес» тәріздес 50-ден астам туындысы Бурабайдың көрікті орындарын суреттеуге арналған.

Татьяна КОЗУБ,
Назира КЕНЖЕҒҰЛҚЫЗЫ,
музей қызметкерлері

АЙТЫСТА 9-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ТОП ЖАРДЫ

Батыс Қазақстан облысы, Зеленов аудандық мәдениет үйінде ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты облыстық ақындар айтысы мәреге жетті.

Батыс Қазақстан Облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың қолдауымен республикалық жоғары технологиялық колледж жанындағы «Темір-Бүркіт» жастар қоғамдық бірлестігі (жетекшісі Эльмира Келбетова) ұйымдастырған сөз сайысына барлығы сегіз жас ақын қатысып, бақ сынады.

Тәуелсіздік, елдік пен бірлік арқау болған айтыс барысында, әсіресе, Қаратөбеден келген Мұхит атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Райымбек Өтепов жарқырай көрінді. Алдымен оралдық мұғалім Азамат Базарбаевпен, финалда жаңақалалық Орынбек Меңдіқұлмен сөз сайыстырған Райымбек тапқыр ой, ұтқыр теңеулерімен ерекшеленді. Сөйтіп ол бірінші орынды жеңіп алды. Орынбек Меңдіқұл мен Азамат Базарбаев екінші, оралдық Асланбек Шығыров үшінші жүлдені иеленді.

«Райымбек Өтепов өткен жылы Алматы, Тараз қалаларында өткен республикалық оқушылар айтысында жүлдегер атанды. Енді, міне, жастар арасында топ жарып отыр. Ол – Қаратөбе аудандық балалар шығармашылығы үйі жанындағы «Ақындық әліппесі» үйірмесінің мүшесі. Болашағынан үлкен үміт күтеміз», – деді шәкірті туралы ақын, жоғары санатты қосымша білім беру педагогы Ертай Бимұханов.

Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Директор:
Болат БАТЫР
Bolatbatyr@mail.ru

Бас редактор – Арман МАҚСҰТОВ
Шеф редактор – Гүлжанат ШОНАБАЙ
e-mail:
ushkonyr_gazeti@mail.ru

- Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061-Г куәлігі берілді.
- *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414-Г,10.10.2009 ж.)*
- «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» редакциясының компьютер орталығында жасалып, «Дәуір» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй) басылды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
- Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

Мекен-жайымыз:
040900, Алматы облысы, Қаскелең қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі
Редакция телефондары:
972-75-55,
8701-981-81-22
Таралымы 9000 дана Тапсырыс 310